

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ
ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ**

**М.О. ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР
ИНСТИТУТЫ**

**«ӘУЕЗОВ ҮЙІ» ҒЫЛЫМИ-МӘДЕНИ
ОРТАЛЫҒЫ ЖӘНЕ МУЗЕЙДІ
ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ
ЛӘЙЛӘ ӘУЕЗОВАНЫҢ ТАРИХИ РӨЛІ»**

**XX Әуезов оқулары аясында
Ләйлә Мұхтарқызы Әуезованың
95 жылдығына арналған халықаралық
ғылыми-тәжірибелік
конференция материалдары**

26 қыркүйек 2024 жыл

Алматы

ӘОЖ 821.512.122.0
КБЖ 83.3 (5Қаз)
Ә 81

BR20281009 «Қазіргі әдебиеттану мен өнертанудың өзекті мәселелері» атты іргелі ғылыми зерттеу бағдарламасы аясында әзірленді

Редакциялық алқа:

К.І. Матыжанов (төраға), А.Қ. Қалиева (төрағаның орынбасары),
Д.А. Қонаев (жауапты редактор), Е.Ханкей, С.Мұқатаева,
Ш.М. Әмірбаева (жауапты шығарушы).

Жауапты шығарушы: филология ғылымдарының магистрі
Ш.М. Әмірбаева

Ә 81 «ӘУЕЗОВ ҮЙІ» ҒЫЛЫМИ-МӘДЕНИ ОРТАЛЫҒЫ ЖӘНЕ МУЗЕЙДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ЛӘЙЛӘ ӘУЕЗОВАНЫҢ ТАРИХИ РӨЛІ» ХХ Әуезов оқулары аясында Ләйлә Мұхтарқызы Әуезованың 95 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары – Алматы: «Қазына», 2024. – 226 бет.

ISBN 978-601-230-142-7

Ұсынып отырған жинақта ХХ Әуезов оқулары аясында Ләйлә Мұхтарқызы Әуезованың 95 жылдығына арналған «Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығы және музейді қалыптастырудағы Ләйлә Әуезованың тарихи рөлі» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның (2024 жылы, 26 қыркүйек) материалдары топтастырылды. Шетелдік және қазақстандық мамандар қатысқан конференцияда М.О. Әуезов және көркем мәдениеттің даму үрдістері, оның халық мұрасын жинау, жариялау, зерттеу мәселелері, «Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығы және музейлендірудің өзекті мәселелері, абайтану және әуезовтану салаларындағы жаңа зерттеулер, Л.М. Әуезова және отандық әдебиеттану, Л.М. Әуезованың тарих саласындағы зерттеулері қарастырылды.

Кітап әдебиеттанушы ғалымдар мен оқытушыларға, магистранттар, докторанттар мен студенттерге және жалпы оқырманға арналған.

ӘОЖ 821.512.122.0
КБЖ 83.3 (5Қаз)

ISBN 978-601-230-142-7

© М.О. Әуезов атындағы
Әдебиет және өнер институты, 2024

ҰЛТ ҚОРҒАНЫ

Қанипаш МӘДІБАЕВА

*М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының бас ғылыми қызметкері,
филол.ғ.д, профессор*

Мұхтар Әуезовтің жиырма томдық шығармалар жинағының 1984 жылы жарық көрген 15-томында басылған. «Бектік құлауға айналып, өндіріс капиталы дәуірлей басаған кездің әдебиеті» атты зерттеуде (1933 жылғы «XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті» оқулығында жарияланған – Қ.М.) 1870 жылдар мен 1905 жылдар арасы деп көрсетілген кезең қазақ әдебиетінің даму тарихында елеулі із қалдырды.

XIX ғасырдың екінші жартысындағы шаруашылық, қоғамдық, саяси жағдайлардың Ресейдің қолтығындағы отар елдерге ненде ықпалы болғандығын, оның әдеби мұрадағы таңбасын күні кеше ғана саяси тұтқыннан, түрмеден шыққан Мұхтар Әуезов мейлінше тайсақтамай, сырғақтамай батырып-батырып айтып өткен.

«Бұрын бектің құлы, пұлы болған көп крестьян, жерден кетіп, өндіріс жұмыскері болған соң, өндіріс капиталы дәуірлей бастады. 60-70 жылдар деген кез Ресей өндіріс капиталының тайсақтап, құтыра, құлшына өскен кезі болады.

Сүйтіп тасы өрге домалап, дегені боп келе жатқан өндіріс капиталы қызылы* толып, кемеліне келген сайын аранын аша береді.

Ресей ішінде өз керегіне жарайтын жұмыскер күші, шикі зат құрып, сауда жолын, ішкі майданын түгел бунап, уысына сыйдырып алған соң, енді оңды-солдан, жақын мен алыстан, базар, отар неше алуан шикі зат дегендерді

көкसेп, аңсай бастайды. Сол ретте бұрынғы Ресейдің шалаштары боп тұрған Сібір, Қазақ өлкесі, Түркістан, тіпті арғы Қашқар, қала берсе жақын Қытай-маңғұл өлкесі бәр-бәрінде керегіне жаратпақ, көлеміне тартпақ болады. Осы жақтардың шикі затын, кенін, ен-байлығын ұдайы жемі есебінде үзбей алып тұруды талап етеді. Ол үшін бұрынғы бұл өлкелердегі саяси қоғамдық шаруашылық құрылысты сол қалпында қалдыруға болмайды. Бұлар да жаңағы өндіріс капиталының шарт талабына сәйке келетін тәртіп орнатуға тиіс, Ресей патшалығына шала қарағандай болып, әлі баяғы феодалдық қалпын сақтап келе жатқан өлкелер болса, ерекше ескі құрылыстар болса, енді соларды құлату, күйрету керек» (1, 274-б).

Не құлатылды, қалай күйретілді? Қазірде бұл белгілі тарих болып көрінеді. Жалпы, жаппай жаулаған жойқын капитализмнің ендігі қазақ тұрмысына екпіні тимеген тұсы жоқ. Төбеден төніп тұрған саясаттың зор көлеңкесінен ығысқандай болып, «тапшылдық төңірегінде» бір-екі сөз қыстыра кетіп, Мұхтар Әуезов ел әдебиетінде алабөтен жаңа ағыстар туғызған заман қалін бүге-шігесіне дейін тексеріп, түгін қалдырмай, тауыса сипаттап, саралап кетеді.

Түркістанның осы кезде Ресейге қаратылуы 1869 жылдың уақытша заңы, әкімшілік реформалардағы түппиғыл...

Мұхтар Әуезов, сөзге сыр сіңірудің ащан ұстасы, осында қазақ даласында әлгі түппиғылдарға зор тегеуірінімен көлденең тұрған дін жайын бейтарап қалді баяндағандай болғансып, негізінде айрықша мән беріп, тоқталып өтеді.

«Бұған қайшы келетін, ескілікке тартатын шығыстық қияс, қыңыр қарсылығы бар. Ол – ислам діні. Соның әсерімен алысып, мүмкін болса қазақ өлкесі, қазақ елінен соның да тармағын жазу керек. Бұдан туатын миссионерлік (қазақты христиан дініне шоқындыру сияқты).

Аздап берілетін оқу-білім, орысша тәрбие – түптің түбінде көпшілік көшін осылай бұруға тиіс.

Міне, Ресей тарихының 60-70 жылдарда әкелген жаңалықтары осылар болатын» (1, 275-б).

Отар болып отырған өлкеде осыған орай туындаған жағдайлардың ел әдебиетіндегі соншалықты қапысыз, қанық суретін, зор таңбасын Мұхтар Әуезов «Әдебиет тарихында» (Қызылорда, 1997 жыл), «Зар заман ақындары» бөлімінде жеріне жеткізе айтты.

1933 жылы сәл орағыта, таптың әңгімесін қосақтап отырып, сонда да болса ел басына туған үмітсіздіктің, шарасыздықтың шындығын бүркемей, бұқпай жеткізуге тәуекел жасаған.

«Қоғамдық тұрмыстағы салт-санадағы билеуші үстем таптың күйі, көбінесе, енді осы жаңғырған заманның қалпымен үйлесу, келісу жағына ауысады. Сонымен ортақ тіл таппақ, соның аңғарына қарай жөңкілмек болады. Бұл күнді қостаушының өзі қазақ ішінде бір-ақ түрлі тап емес, әралуан. Соның бір тобы бұрынғы бектік дәуірінде үстемдік алып келген аталы жуан аруақ сүйектері. Енді соның алдыңғы қатары заман тонын киіп, әуеніне басу үшін жаңада айтылған өзгешелік, жаңалықтың бәрін қостау жолына шығады. Әкім болумен қатар, оқып білім алу, сауда қылу, ұлықпен үйлесу, дегеніне елді көндіру, базарды қостау, өндіріс капиталының тәуір тұтынушысы болу талабына қарай басады» (1, 276-б).

Мұхтар Әуезов сол тұстағы ел ішінің, әлеуметтік топтардың, дағдылы салттан заман ырқына бейімделу, көндіру беталыстарына егжей-тегжейлі саралау жасайды. Астары ауыр ақиқаттармен құрсауланған «су түбіне кеттің жұрттың» дүрбелең, дүбілген дүниедегі құлқы, қылығы, шері...

«Әдебиеттегі осы күйдің мысалын Мұрат, Шортанбайдан бір көрсек, Абай, Алтынсарыұлынан тағы

көреміз. Бұлардың кейбірі ескіліктің көлеңкесінде қап, құр соны қимағандықты айтса, екінші біреулер әралуан жолмен үйлесуді, құптауды мақұл көреді (1, 276-б).

Далаға сауданың жайылып орнығуы, «сауып ішер сүті жоқ, мініп көрер күші жоқ» ақша дейтін пұлдың төрге озуы, елдің құтын несие жұтқан саудагер заманның сұм пиғылы, қулық сауған құлқынан секем алған, тіксінген қара жұрт жапатармағай әлекке түсіп, жанталас әрекетке тартылған.

Мұхтар Әуезов жаңа заман көшіне ілеспеске амалы қалмаған қилы әлеуметтік топтардың жандалбасасын зор қоғамтанушылық өреде талқыға тартады.

Осында кейінде көп шу болған, үрей туғызып, еске салуға тыйым салынған мұсылмандық ағартушылықтың фактісін арғы-бергіден меңзеп айтып отырады.

«...Үшіншіден, осы жаңағы соңғының барып иық сүйейтіні – отар елдердің әсересе жақын шығыс капиталшыларының ұстанған тартыс негізі – діншілдік, исламшылдық.

...Бір жағынан «исламшылдық», «түрікшілдік» сияқты тартыс әдісін түсіне бастайды. Сонымен қатар дүние ғылымын оқып, сырт қалпын түзеп, Ресей капиталымен бәсекеге жарау үшін, жаңа оқу жәдитшілдік сияқтыларды да шет жағалап қостай бастайды (1, 277-б).

Әуезов шығыс топырағындағы замана ыңғайында өрістеген ағартушылық, азаттық күрес бағыттары фактісін бар елеулі мәнінде бастау көздерін, орталық тұлғаларын келтіріп отырып, айналымға тартты.

«Міне, осындай таптық алдыңғы қатардағы санашылығы татар-мұсылман ғаламында Шагабуддин Маржани, Қайым Насыри, Ысмағұл Гаспринский сияқтылар болса, қазақта Абай, Алтынсарыұлы сияқтылар да біраз қазақ ерекшеліктерін ала кірген либерел буржуаға айналды» (1, 278-б).

Осы буржуазияның тасасында ұлт ұғымы тұрды. Сақтана, сараң сөйлегендей, ара-тұра «бұра тартып» мін таққандай болып отырып, көкейіндегісін ірікпей, сарқып айтпай қоймайтын Әуезов өнегесі бұнда да сәулеленіп тұр.

«Осымен бұл дәуірдің ақындары, әсіресе Абай жалғыз өз тұсының айнасы ғана емес, өзінің алдындағы бірқатар заманды да сөз қылып, суретке басып, өзі де танып, өзгеге де нық танытып кеткен ақын болады» (1, 279-б).

Сол дәуірдің заман күйін ашқан ақындарының бірі, бірі болғанда да дәл Әуезов атап айтатын Абайдай ірі тұлғаның алдындағы бірегейі – Шортанбай Қанайұлы.

XIX ғасырдың 30 жылдарындағы француз қоғамын әйгілі Балзак жобалаған 100 томдық «Адамзатқа әжуа» циклінің 90 пәленбай романында қалт жібермей бақылап, армансыз ақтарып-төңкеріп, сілкілеп, сіңіріп жазған.

Зерттеушілер дерегіне қарағанда кейінге сақталып жеткен 3000 жолдың о жақ, бұ жағындағы өлең-толғауларында Шортанбай ақын да сол өз заманын, XIX ғасырдың белгілі бір кезеңіндегі қазақ өмірін, берекесі қашқан отар елдің қалпын, ынтымағы ыдыраған ел адамының мінез-құлқын, тұтас тергеп, түгелімен, суретшілдікпен қалыптады.

1933 жылғы оқулыққа енген «Шортанбай шығармалары» атты тараушада Мұхтар Әуезов өзі 1927 жылы зар заман ақындарының айтулы өкілі есебінде тоқталған Шортанбай Қанайұлының әдебиет тархындағы оқшау тұғырын және бір бұлтартпас негіздерінде орнықтырды.

Бір мәнде, 1927 жылғы «Зар заман» атау-ұғымы басқа бағытқа ойысқандай «алдамшы» әсер туғызып отырып, Шортанбайдың алабөтен, ықпалды шығармашылық бағытының айрықшалықтарын таңбалап, бөліп атайды.

«Шортанбай шығармалары XIX ғасырдың 60-70 жылдарында кеп шыққан бір ағынды көрсетеді. Тарихи, қоғамдық жағынан алғанда, бұл түрдегі әдебиет

шығармалары XIX ғасырдың алғашқы жарымында болған үлгілерден басқаша боп, өзгеріп кетеді» (1, 280-б).

Ендігі «басқаша, ерекше сарын» қазақ жеріндегі отарлық езгіге қарсы бір ғасырға жуық жалғасқан ұлт-азаттық көтерілістердің жеңіліс тауып, батырлардан бас кеткен заман күйімен, қазақ жерден тұтас айрылып, «жаңа заңға» бағынған дәуірдің шері, ыза мен намыс буған наразылық сарыны болатын.

Айта жүрер сөз болсын,

Дағдарған сорлы халқыма,

Мың қабат бетім жуылған,

Көзден аққан жасыма, – дейді бір толғауында

Шортанбай ақын.

Бұл жөнде Сәбит Мұқанов:

«Шортанбайдың «көзінен мың қабат жас ағызған» не? Әрине, ол, патша үкіметінің отарлау саясатына қарсы халықтың көтерілісі басылғаннан кейінгі басына түскен ауыртпалық зары.

1783 жылдан басталған қазақ халқының көтерілісі, 1850 жылдары, уақытша мылтық күшімен басылды десек, содан кейінгі жылдардағы халық басына түскен қиыншылықты Шортанбай өзі өлгенше шын ықыласын сала, бойдағы бар ақындық талантын жұмсай, халық қайғысын халықпен бірдей қайғыра, халықпен бірдей жылай өтті. Сол кездегі қазақ тұрмысынан Шортанбайдың жыры шолмаған ешбір сала жоқ» (2, 124-б).

Сәбит Мұқанов Шортанбай жырларына Мұхтар Әуезов пікірімен үндес, «Қазақ әдебиетіндегі жаңа дәуір» деп баға берді.

Шортанбай көпке жайылып бара жатқан құлық, кесапат мінездерді дәл Бальзакша мізбақпай «тіркеуден өткізеді». Ұлтына қорған болар амал таппағанда ауытқып бара жатқан елдік пен кісілікке атам заманнан ізгілік тірегі болып игілік жайған діннен дауа іздейді.

«Сол үстегі халге ырза болмай, алдыңыдан ерте бастан түңіліп, шошып, артына қарай шегіне күңіренгенде, олардың аузынан шыққан сөздің бәрі «зар» боп, мұң, уайым, заман уайымы боп шығады. Уақытындағы көп зардың, көп дерттің бірі боп дін жайы да араласады. Дін әлсірейді деген уайымды шығарып, үй іші тұрмыстың бұрынғы феодалдық, рушылдық заманындағы қалпы өзгеріп бара жатқанын зар етеді» (1, 282-б).

Шортанбай ақынның өз тұсындағы әдебиет бағытын айқындай түсетін «Тар заман», «Бала зар», «Опасыз жалған», «Осынша азды ел неден», «Байды құдай атқаны» сынды толғаулары аумағында шығармашылық даралық сипаттарына зер салған Әуезов, Шортанбайдағы дін жайын түгесіп, түп-төркінен тарқатып өтеді.

Іргелі елдің, елдіктің ежелгі исламдық иланымына, мұсылмандық ұстанымдарына қауіп төнген...

Мұхтар Әуезов шетжағалатып отырып ХІХ ғасырдағы Ресей патша үкіметі тарабынан жүргізілген миссионерлік мүддеге қарсылық – мақсатты түрде кең жайылған мұсылмандық ағарушылықтың мән-жайын ілгерілете түгендеп, тауыса талқылайды.

Көпшілікке ұғымдылық, даралық айрықшалығы бұрынғы Бұхар жыраумен салыстырғанда «көзге ұрып» тұрған Шортанбай туындыларының түптірегі дін екендігін, бұлай болуының себебін Әуезов құбылысты тұтас танып-меңзеген көреген, сезімтал білгірлікпен айтты.

«Қазақ әдебиетінде дін сарынын алғаш бастайтын ақын осы Шортанбай болса, бұл өзі мұсылманшылықты исламның дін кітаптарынан алған адам болады. Ең алғаш жазып жырлаған, оқыған ақын да осы болуға ылайық. Бірақ соның кітап жолындағы ұстазы, үлгісі: Орта Азия мен иран, араб сопылары.

Орта Азия топырағында ХІІ-ХІІІ ғасырларда жарыққа шығып кейінге көп ғасырларға желісін тартып келген «тас

жауып» сарыны қазақ әдебиетінде Шортанбайды өз мұриті қып алған сияқты. Әрине бұның себебі құр ғана еліктеу емес. Бір кезде «сопылық» ақындығын туғызып өрістетіп келген Орта Азиядағы шаруашылық, қоғамдық, тарихи жағдай – Шортанбай тұсында қазақ топырағында да, өзіне лайықты жағдай тапқан болу керек» (1, 283-б).

Шортанбайдың «зар-замандарының» көп үлгі, көп сарыны, көп құбыжық белгілері Қожа Ахмет Иассаuidің «Дивани қикметіне» ұқсайтынына зер салуында Әуезовтің ненің жайын да түгендеп, айғақтап, көп жұмбақтан сыр аңдатып отыратын айтқыштығы дін тарихына жетіктігімен де айрықшаланады.

XII ғасырдың 30-40 жылдарындағы, Қарахан мемлекеті ыдырағаннан кейінгі Мауараннахрдағы тарихи жағдай тұрғысында екі жақты езгіде қалған халық тұрмысына, Иассауи жасаған дәуірге меңзеп сөйлейді» (3, 23-б). Шортанбайдың әдебиет тарихындағы озық шығармашылық бағытын ілгеріде зар заманның жайында кең шолып қараған Әуезов 1933 жылы да айтқанынан қайтпағанын, қайтпайтынын, қайта алмайтынын «сездіріп» алады. Шортанбай ақындығының реалистік, әлеуметтік беталысын дін күйімен қабыстырмай сөйлемеуі – мәселе осынданы меңзеу.

1959 жылғы әдеби мұра тағдыры тағы бір талқыға түскен айтулы конференцияда Шортанбайға ғана тиесілі болғандай бұлтартпай телініп, шошына түскен болып басым айтылған дін әңгімесі осы, 1933 жылғы оқулықтағы ұстанымдарға қарайлап айтылған, ішінде «бүкпесі» бар сыр екендігі анық. Терістеп отырып, сөзге ілік етіп, қайткенде қалтырмаудың қайласын қамдау. Ел жоғын жоқтаушының бұлтағы, бұрылысы қаптаған саяси ойындарға сай, дабыра жасамай, үнсіз ұғынысқан күйі.

Діннің бар «пәлесін» Шортанбайға ысырып тастау бір қарағанда асыл өзегі – исламдық құндылықтарға байланған

әдеби ұлы мұра – ұлт қорғанының түп мүддесінде топалаң, тобыр заманның аузын алу.

Шортанбай ақын дінге қатысты осы «жаланы», жапаны тұтас көтеріп алуға, «құрбандыққа шалынуға» қақылы да, лайықты да болатын.

Қазаққа, XIX ғасырда дін жолында да зор қауіп төнгенде Шортанбай исламның орнығу, таралу тарихында аты қалған озық дін қайраткерлерінің күрес өнегесінде қызу қуатпен рухани майданға түсті. Хақтың жолын, Алла сүйіп жаратқан Адамның мәртебесін толғады. Қорғады.

XIX ғасырдың өмір фактісінде, тарихи жағдайында дін жолындағы күрестің озық өнегесін қалыптастырды. Мұсылмандық ағартушылықтың ұзақ, арналы тарихындағы белгілі бір дәуірдің озат, тегеурінді өкілі мәнінде жасап, танылды.

Мұхтар Әуезов Шортанбай толғауларындағы замана орайындағы түбегейлі беталыс, тастүйін дін сөзін үгіт ету айрықшалықтарын ақынның көпке ұғынықты тілмен сөйлеу мақсұтымен айқындайды. «Көптің» ұғынықты тілі – ғасырлар көшіндегі рухани қорғаны, мұсылманшылықтың игіліктерін сіңірген тілі.

Шортанбайтануда, жалпы қазақ әдебиетінің тарихындағы негізгі бағытында ислам өркениеті, ислам дінінің орнығу, таралу жолдары, соның ішінде Орта Азияға, Қазақстанға келуі туралы ислам тарихын зерттеуде нендей деректер бар деген мәселе – өзекті.

Әдебиеттің әу бастан Алланың барлығын, бірлігін дәріптеуден бағыт алғандығы тұрғысында әлемдік озық әдеби үрдістердің бар құнары, бар артықшылығы дін ізгілігімен астасып кеткендігі, соның ішінде қазақ сөз өнерінің ұлы мазмұнында сала-сала зерттеулерге сұранып тұрған құбылыс, құпиялар жеткілікті.

Құдайдан беземіз деген кеңестік жүйенің көлеңкесінде Құдайын «ұмытуға» мәжбүр етілген бір озық, сормандай

дарынның жеке бас құжатындағы «дінсіз» («неверующий») атты мәлімдеме көп жайға меңзейді. Сол «дінсіздіктің» зауалына ұшырағандар көп...

Бальзак «Шегірен былғарыда» меңзеген құдірет, Достоевский, Толстой, Булгаков «Ақ гвардияда» Турбиннің аяқ асты сауығып кетуімен астастырған тылсым күш, Шығыс қиссалары, қазақ эпостары, ертегілері, қазақтың ілгеріден, беріде ХҮІІІ-ХІХ ғасырлардан аты жеткен ақын-жырауларының сөз мұрасындағы асыл өзек... Дін.

Сүйінбайдың ұстазы, ХҮІІІ ғасырда жасаған Қабан ақынның, «он сегіз мың ғаламды өлеңменен толғаған» (Бақтыбай) Қабан жыраудың шығармалары әдебиет тарихының тандаулы үлгілері басылып келе жатқан «Үш ғасыр жырлайды», «Бес ғасыр жырлайды», «Жеті ғасыр жырлайды» антологияларына, басқа да кәделі хрестоматиялық жинақтарға енгізілмеген.

Қабан ақын шығармалары – өміршең мазмұны, озық поэтикалық құнары мәнінде кім-кімнің де айтқыштық, ақындығымен иық теңестіріп тұрған үздік үлгілер. Ендеше Қабан жырау неліктен «қағаберіс» қалып келеді?

Біздіңше, ақын туындыларының басым бағыты исламды, имандылықты дәріптеу, дін мазмұнында түзілген ғибрат өлеңдер болғандығы оны әдебиет тарихында жалпы даңқымен ғана атап өтіп, арнайы қарастырудан «қақпайлап» отырған.

Әдеби мұрадағы мығым исламдық арқаулар кейінгі заман зерттеулерінде көп жағдайда көлегейленіп, көптің назарына шығарылып, аталып айтылып отырмауының түп себептері белгілі. Сүйінбай ақынның бір толғауындағы «Жаратқан Алла» сөзінің «Жаратқан Ана» болып өзгертілгендігі сияқты, дін дегенде алыстан айналып өтіп, қашқалақтай беруіміздің салдарынан Қабан ақын сынды ондаған озық шығармашылық тұлғалардың сөз мұрасы ғылыми айналымға өз деңгейінде тартылмай келді.

Әдебиет тарихының білгірі, адамзат өркениетінің айтулы бағыттарын айрықша таныммен зерделейтін ғұлама Мұхтар Әуезов 1933 жылғы әдебиет оқулығында басылған «Шортанбай Қанайұлы» тараушасында «Дін сарынын алғаш бастайтын Шортанбай» демеуі керек болса да солай орағытып, «бұра тартқандай» болып отырып ұлт әдебиетіндегі елеулі, маңызды бағыттарды тастай таныммен таңбалайды.

Әдеби мұрадағы дін негіздері, экзегетикалық дәстүр тұрғысында жекелеген арнайы зерттеу еңбектер қазірде қарасын көбейтіп отыр.

Халықтың өзін өзі сақтау иммунитеті, рухани қорғаны болып, сандаған ғасырлар көңілін көншітіп, жанын сақтаған әдеби мұраның арқа тірегі дін болғандығы тұрғысында қазақ әдебиеті тарихындағы дін желілері арғы замандардан күні кешеге, тіпті күні бүгінге шейін нендей көркемдік негіз қалыптағандығы тұрғысында кешенді, толымды зерттеулердің де қарасы көріне бастады.

Қазақ жағдайында бірнеше ғасыр бойы негізінен ауызша таралып, ауызша сақталған әдебиеттің бір пәрменді күші дін үгіті, кісілік дағдыларын сіңіру өнегесі, жан сақтау, жан байыту жан дамытудағы имандылық негіздері, Хақ жолын, хадис тағылымын дәріптеу бағытында өрістеген ба-сым сипаттарында болды.

«Бәрің-дағы тыңдаңдар» атты жалпыға арнау, өсиет толғауында Қабан жырау аузындағы сөзіне абай бол деп, ғайбат сөйлеуден тыйылуды уағыздайды.

Бірлік кеткен жерден береке қашатындығын ескертуінде де туыспен араздық ырысты азайтатыны тұрғысында айтылатын Құран сөзімен байланған уәжі айқын.

*«Ауыз бірлік бар жерде
Жететұғын мұрат бар.
Ауыз бірлік жоқ жерде*

*Қиянатты қият бар.
Ұяттың иман қабы дер,
Имандыда ұят бар».*

Бір ғасыр ма, бір жарым ғасыр ма өткенде Шортанбай да «Иман – жанның жарығы» дейді.

«Тумақ – сүннәт, өлім анық, өлімнен қырық жыл қашқан Қорқытты да Алла жанын алып тыныш қылған, өлмей тұрып баршаңыз ғибрат қыл» – дейді жырау.

Қабан ақынның айтыстарына Мұхтар Әуезов атағы кең жайылған ақындар қатарында баға берген. Олардың басым ақындық жанры айтыс өлең болғандығын атап айтқан.

Қабан ақыннан сақталып жеткен айтыстың бірі Тұмарша деген жас келіншекпен айтысы екен. Бірі – Таутан қызбен айтысы. Бұлар сол XVIII ғасырдан жеткен ақындық айтыстың бірден-бір үлгілері болса керек. Таутан қызбен айтыс – дін жұмбағы айтысы. Әдебиет тарихын зерттеушілер деректерінде XVIII ғасырдан жеткен дін жұмбағы айтысы аталмайтын, әрі жұмбақ айтыс, оның ішінде дін жұмбағы XIX ғасырдың еншісінде танылып келген.

«Қабан мен Таутан қыздың айтысы» дін жұмбағына құрылған. Таутан өзінен жасы көп үлкен Қабаннан шарифат жайын сұрайды.

Қабылиса:

Жолы бар шарифаттың пара-пара,

Тілімді жаңылдырма Хақ тағала, – деп сөз бастайды.

Алла Тағаладан аспаннан түскен төрт кітап, Ғайса пайғамбардың дүниеге келу баяны, қырық парыз, әрі қарай сол замандағы тұрмыс заттары, одан әрі бес уақыт намаз, Мұхаммед (с.ғ.с.) оның немерелері Хасен, Хұсайын, аспан көк, он екі ай, отыз күн, отыз пара Құран, шайтан, нәпсі жұмбақталып, шешімі айтылады. Қабылиса жұмбақтың барлығын шешкен.

Шортанбайтануда оң да, теріс те аталып отыратын «діншілдік» тұрғысында кенде қалған тұстар басым.

Темірхан Тебегенұлы ақынның жаңа бір мектептің басы болғанын айтқаны бар. Бұл жерде зар заман ағымы мәнінде емес, сөз Шортанбайдың мұсылмандық ағартушылықтың ықпалды өкілі болғандығы меңзелген.

«Иман – жанның жарығы», – дейді Шортанбай ақын. Екінші бірі тәуекел ете алмайтын тоқтам.

Шортанбайдың діншілдігінде (М. Әуезов) ислам тарихы контекстінде нақтылы мәселелермен «шүкшия» қарайтын тұстар бар...

Шортанбай шығармаларындағы нақтылық, суреттілік, образдылық, бұзылмайтын, бұлжымайтын тарихи шежіре іспетті деректілік шортанбайтанудағы мол, қанық зерттеулерде аталып отырды.

Арқадан дәурен кеткен соң,

Қуғындап орыс жеткен соң...

Кене Ханның дүркіреп өтке дәурені.

Кеше арбамен отын сатып жүрген жатжұрттық енді «Ағашты тауға үй салып», Қарқаралыда алшаңдайды...

Ақын толғауларындағы қоныстан үдере көшу қайғысы, атамекен шері, әдеби мұрадағы ежелгі сарын бағытында жоталана түседі.

Шортанбай жырындағы не жақсы, не жаманның жайы – жалпы ел мінезі тұтас алынған деген пікірлермен қалың тіршілік суреттері қағаберісте қалып жүрді.

Шариғатта әйел адамның әдебіне қатысты айтылатын тоқтам, тыйымдарды Шортанбай ақын жаны шырылдап көлденең тосады. Ұрпақтың харам тууынан, зина қылудан, ұлтының ұятын бұзудан сақтандырады.

Қазақтың, әсіре сауықшылдық, сайранпаздығын «бетімен кетуге бастайтын теріс ықпалы бар» деп Шортанбай жақтырмайды.

Қыз, жігітте әдеп жоқ,

Үшбу күнде халықтың

*Домбыра болар шерткені.
Зина болар қылғаны
Деген екен бұрынғы...*

Тұтас бір дәуірдің өмір дағдысын, әлеуметтік күйін, геосаяси қасіретіне Шортанбай түгел қамтып, ашынып ұдайы ауытқымай жырлады.

*Алдыңызда Қоқан бар,
Орыстан жаман тым-ақ жау.*

«Қазаққа атар таң бар ма?», «Қазақтың ұлы қамалды» деп қажыды. «Шындық кетті қазақтан» деп шамырқанды.

Ақынның әр өлеңі – оқиға. Әр өлеңі – әрекет, қимыл. Әр өлеңі – образ. Сурет. Билік деп жанығып, бірін-бірі аңдып жағаласқан, шағым жазып жүгіріскен, тыным таппай дүбілген қауым. «Шолақ иттей діңкілдеп, бір-біріне жетем деп аласұрады».

Ақын толғаулары сюжетке құрылып отырады. «Алдаушы жалған» бұзылған, жасы бар, үлкені бар, шіл боғындай тозған» жұрттың толық бейнесі.

«Бала зары» толғауында Алла берген ғұмырды адал сүрудің парыздары баса айтылады. Иман, тәуба, зекет, момын, сараңдық, харам, құдірет, сабыр, намаз, ғайбат айтпау, «құдайдан қорыққан мұсылман – қарауыл қояр сөзіне», қасиет, ғаділдік, мейірім, мінезге бағым аталып отырады.

Жақсы жар тауып үй болу, ақ жаулықпен көркейер өмір – жұртына атар бір өнеге сөзі.

Дін, шариғат жөнімен насихат айту – ақынның кісілік парызы. Меке жүзін көрмегендігін бірнеше мәрте өкініш етеді. Өлер алдындағы арыздасу сөзінде қазақтың көп жақсысын атайды. Құнанбайға Мекені талап қылсын дейді.

Шортанбай өз толғауларында дәстүрлі, дайын қолданыстарға, жаттаған сөзді қосып жіберуге епті емес. «Алланың берген ақ дәмі», «Өлгеніңше дін сақта», «Арқаның алпыс тарау бойын өрлеп» сынды өз айтқыштығы басым.

Шортанбай туындыларында заманында болған жайларды дөп, дәл айту, тарихтың ізін тастап кетіп сөйлеу ақын-жыршыға міндет болып саналатын авторлық ауызша әдебиет дәстүріне берік. Ештеңені қалдырмайды.

«Ақжолтай Ағыбай батыр», «Қаракесек» дастандарында төселген жазба әдебиеттің нақыштары басым. Баяндауға сурет қосып, әрекет қосып, әсерін күшейтіп отырады. Ағыбай батыр туралы дастанда ақындықта шеберлік бәйгесіндей орныққан аттың сынын («шапқанда құс секілді көрінеді») жырлаудағы өнер бәсекесінде шын жүйріктің бірі болғандығы танылады.

Шортанбай Қанайұлы шығармалары – игілігі мол рухани мұра. Ортаймас сөз қазынасы. Әдебиет тарихындағы елеулі белес.

Әдебиеттер:

1. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. 15-том. – Алматы, «Жазушы», 1984. – 328 б.
2. Мұқанов С. Қазақтың ХҮІІІ-ХІХ ғасырдағы әдебиетінің тарихынан очерктер, 2-басылуы. – Алматы: «Арыс», 2002. – 272 б.
3. Ахметбек А. Қожа Ахмет Иассауи: көмекші оқу құралы. – Алматы, «Санат», 1998. – 112 б.

ТАРИХИ ТҰЛҒАЛАРЫМЫЗДЫҢ ЕҢБЕГІ ЕЛЕНСЕ ДЕЙМІЗ

Гүлзия ШРӘЛІ

*М.О. Әуезов атындағы
Әдебиет және өнер институты
«Әуезов үйі» ҒМО-ның
бас ғылыми қызметкері,
филол.ғ.д., профессор*

28 қыркүйек – ұлы суреткер Мұхтар Әуезовтің туған күні. М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты «Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығында жыл сайын аталып өтетін дәстүрлі «Әуезов оқулары» биылғы жылы жазушының қызы, көрнекті ғалым, тарихшы, әдебиетші, қоғам қайраткері, «Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығының негізін салушы Ләйла Мұхтарқызы Әуезованың 95 жылдық мерей тойына орайластырылып өткізілмекші.

Адамзат өркениетінің ең керемет жетістігі болып табылатын мұражайлар тарихы - ғылыми дерек ретіндегі ескерткіштерді, өнер туындыларын, мәдени-тарихи құндылықтарды, сақтап, жинақтап, танымдық қызмет атқарады. Жазушы мұражайындағы комплектациялау, музей құндылықтарын жүйелі зерттеу ұлттық сана-сезімімізді оятуға ықпал етіп, тарихи сананы қалыптастырары сөзсіз.

1961 жылы 27 маусымда Мұхтар Омарханұлы Әуезов мезгілсіз қайтыс болып, сол жылы 10 тамызда Қазақ ССР Министрлер Советі «М.О.Әуезовті мәңгі есте қалдыру туралы» (№550) қаулысымен 1963 жылдың 28 қарашасында М.О.Әуезовтің әдеби-мемориалдық музей-үйінің (мұражайы) ашылуы ұлттық руханиятымыздағы заңды әрі табиғи құбылыс еді. Алматының орталығындағы

Мұқан Төлебаев атындағы көшеде орналасқан екі қабаттан тұратын Мұхтар Әуезовтің соңғы (1951-1961) он жылы өткен бұл үйдің музей болып қалыптасуына зор үлес қосқан суреткердің қызы Ләйла Мұхтарқызы Әуезова болатын. 1963-1993 жылдар аралығында, яғни 30 жыл бойы әдеби-мемориалдық мұражайын басқарған Л.М.Әуезова шын мәніндегі әке аманаты мен перзенттік парызын адал орындаған үлкен парасат иесі.

Көрнекті ғалым, қайраткер Ләйла Мұхтарқызының ұзақ жылғы жанкешті еңбегінің нәтижесінде ұлттық ғылымның, білімнің, әдебиет пен мәдениеттің қалыптасуына, рухани құндылықтарымыздың адамзаттық өркениетке жетуіне орасан зор үлес қосқан М.Әуезовтің мемориалдық музей үйі бүгінде, сөз жоқ, қазақ халқының қасиетті шаңырағы, қазақ әдебиетінің киелі ордасы бола білді.

Әдеби тұлғаларға арналған мемориалдық музейдің жеке өнер иесіне қатысты тарихи, ғылыми, әдеби, т.б деректерді сақтап, жинақтап, жүйелеп, ғылыми-танымдық қызмет атқаратын мекеме екендігін ескерсек, М.Әуезовтің мемориалдық музей үйі тек қазақ халқы үшін ғана емес, әлем әдебиеті мен мәдениеті саласындағы рухани құндылықтарды танытуда, оларды ғылыми тұрғыда зерттеп, оның нәтижелерін насихаттауда, осы негізде сан ұрпаққа патриоттық тәлім-тәрбие беруде маңызды рөл атқарғаны ақиқат.

Ләйла Мұхтарқызы тек қана мұрағаттанушы ғана болған жоқ, ол Қазақстандағы мемориалдық музей тарихындағы ірі құбылыс болды. Ол қазақ руханиятындағы жеке шығармашылық тұлға, оның өзінде әлемге танымал Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің мұражайының іргесін қалаушы, сол арқылы бүкіл ұлт тарихындағы мемориалдық музейдің озық үлгісін жасап, соны қалыптастырып, дамытқан республикамыздағы бірден-бір маман, кәсіби

тарихшы, мұрағаттанушы. Ләйла Мұхтарқызы негізін қалап, іргесін бекіткен, асыл қорын байытқан М.Әуезов мұражайынан соң жеке шығармашылық тұлғаларға арналған мұражайлар көптеп қолға алына бастады. Сол бас-тамалардың көшбасында Ләйла Мұхтарқызы тұрды. Осы күнге дейін елімізде тап Мұхтар Әуезовтің мұражайындай жеке әрі қазынасы мен архивтік қоры мол мұражайлар сирек. Сондықтан да мұрағаттанушы, тарихшы, әдебиеттанушы қазақтың қайраткер қыздарының ішіндегі сирек кездесетін тұлға Ләйла Мұхтарқызының ұлтқа, қазақтың қара сөзіне жасаған қыруар қызметі мен ерен еңбегі ерекше.

Көрнекті суреткер, ғұлама ғалым, даңқты ойшыл Мұхтар Әуезовтің қызы, тарихи тұлға, атақты қоғам және мемлекет қайраткері, ұзақ жылдар ел басқарған Дінмұхамед Қонаевтың келіні, Академия президенті Асқар Қонаевтың жұбайы бола тұра жан-жағынан қадалған сыншыл көздердің садағынан тайсалмай, сыпсың сөздеріне қалмай, атақты адамдардың бірде-бірінің абыройына дақ түсірмей ең жоғары деңгейде, асқан жауапкершілікпен, биік парасат пайыммен мәдениетті түрде өз міндетін ешкіммен есептеспей үздік үлгі көрсеткен Ләйла Мұхтарқызы осыншама ауыртпалықты қалай алып шықты деген сауал сол кезде де, бүгінде қойылары заңды. Ләйла Мұхтарқызы туралы жазылған нарратологиялық мәтіндер, «Асыл қызы халқының» атты естеліктер кітабындағы, одан өзге де ел арасында, әріптестер мен сол кездегі ұлт зиялыларының салиқалы сөздеріндегі, мерзімді баспасөздердегі әр жылдары жазылған мақала, сұхбат, зерттеулердегі жүрекжарды лебіздер, ақ пейілмен ақтарылған ақжарма тілектер ақиқат ауылынан аластатпай талай тарихи деректерді алға тартады. Осы еңбектерді саралай келе түйеріміз Ләйла Мұхтарқызы өзінің өмір жолында табиғатына тән тектілік пен ақсүйектік адалдығын, бекзаттық болмысын, ұяда

көрген ұлылық ұлағатын ұмытпай ғұмырына ғибрат ете білгендігін, өмірлік ұстанымынан еш айнытпаған ішкі рухани тірегін, тіршілік пен тұрмыстағы түрлі түйткілдерге де дер кезінде тойтарыс беріп, тағдырдың қандай сыны мен сыйынан да сүрінбей өткендігін танимыз. Танимыз да қазақтың осындай ойлы қызының, әке ғана емес ұлты мен елінің аманатына адал қасиетін қадір тұтып, тағзым етеміз. Сол бас айналдырар атақтардың әзәзіл айласынан өзін аулақ ұстап, бақ пен дәулеттің даңқты дәуренінде де өзінің ішкі «Менін» жоғалтып алмай өнегелі өмір сүрген апамыздың тұлғасы сондықтан да болар күн сайын биіктеп, келесі ұрпаққа үлгі болары сөзсіз.

30 жыл бойы осы мұражайдың меңгерушісі, жетекші маманы болған Ләйла Мұхтарқызының мемориалдық музейде сақталған әрбір ұсақ заттардың, үйдің тарихынан бастап ұлы суреткер араласқан тарихи тұлғалардың, шығармашылық адамдарының тағдырын, оларға қатысты құнды жәдігерлердің, оқиғалардың, шежірелеріне дейін қанық болғаны соншалық оның әрбір экскурсия жүргізген кездері керемет естеліктер мен қызықты оқиғаларға толы болыпты. Мұхтар Әуезовтің тағдырында тиесілі орны бар тұлғалардың қай-қайсысы болса да осы мұражайға келген кездері тарихи оқиғалар, әдемі әңгімелер, есте қалған естеліктер айтылатын аңызға бергісіз керемет көңіл-күй көріністері екен. Ордалы ойдың ортасы, зерделі зерттеушінің зертханасы, көкірегі ояу келешектің сан қайтара айналып келер кемеңгерліктің киелі мекеніне айналған мұражай әлемнің сан түкпірінен қазақты танығысы келген әрбір жанға есігі ашық болды. Онда отыз жыл бойы ұлы жазушының перзенті, қазақтың қайраткер қызы Ләйла Мұхтарқызы аяғынан тік тұрып ұлт руханиятына қызмет етті. Ләйла Мұхтарқызы өмірінің соңына дейін ұлт әдебиетіне, оның көрнекті тұлғаларына, Мұхтар Әуезовтің

шығармашылығына қатысты қандай да бір мәселе, сауал, әдеби, ғылыми, мәдени диалогтарға даяр маман ретінде өнертанушыларға, кинофотографистерге, әдебиетшілерге, журналистерге, тарихшыларға т.б түрлі тақырыптарда еркін сұхбаттар жүргізді әрі кеңесші бола білді. Ол кісі басшылық жасаған жылдары мұражайларға келушілердің саны есепсіз болуының сыры да ұлының ұрпағы Ләйла Мұхтарқызының әке тағдырына қатысты құнды деректерді өз аузынан естігілері келгендіктен де болар. Мұражай үйінің әр затының, экспонатының тарихынан таратылып айтылатын тағлымды дәрістер бүгінгі мұхтартанудың ең маңызды беттері, құнды жәдігерлері. Бүгінде ұлттық руханиятымыздағы ең бай да құнды қолжазбаларымен даңқты жазушы мұражайының жеткен жетістігі, жинаған мол мұрасы сол Л.М.Әуезова басшылық жасаған (1963-1993жж.) жылдар аралығы деп батыл айтуға болады.

Ләйла Мұхтарқызының 70 жылдық мерей тойына орай 30 кісінің естелігі жарияланған «Асыл қызы халқының / Л.М.Әуезова туралы естеліктер мен зерттеулер. Құрастырған С.М.Майлыбаева, А.Қ.Қуанышбаев. – Алматы, 2000.-500 бет) атты естелік кітапты 95 жылдығы қарсаңында қайта қараудың сәті түсті. Нарратологиялық мәтіндердің қай-қайсысын оқысаңыз да Ләйла Мұхтарқызының керемет кісілік қасиетін, адамгершілігін, парсатты пайымын, бекзаттық болмысын танып, тәнті боласыз. Естеліктің тұлғатанудағы атқаратын қызметі қыруар. Кейіпкердің қандай тұлға болғанын, оның ой-парасатын, жан дүниесінің тазалығын, жалпы кісілік келбетін толық танытатын да осы жанр. Бұл естеліктердің бір ерекшелігі шығармашылығы, зерттеу еңбектерінен гөрі адами адамгершілік қасиеттері, мұрағаттану мен тұлғатанудағы қоғамдық, қайраткерлік істері, ізгілік істері бірінші орынға қойылған. Пендешілікпен кезінде үш бірдей тарихи тұлғаның қадір тұтар кісісі

болғандықтан шығар деген дүдәмал ойлар да туындауы мүмкін. Алайда естелік авторларының шын жүректен шыққан шынайы сезімдері, ақ жүрекпен ақтарылған ар мен ақиқаттан аттамайтын адал да таза тілектері еріксіз мойындатады. Мәжбүрліктен мақала жазып, жасанды жақсылықтар жамап жатқан жанды да байқамайсыз. Бәрі де жүректен шығып жүрекке жетіп жатады. Қайда да қайтарымысыз жақсылықтың иегері болған жан екендігіне көзіңіз жете түседі. Мұндағы 30 естеліктің бәрі Ләйла Мұхтарқызының Әйел-Ана, Ғалым-зерттеуші, тарихшы-әдебиетші мұрағаттанушы ретіндегі қайраткерлік істерін, оның тұлғалық қасиеттерін дәріптейді. Алайда бір мақала көлемінде олардағы әдеби, ғылыми мағлұматтарға тоқталу мүмкін емес. Жоғарыда сол тарихи деректерге сүйене отырып, жалпы ақпарат бердік деп ойлаймыз.

Бүгінгідей мерей той үстінде көңілге кірбің ұялататын бір жәйт біздің тарихи тұлғаларымызды, ұлт зиялыларын тек осындай науқаншылық шарасында ғана еске алатынымыз өкінішті. Қазақ руханиятында Мұхтар Әуезов сынды сирек кездесетін шығармашылық тұлғамыздың қара шаңырағын киелі ұлттық сөз өнерінің өркениетті де киелі ордасына айналдырып, соншалықты мол мұраны мұқияттап, бай қор жинап, ғылыми тұрғыдан жүйелеп, келешекке аманат еткен Ләйла Мұхтарқызының мұрағаттанушы, мұхтартанушы, тарихшы ретіндегі ғылыми құнды еңбектері әлі күнге дейін жеке-дара зерттелініп, ғылыми айналымға ене қойған жоқ. Сондай-ақ, осы мұражайдың негізін қалап, іргесін бекіту жолындағы жанкешті еңбегі де мұрағаттанушы мамандар тарапынан талдана қоймапты. Көрнекті ғалым, қоғам қайраткері, тарих ғылымының докторы, әдебиетші, Ш.Уәлиханов атындағы сыйлықтың иегері Ләйла Мұхтарқызының ғылыми мұралары бүгінгі заманның рухани қажеттілігіне сай сарабал пікірді, сараптама талдауды

бүгінгі ғалымдардан күтіп жатқаны да күмәнсіз. Ол үшін М.О.Әуезов мұражайында кезінде халқымыздың атақты үш бірдей тарихи тұлғасының тасасында қалып, еленбей қалған Л.М.Әуезованың шығармашылығын зерттейтін арнаулы топ құрса да артық болмас еді.

Әрине, бұл келешектің еншісінде, алайда ұлтқа қызмет етудің ерен үлгісін танытқан тұлғаларымызды ұмытпағанымыз абзал.

ТҮЛҒАДАН ТАҒЫЛЫМ

*(«Шолпан» журналындағы әдебиет мәселелері және
Мағжан Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмасы)*

Қанипаш МӘДІБАЕВА

*М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер
институтының бас ғылыми қызметкері,
филол.ғ.д, профессор*

Ташкентте 1922 жылдың қыркүйек айынан бастап шығып, аз ғана уақыттың ішінде ұлт тарихында мәнді еңбек жасаған «Шолпан» журналының 2, 3 санында Мұхтар Әуезовтің «Қазақтағы қалам қайраткерлеріне» атты ашық хаты жарияланады.

Мұхтар Әуезов ХХ ғасыр басындағы саяси-рухани ахуал шындығында ой қозғап отырып, баспасөз бен көркем әдебиеттің тәрбиелік мәніне арнайы мән беріп сөйлейді.

«Әдебиеттің бір сүйенетін дiңгегі газет-журнал екенiн, бұл күнде жұрттың бәрі де ұққан. Даусыз хақиқат екеніне бәріміз де мойындаймыз. Газет-журнал жалпы әдебиетпен қосылған жерде елдің қисығын түзейтiн, тез-терісiн көрсететiн айна, ойы менен көңiлiн бiлiм жарығына қарай айдайтын, айдаушы екенiн де тегiс ұғамыз.

Бiрақ, қазақтың баспасөзi шыға бастағанына бiрталай заман болса да, дәл әлгi айтылған тәрбиешiнiң мiндетiн атқарып, елдің бетiмен рухын өзi ұғып, өзiнiң бетiмен рухын елге үнемі ұғымды қылып, түзу жолмен аумай жүрiп отырған, газет-журнал көп болды деп айта алмаймыз. Бұл сынды көтеретiн толымды жалғыз газет «Қазақ» едi. Оның өмiрi ұзын болған жоқ. Одан кейiнгi шыққан газет-журнал болса, көбiнесе бiр қалыпта тұра алған жоқ. Не басындағы адам ауысады, көбiнiң өмiрi тiптi болымсыз, қысқа болады. Сонымен, тәуiр сөздiң қадiрiн ұғып, құлағын түрiп

қалған қазақ бәрінен де қана жұта алмай, әдебиеттің тәуір бұйымдарын көкसेп отыр» [1, 70 б.].

Мұхтар Әуезов бұл ойларды ХХ ғасырдың 20 жылдарындағы аласапыран заманда жазып отыр. Әуезовке дәл осы тұста көптеп шығып жатқан басылымдардың бағыты ұнамайтынын айқын жеткізген бұл ашық хат, бір мәнде, сол тұстағы баспасөздің бағыты қандай болуы керектігін қозғауымен ғана емес, ұлтым деп егілген үлкен жүректің кеңестік саясатқа іші бұрмай тұрғанын, қазақ үшін ұранды, ұғынықсыз саясат сөзінен де гөрі ел әдебиетімен тамырласып жатқан көркем сөздің көбірек қажет екенін аңлатады. Мұхтар Әуезов соңғы бір-екі жыл ішінде баспасөз күшейе түсті, бірақ қалың қазақтың тілегіне келгенде сапасыз сөз көп деп, тоқ етерін айтады.

«Өте көп, өте қиын жаңа сөздер сөйленіп жатыр. Солардың әдебиет арқылы бірде-бірі, қазақтың миына кеп, рухына сіңді ме? Сіңген жоқ. Себебі, бұл сөздер суықтық қылып отыр. Елдің қышулы жерін тауып, өзінің керек боларлық орнын білмегендіктен, оқушыны таба алмай отыр.

Сондықтан, біздің осы күнгі баспасөзімізден арзан сөз жоқ» [1, 70 б.].

Мұхтар Әуезов елді сөз қадірін білмейтін надан деп сөгу орынсыз, әрбір жазушы өзіне лайықты оқушы табуы керек дейді. Әдебиет, жазушы ел нені көксейді, неге қызығады, қандай рухта жазу дегенді ескеріп отыруға, соған лайықтап сөз жазуға тиіс екендігін ескертеді.

Сол дәуірдің байқалып отырған бір құбылысы – қаладағысы бар, даладағысы бар ел таза әдебиеттің бұйымдарына ынтығып отыр.

Әуезов қазақтың ежелден сөз қадірін білген, жақсы сөзге, жағымды сөзге жуық халық екендігін ескергенде, шығып жатқан газеттер бос өсек-аян, мақтангөйлік дүниелерді тыюға тиіс, олай болмағанда әдебиет бөлімі бар

журналдар ел тілегіне сай таза әдебиет ауданындағы сөз жазсын, жас жазушыларға осы міндеттелсін деген талап қояды.

Мұхтар Әуезов қазақ әдебиетінің ендігі дәуірдің өмір айнасы болып қалыптасуы үшін де көп мәселенің міндетті екенін айтуымен сол кезеңдегі әдеби даму, оның жан-жақты жанрлық түзілісі туралы да нақтылы көркемдік талаптарды күн тәртібіне қойған.

«Шолпан» журналы ауқымды рухани шараны, әдеби дамудың бағыттарын қалыптастыру жолындағы тарихи міндетті қысқа уақыт қана шығып тұрғандығына қарамастан, мейлінше нақтылы мәнде жүзеге асыру ісінде озық үлгіге жол ашты.

Мұхтар Әуезов Басқарма атынан жазылған аталған ашық хатында: «Шолпанның бетінде, осы айтылған сөздерді іске асырамыз ба? деген үмітпен басқарма, журналдың ілім һәм әдебиет бөлімдеріне лайықты мақалаларды жіберіп тұруын қазақ жазушыларынан сұрайды», - деп, «Шолпанның» зор міндетке тәуекел жасағанын, бұл бағытты ойластырылған үлкен жұмыс тұрғанын құлаққағыс етіп еді, «Шолпан» бір жылға жуық шығып тұрған уақытында қазақ әдебиетінің XX ғасырдағы даму өрісіне негіз салған елеулі-елеулі көркем туындылардың жазылып, елмен қауышына ұйытқы болды.

Журнал бетінде халық әдебиеті үлгілері, әдебиет тарихы мәселелерін қозғаған зерттеу-мақалалар, Шәкәрім Құдайбердіұлының «Ләйлі-Мәжнүн» дастаны, Мұхтар Әуезовтің «Қыр суреттері», «Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі (тарихи-әдеби сын)», «Оқыған азамат», «Сыбанның моласында», Текшенің бауырында», «Заман еркесі» (роман) (аяқталмаған – *Қ.М.*), Мағжан Жұмабаевтың «Қорқыт», «Батыр Баян», «Шолпанның күнәсі», Сәкен Сейфуллиннің «Азия», тағы да басқа қаламгерлердің шығармалары жарық көрді.

«Шолпанның» бастамашылдығымен жазба әдебиет жанрларының қалыптасып, даму бағытында тарихи еңбек жасалды.

Әдебиет қандай болуы керек дейтін мәселені қаузап отыруда, көркемдік таным, талғам түзуде әдебиет тарихын саралаған, қазақ әдебиетінің дамуындағы жаңа тарихи кезеңнің ерекшеліктерін ескере отырып ой-тоқтамдар айтқан Мұхтар Әуезовтің пайымдауларының елеулі мәні болды.

Мұхтар Әуезов қазақ сөз өнерінің асыл мол үлгілері бола тұра, жазба әдебиеттің бағыты анықтала қоймағандығы тұрғысында «Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі» (тарихи-әдеби сын) мақаласында қадау-қадау ой айтады.

Алдымен, ауызша әдебиеттегі жазба әдебиетке бергісіз көркемдік келісім, кестелі қисындарға тоқталып өтуді тарихи парыз тұтқанын көреміз.

«Сөзінен туатын мағынасы, ішіндегі қайратты рухы, сыртындағы кестесі мен келісімі, өзін еріксіз елеткендей болады. «Біз ескі әдебиетімізді сүйеміз, сүюіміз дәлелсіз емес. Құрметтейміз... Құрметіміз өзсіз емес. Себебі: әдебиетімізде өзге көп жұрттың ауызша әдебиетінде жоқ нәрселер табылып отыр. Ауызша әдебиет, бір заманда тәртіпті жазба әдебиеттің қызметін атқарғандығы білініп отыр. Сол міндетін оқығандықтан ауызша әдебиет өз өрісін кеңейтіп әкеткенін көріп отырмыз. Сол ескі сөздің ішінде ескі қазақ өмірінің әрбір дәуірі, әрбір мезгілі және әрбір жеке-жеке суреттері де айтылған. Мұның үстіне, жазба әдебиетте классикалық шығармаларда кездесетін үлгілі мінездер, типтер ел ішіндегі айрықша таптардың өзгеше психологиясы да дәл айтылған жерлер бар» [1, 140].

Мұхтар Әуезов халық әдебиеті үлгілеріндегі әдеби типтер, дене қайратынан жан қайратын жоғары қойған батырлар, әдебиеттің ұлттық сипаты, шебер баяндаулар мен суреттеулер туралы тебірене, толқып отырып ой төккен.

Қазақ поэзиясының қамтымаған өмір суреті, дүние құбылысы жоқ дейді автор. Сөздің ел бірлігін ұстаудағы қуат күші, ой қозғаушы, бастамашыл маңызы, жалпақ жұртты ұйытқан сыйқыр-сыры, сөз қадірін білген хан мен қара бітімі, қазақ рухына анық сіңген ақындық мінез туралы толғанады.

«Шолпан» журналының қазақ қайраткерлері айрықша мән берген әдеби істі ілгерілетудегі жойқын еңбегінің бағдарламасы сынды осы бір тарихи әдеби сын аталған саралауда өткен тарихтың ақиқатын айтып отырған сөз өнеріндегі әдеби дәстүр мәселесі де сол ХХ ғасыр басындағы қалыптасқан келе жатқан қазақ әдебиеттану ғылымының іргелі, мығым жайларының бірі болғанын аңғарамыз.

«Ол замандағы қазақтың өміріндегі кез келген қиын асу, тар кезеңде жорыққа аттанып, жасанған жаудың қарсысына бару болса, Абылайдың үлкен соғысының біріне бара жатып Керей ханы Бектің өзіне берген батасы мынау:

«Құрулы мылтық» жолықтыр,

Құрсаулы жауға жолықтыр.

Ел сасқандай,

Етек басқандай...

Абылайдың сарт көтін ашқандай көлге жолықтыр» деген.

Бұл асау қанды батыр, тайғақ кешу, тар жолды еліне еңбек сіңіруді қиял қылған елшіл аламан сөзі» [1, 142].

Әдебиеттегі іргелі дәстүрлердің жаңа дәуір поэзиясында ілгері озу үлгісін әдеби үдеріске батыл енгізген бірегей туынды – Мағжан Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмасы.

Қазақ поэзиясының тарихи қажеттіліктен өрістеген айтуы басым дәуірлері болды.

Мағжан Жұмабайұлы – замандастарын елең еткізіп, жаңашылдықтың үлгісін оздырған ірі ақын.

Мағжан ХХ ғасыр басында қазақ өлеңіне дүние құбылыстарының барлығын асқан шеберлікпен, батыл

ақындық алыммен алып келген суреткер. Ол жылаған жер, жердің тас жүрегін жібiтердей қайғылы хал, еркелеген көл, ойға шомған тау, шулаған орман образын қоса отырып, тарихи шындық, елдік пен ерлік дәстүрі, батырлар бейнесі, Баян батырдың басынан өткен күрделі, шиеленісті өмір ахуалы, еліне деген сезімі жеке бас пендешіліктен биік тұрған қалмақ қызы Толқыншаш, аңғал да албырт Ноян боямасыз шынайы, суретпен өрілген «Батыр Баян» поэмасын осы «Шолпан» журналының бетінде жариялап, халқына табыстады.

«Батыр Баян» – әлемдік деңгейдегі озық поэзиялық туынды. Поэма жанрының қазақ әдебиетінде өзіне шейін тумаған озық үлгісі.

Мағжан бұл шығармасында ақындық өрісінің аумағын тұтас ашқандай. Мағжанның ақындық тілінде қазақ өлең сөзінде бұрын-соңды ұшыраспайтын айшықтар алабөтен мол болып келіп отыратындығы белгілі. Осы поэмада да сұлулық төгілген, тосыннан табылған айшықты сұңғыла сөз сәт сайын көз арбап, көңілге күй қосады. Жалт қаратқандай тапқыр тіркестер жүрек тұсаулайды.

Шығармада батырлар елінің, ел басқарған хан Абылайдың, Баян сынды жеке тұлғаның, туған жердің тау, тас, бұйра сыпсың қарағай орманның, кісі күйін айтқызбай сезінетін дала желінің өмір ақиқатымен астасып кеткен жанды, жансыз бейнелері сомдалған.

Ә дегенде, дәстүрлі жырлар сарынымен баяулау баяндалып басталған поэма ширыққан сезім арпалысына, жау қайтарған батырлық әрекет-қимылға толы.

Кезекті жорық алдында біртүрлі ой буған Абылай Баян батырды іздейді, күтеді.

«Жау» десе жатпайтын Баян жоқ. Ақын Мағжан ұрыс сәттерін, батыр болмысын дәстүр жаңғырта, батырлық эпостағы суға батпайтын, отқа күймейтін ерен, ерекше

күш иесі етіп бейнелеу тәсілдерінен нақтылы тұлғаның даралық сипатын дарытып, мейлінше нанымды, әсерлі, шыншыл суреттер жасайды. Баянды Мағжанның, ә дегенде, таныстыруы Абылай ханның бағасымен басталады. Баян батырды енді ақынның өзі «іздей» бастайды. Баян батыр бейнесі осы тұста тұлғаланып, көтеріліп, басқаға да таныла түседі.

*Жас Баян жауды талай көрмеп пе еді,
Сорғалап сұңқардайын төнбеп пе еді,
Майданда жолбарыстай жалғыз ойнап,
Сан қолға аш бөрідей кірмеп пе еді?!
Жебесі көбе бұзып, жүректі үзбей,
Найзасын, сірә, шалғай сермеп пе еді?
Бірін айт, бәрін айт та, басқа батыр
Баяндай «алашым!» - деп еңіреп пе еді?*

Қалмақтың қайсар қызы Толқыншаш бейнесі – ерекше нанымды. Толқыншаштың бойындағы отансүйгіштік қасиетін «сұм сұлу» деп отырғанымен, әсершіл, сұлулыққа ынтық Мағжан, өмірге ғашық Мағжан жас махаббатты сезім үшін асып-төгіп, мөлдірете жырлайды. «Жұлдыздай еркелеген сөнбей-жанбай» Толқыншаш аруға Баян ғашық. Оған Ноян да ғашық.

*Жастықта жалынданып сүйген қандай?
Баладай өксіп жылап, күйген қандай!
Көрмесең жан-жарыңды өлгендей боп,
Қайғырып көлден кебін киген қандай!
Кеудеңе жан кірмей ме көзің шалса,
Өмірің жаңа ағарып атқан таңдай.
Кеудеңді қасиетті сәуле кернеп,
Жүрегің сол минутта жарылғандай.
Не дерсің салпаңқұлақ есектерге
Өгіздей өмір сүрген күймей-жанбай!*

Ноян мен қалмақ қыздың қашып кеткенін естіген сәттегі Баянның күйін ішкі ширығу, адам сезімінің ақылды

жалп етіп сөнген шамдай өшіріп кете беретін ашулы сәті ғажап бір серпінмен, жарқ еткен сәттің екпінді, жылдам қуатымен соншалық табиғи көрінісімен көкейге қонақтайды.

Шебер, тәсілшіл Жолдыөзектің тарихына сәл шегініс жасап, әлі болмаған оқиғаны алдын ала хабарлап, Шалды қапаға түсіріп қояды.

Өмір қасіретін тарихтың қойнауынан алып шығып, Баян батырдың ішкі дүние арпалысын сұңғыла зердемен қадағалаған ақын күйікке күйген батырдың шарасыз халін «әшкерелеуде» әдеби шығармада оңай тізгіндетпейтін психологиялық шытырманға алып барады.

Баян батыр ойда жоқта болған сұмдықты Алаш үшін істедім дегісі келеді. Бірақ Ақиқат айғайлап, шындықты қорғап шырылдап, батырды Ар сотымен азаптап, тынатын емес.

*Дарига, жұбанамын, жел ойменен,
Тартпадым сұм садақты бұл ойменен.
Тандырған мені есімнен гашықтық қой,
Бір тынбай сұр жыландай жаным жеген.*

«Батыр Баян» – есте жоқ ерте күндердің поэзия нұрымен жан иіріп, тірілген тарихи бітімі. Шындық шежіресі.

Поэмада оқиға желісі, құрылымдық жүйе, образдар жоғары, сыршылдық пернелері жан-күйін жеткізу алабөтен ақындық қуатпен шешім тапқан.

Қазақ сөзін Мағжан ақын жалт-жұлт сәнімен, құбылып ойнаған нұр шуағымен, ой бұзған от қуатымен бұзбай, бүлдірмей ұқсатып жұмсайды.

Поэмада ақынның ғұмыр кешіп отырған дәуірінің суық сұлбасы сезіліп тұрады. Мағжан заманның бұзылған райынан қауіп етеді.

«Батыр Баянды» Мағжан Жұмабайұлы елдік пен ерлік, ерте күннің баянды тіршілігі, келешек заманға илана алмаған сарсаң бір күй тыншу бермей жазғаны анық.

«XX ғасырдағы қазақ әдебиеті» (1932) еңбегінде Батыр Баянға баға берген Сәбит Мұқанов шығарманың көркемдігі туралы мейлінше әділ сөз айтқан еді.

«Батыр Баянның» тілін алғанда, сөз жоқ, сырты өте көркем. Жайшылықта тілге шебер Мағжан, бар тіл әдемілігін Батыр Баянға құйған. Тілі әдемілігінің үстіне, ақын осы оқиғаны шын ынтасымен (переживание) жазғандықтан жан сезімінің көріністері (психологическое переживание) поэмада айтып отырған ішкі құбылысын былай қоя тұрып, сыртын, тақырыптық (тема) өркендеу желісін алғанда, поэма, сөз жоқ, қазақ әдебиетінен ірі орын алады» [2, 220].

Бастамашыл мәні елеулі «Шолпан» журналы «Батыр Баянның» қазақ әдебиеті тарихындағы баянды ғұмырының да басында болды.

Әдебиеттер:

1. Шолпан. Алматы: «Ан Арыс» баспасы, 2010. – 440 бет.
2. Мұқанов Сәбит. XX ғасырдағы қазақ әдебиеті. – Алматы: Атамұра, 2008. – 384 бет.

МУСТАҚИЛЛИК ДАВРИ ЎЗБЕК РОМАНЛАРИ ТЎҒРИСИДА АЙРИМ МУЛОҲАЗАЛАР

Баҳодир КАРИМОВ,

*Алишер Навоий номидаги Тошкент давлат
ўзбек тили ва адабиёти университети
профессори, филол.ф.д.*

Ўзбек адабиётига роман жанрининг кириб келганига роппа-роса бир аср - юз йил бўлди. Дунё адабиёт-шунослигидаги барча назарий мезонларга мос келадиган биринчи ўзбек романи «Ўткан кунлар» ёзилганига 100 йил тўлди. Бу роман ўз вақтида жуда кўплаб ёзувчилар ижодига таъсир кўрсатди. Жуда кўплаб ёзувчилар Абдулла Қодирийнинг бу романига юксак баҳо берди. Жумладан, дунёга машҳур «Абай» романи муаллифи, улкан қозоқ адиби Мухтор Авезовнинг: «Абдулла Қодирий – Жулқунбой юксак романлар яратди. Унинг романлари 20-йилларда гўё текис саҳрода тўсатдан Помир тоғлари вужудга келгандай пайдо бўлди. Қодирий асарларини Қурмонғози ёки Чайковский куйларини тинглагандай дам олиб, мириқиб, гашт қилиб ўқийсан киши... Унинг тили равон, ширали, мусиқий, менимча, ҳамма Ўрта Осиё халқларига ҳам таржимонсиз тушунарли», деган жуда муҳим гапни биз кўп эсга оламиз.

Ўзбек адабиётида, туркий халқлар адабиётида роман ўз ўрнини топди. Зеро, миллий адабиётни баҳолашда кўп ҳолларда романга диққат қаратилади. Ўзбек адабиётида ҳозирга қадар 500 дан ортиқ роман бор. Мустақиллик йилларида ёзилган романлар сони ҳам юзтадан оз эмас.

Бирок бу ўринда бу романларнинг ҳаммаси хусусида ҳам батафсил сўз айтишнинг имкони йўқ, албатта.

Мен улардан айримлари, хусусан, қон-қардошларимиз - бошқа туркий халқлар учун ҳам муҳим бўлганлари тўғрисида айрим мулоҳазаларни айтиб ўтмоқчиман.

Аслида роман жанрининг имкониятлари жуда катта, бадий тафаккурнинг барча хусусиятлари бу жанр табиати ва тўқимасига акс этиши мумкин. Ҳар бир миллат адабиётида майдонга келган роман, қайсидир маънода, ўша миллат адабиётининг бадий тафаккури табиатини намоён қилади. Роман умуммаънода ўтган аср, ижтимоий турмуш ва инсоният юзига тугилган кўзгу вазифасини ўтайди. Кўзгу вазифасини ўтаган асарларда йироқ-яқин тарих, жаҳон уруши заҳмлари ва ундан қолган асоратлар, жамият ҳаётидаги ўзгариш ва туб бурилишлар қайсидир шаклда ўз бадий ифодасини топиши мумкин.

XX аср охирига келиб зулм ва тенгсизлик асосига қурилган, ғайримиллий мустабид тузумнинг илдизидан емирила борган улкан биноси қулади.

Ўзбекистон Республикасининг мустақил бўлиши барча ижодкорлар, жумладан, романнавислар учун янгидан-янги илҳом эшикларини очди. Айрим ижодкорлар шўро тузуми йилларида ёзган асарларига қайта назар ташлади, миллий истиқлол ғоялари нуқтаи назаридан айрим асарлар таҳрирдан ўтди. Янги замонда ўзбек ёзувчилари шўролар даврида «қалтис» саналган, таъқиқлаб четга суриб қўйилган мавзуларга жасорат билан қўл урди. Эпик турнинг роман жанри муайян даражада ўз тарихига, тажриба майдонига эга, албатта. Шу маънода бугунги насримизда давр кишилари маънавий қиёфасини, ички руҳий-психологик кечинмаларини тасвирлаган асарлар ва, айниқса, тарихий мавзуларда ёзилган романлар кўпчиликни ташкил этади. Хусусан, Одил Ёкубовнинг «Адолат манзили», «Осий банда», Пиримқул Қодировнинг «Она лочин видоси», Шукруллонинг «Тирик руҳлар», Муроджон Мансурнинг «Жудолик диёри», Эркин Самандарнинг «Тангри қудуғи», «Султон Жалолоддин», Ўткир Ҳошимовнинг «Тушда кечган умрлар», Тоғай Муроднинг «Отамдан қолган далалар»,

Хуршид Дўстмуҳаммаднинг «Бозор», Хайриддин Султоннинг «Бобурийнома», Наби Жалолиддин «Умар Хайём», Лукмон Бўрихоннинг «Жазирамадаги одамлар», «Имом Мотуридий», Исажон Султоннинг «Алишер Навоий», «Билга Ҳокон», «Бу Райҳон Беруний», Иқбол Мирзонинг «Бону», улуғбек Ҳамдамнинг «Мувозанат», Жавлон Жовлиевнинг «Кўркма» каби романлари адабиётшунос олимлар томонидан яхши баҳоланди.

Миллий тарихни бадиий талқин қилиш жиҳатидан мустақиллик даври адабиётида ижобий ўзгариш ва илгари силжиш бўлди. Тўғри, XX аср ўзбек романларида Абу Али ибн Сино, Абу Райҳон Беруний, Мирзо Улуғбек, Умар Хайём, Алишер Навоий, Заҳириддин Муҳаммад Бобур, Огаҳий, Чўлпон каби тарихий шахсларнинг бадиий образи ўзбек насрида пайдо бўлди.

Истиклол йиллари романнвислари жаҳон адабиётидан ўрганишди. Хусусан, Аҳмад Аъзамнинг «Рўё ёхуд Гулистонга сафар», Х.Дўстмуҳаммаднинг «Донишманд Сизиф», Назар Эшонқулнинг «Гўр ўғли ёхуд ҳаёт суви», Исажон Султоннинг «Боқий дарбадар», Тўхтамурод Рустамнинг «Капалаклар ўйини» каби романларида шу таъсир сезилади, албатта. Бу типдаги романларда кўпинча исмсиз рамзий образлар етакчилик қилади. Гоҳида бундай романларда воқеалари кечадиган макон ва замон – хронотоп умумий мазмун касб этади. Кишан ёки тош каби унсурларга ёзувчилар маълум бир рамзий-ижтимоий маънони юклайди.

Назар Эшонқул ўзининг «Гўр ўғли ёхуд ҳаёт суви» – рамзий-метафорик роман. Аниқ бир замон ва маконга бўйсундирилган эмас. Асардаги ҳодисалар хронотопик жиҳатдан мавҳумликда содир бўлади. «Гўрўғли» да адолатсиз жамиятда инсон кадри «ҳеч ким» эканини кўрсатилади. Романдаги Н. образининг фожеавий тақдири Ф.Кафканинг «Жараён» романи қахрамонидаги айбсиз айбдор бўлган

Йозеф К. тақдирига қайсидир жиҳатдан ўхшаб кетади. Дарҳақиқат, мустабид тузум даврида инсон хўрланди, ҳақоратланди, эрки бўғилди; фикрли одам таҳқирланди, тухматларга дучор қилинди; ўз аждодларига, ўзлигига, ўз ҳис-туйғулари ва индивидуал “мен”ига қарши бориш йўл-йўриқлари усталик билан ишлаб чиқилди. Н.Эшонқул бадий талқинича, бундай жамиятда яшаган инсоннинг тугал исми ҳам бўлмайди, бундай одамнинг миллати, ватани, эл-юрти ҳам маълум эмас. Чинакам роман ижтимоий жамият юзига тутилган кўзгу саналади.

Шу ўринда Ўзбекистон халқ ёзувчиси Исажон Султоннинг «Алишер Навоий» номли янги романига алоҳида тўхталиш лозим. Роман композицияси ҳазрат Алишер Навоийнинг «Ҳазойин ул-маоний» девони ички структурасига мос «Ғаройиб ус-сиғар», «Наводир уш-ша-боб», «Бадоеъ ул-васат», «Фавоид ул-кибор» деб аталган тўрт қисмдан иборат. Алишернинг болалиги, ёшлик йиллари, ўрта ёшда кўрган-кечирганлари ва, айниқса, кексалик палласидаги фойдалар романда батафсил баён қилинади.

Улуғ шоирнинг кўнгил оламига ошно тутинган ва инсон қалбининг бадий манзараларини намойишга бел боғлаган Исажон Султон ўз асарини ора-орада «Золимлар гўё салтанат меваси ичига тушган қурт қаби эдилар», «Дунё ҳаёти бир фитнадир, уни тарк этганларгина саодатга эришганлар», «Тангри таоло баҳорни қишнинг табиби қилиб юборди» сингари ҳаётий тажрибаларидан майдонга келган ҳикматлар билан зийнатлайди.

Романда асрий чинордек Алишер Навоий сиймоси олис мозийдан яқин келиб, кўзга яққол ташланиб турибди. Шунинг ўзи кифоя. Ўзбек адабиёти Алишер Навоий билан кўркам ва бой. Адабиёт Навоийсиз рангсиз тусга кириб, Маворауннаҳр бўшаб қолади. Ҳазрат сиймосига ижод аҳлининг доимий мурожаатининг битта сабаби ҳам шунда.

Ўзбекистон халқ шоири Иқбол Мирзо ўзининг «Бону» романида янгича шаклий-услубий йўлдан борди. «Бону» романида янги даврдаги бир инсоннинг бахти ва бахтсизлиги кўрсатилади. Романнинг бош қахрамони Бону исмли муаллима қиз – тиниқ образ. Одамнинг кўзи олдида аниқ намоён бўлади у. Бу қизнинг Олмос деган йигит билан ораларидаги муҳаббати, ўзаро муносабати, уларни боғлаб турган туйғу, уларнинг яқинлашуви ва узоқлашуви – булар жуда табиий ва романга хос йўсинда берилади. Бону билан Олмос муҳаббати, гарчи висоли бўлмаса ҳам, улардаги изтироблар, Олмос маънавиятининг тубанлиги, Бонунинг юксаклиги ишонарли кўрсатилади. Асардаги яна бир жуфтли – Икромиддин билан Шоиранинг оилавий сюжет чизиғи ҳам ибратли ва фожеали.

Романдаги Бону образи устига юкланган ижтимоий юк бор. Унинг ҳақгўйлиги, орияти, тўғрилиги, адолатсизликка чидай олмаслик каби баланд инсоний фазилатлари жуда яхши очиб берилган. Асар тилида келадиған «Ошиқ кўнгилнинг гумони ишончидан баландроқ келади», «Омадинг бир чўчиса, бахт хуркиб қочар экан...», «Нўноқ дўхтир зирапчани суғуриш ўрнига бармоқни кесиб қўяқолади», «Ҳақиқатталаб одамда дўст бўлмайди», «Сабр – ожизнинг қуввати, кучлининг зийнати...», «Отасизнинг оти оқсаркан» каби кўплар халқона ҳикматлар ҳам ёзувчининг ютуғи саналади.

Иқбол Мирзонинг «Бону» романи шаклий томондан замонавий ўзбек насри учун янгилик саналади. Роман сюжети бир томонга жўнатилган мактублар – Бонунинг ёзган хатлари асосига қурилган. Телефонлар ва шу каби воситалар кучайган ҳозирги замон учун бундай адабий усулнинг танланиши ўзини оқлаши табиий.

Мустақиллик даври ўзбек адабиёти тараққиёти йўлида ёш ижодкорлар зиммасига улкан вазифалар тушиши аниқ.

Ёшлар ҳур ва эркин ватан адабиётини юксак чўққиларга олиб чиқишлари керак. Бу жуда муҳим ва масъулиятли маънавий вазифа саналади. Бунинг учун истеъдод билан ёшлар қалбидаги шижоат ва жасорат ўзаро қўшилиши керак. Ўз миллий адабиёти ва жаҳон адабиёти анъаналарини чуқур билиши, энг муҳими, ёшлар миллатпарвар, ватанпарвар, адолатли, тўғрисиўз бўлмоғи лозим. Шунинг ортидан янги даврнинг янги адабиёти бўй кўрсатади. Дарҳақиқат, ҳамиша ва ҳамма замонларда ёшлар иқтидорига, тафаккурига, ғайрат-шижоатига умид билан қаралади.

Ёши мустақиллик билан баравар истеъдодли ёш носирлардан Жавлон Жовлиев ўз тенгқурлари орасида биринчилардан бўлиб роман ёзди. Номи – «Кўркма». Роман услубига кўра шиддат ва илҳом билан ёзилгани сезилиб туради. Асар беихтиёр ўқувчини ўз ўпқонига тортиб кетади. «Кўркма» янги даврнинг янги ва дардчил, янгича услуб ва ўзига хос янги оҳанг билан ёзилган янги романидир. Жавлон Жовлиев романида замонавий талабалар ҳаёти билан XX асрнинг 20-йилларида Германияга бориб ўқиган талабалар ҳаёти қиёсан тасвирланади.

Романда лирика билан фожеа уйғунлашиб кетади. «Кўркма» туш ва хуш, уйқу ва уйғоқлик, муҳаббат ва нафрат – шу каби бир қатор контрастларнинг уйғунлигидан майдонга келган. Шунинг учун ёзувчи ўз ровий қаҳрамони ҳаёлига истаган бир ҳодисани сингдира олади ва буни ўқувчи жуда табиий, самимий қабул қилади. Ж.Жовлиевнинг «Кўркма» асари ҳис-ҳаяжонли роман. Ундаги бадиий ғоя кенг миқёсли, унда миллат ва Ватан дарди бор. Муаллиф мудроқ кўнгилларни уйғотишни истайди; одамларнинг ўз яратилиш тийнатиغا чуқур назар солишини хоҳлайди.

«Кўркма» – миллий дардлар гармонияси. Бу романни фикрлаб, хаёл ва ақлни ишга солиб, ора-сира сюжетнинг узилган ипларини улаб ўқиш керак. Тўғриси, китобдаги

бугун ва тарих манзаралари ҳалига қадар, эсга олинса, асрий ғам-ташвиш, орзу-армонлар одамнинг юрагини ўртайди. Ўзбекининг ор-номуси, ҳаёси-иффати, ҳаракати-интилишлари – «Қўркма» шулар юзига тутилган кўзгу саналади.

«Қўркма» нима у? Нима учун «Қўркма»? Хавф нимада? Хавфнинг илдиз ҳар бир кимсанинг ўзида, одам ўзининг кимлигини англамаслигидан пайдо бўлади. Роман номидан ундов сезилиб турибди. Мард, ориятли, ботир, баҳодир, шерюрак, паҳлавон бўлиб, қўркмай яшамок керак. Роман ёшларни элпарвар, ватанпарвар, миллатпарвар бўлишга чақиради.

Қўркоқлик ёмон, эл-юртни қултабиат, қулфитрат ва қулфарзандлар билан тўлдириш фожеа. Ҳикмат: «Мардларнинг онасигина онадир фақат». Танбеҳли савол: «Оналар, сиз кимларни туғаётибсиз?!». Мулоҳаза: «Она тирик, ота тирик, аммо бола етим қўйдаё ўсди. Болалиқдан мардикор бўлиб ўсди». Ўзи эса бошқача эканини билади: «Мен эса барига тупуриб ўсдим..., бобомнинг қўйнида қийкириб ўсдим»... Ёзувчининг бундай оғриқли ўйлари ўқувчини сергаклантиради.

Эътибор берилса, романдаги образларга исмлар берилмаган. Хусусан, амакиларини тўнғич, сувчи, домла, тракторчи, табелчи, кенжа деб атайин умумий ном билан атайди. «Ё Худойим, то қиёмат Ватан бизга омонатдир, омонатдир, унга хиёнат – қиёматдир, қиёматдир, қиёматдир!» Роман шундай тугалланади.

Жавлон Жовлиевнинг «Қўркма» романи истиқлол даври адабиётида алоҳида бир босқични ташкил этади. Бу асарда қаламга олинган воқеа-ҳодисаларни ўз вақтида хорижга бориб таълим олган туркий миллатга мансуб бошқа талабалар ҳам бошидан кечган бўлса ажаб эмас. Шунга кўра қўшни қардош халқлар тилларига таржима қилиниш ҳам фойдали бўлиши мумкин.

Истиқлол даври ўзбек романлари сони-саноғи орадан йиллар ўтган сари, хусусан, ёш ижодкорларнинг фикран етилиши, фантазияси ва миллий манфаатлари эвазига кенгайиб, кўпайиб бориши табиий бир ҳол, албатта.

Янги замон романчилигини кенг маънода миллий ўзлик ва тарихни англаш сари ташланган улкан маънавий кадамлар сифатида баҳолаш тўғри бўлади. Табиийки, романлар тасвир объекти, қамраб олган макон ва замон, бадий хусусиятлари, образлар тизими, услуби жиҳатидан фарқланади. Аммо ватанпарварлик, миллатпарварлик, комил инсонга хос фазилатларни тасвирлаш, эзгуликни қадрлаш, тубанликдан ҳазар қилиш мотивлари уларда етакчи ўринда туради. Натижалар қандай бўлишидан қатъий назар, романнавислар жаҳон адабиётининг илғор тажрибаларидан фойдаланиб, инсон зотининг мураккаб психологик ҳолатини, ботиний шууридаги руҳий кечинмаларини тасвирлашга уринмоқда. Демак, бугунги романчиликда нафақат мавзулар ва воқелик кўлами, балки тасвирлаш манераси ва услуби жиҳатидан ҳам изланишлар давом этмоқда. Жаҳон адабиёти тарихида оламшумул моҳиятга эга, умуминсоний масалаларни қойилмақом қилиб тасвирлаган оригинал романлар ўз халқининг номини дунё аҳлига танитди. Бой адабий меросимиз анъаналари ва, айниқса, истиқлол бугунги ўзбек ёзувчисига жаҳон адабиётининг ана шу мухташам кошонасига дадил кириб бориш учун йўл очди; шарт-шароит яратди.

МҰХТАР ӘУЕЗОВ ӘДЕБИ МҰРАНЫ ОҚИТУ ӘДІСТЕМЕСІ ТУРАЛЫ

Қанипаш МӘДІБАЕВА

*М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер
институтының бас ғылыми қызметкері,
филол.ғ.д, профессор*

Белгілі әдебиеттанушы, профессор Серік Мақпырұлы «Мұхтар Әуезовтің кейбір әдеби-теориялық байыптаулары» мақаласында («Қазына» «Арыс», 2004 ж.) әуезовтануда мәні бар мәселенің біріне назар аударған екен. Осы бағытта әуезовтануда «ақтандақтар» жатыр.

Серік Мақпырұлы Мұхтар Әуезов 1930 жылы Әлкей Марғұлан, Бейімбет Майлыұлымен бірлесіп әзірлеген «Қазақ шаруа жастар мектебіне арналған программа және түсінік хат» атты әдістемелік құралдағы нұсқаулардың қазақ әдебиетінің пәндік негізін, оны оқыту әдістемесін түзудегі мәніне тоқталады.

Әдіскер маман Серік Мақпырұлы Мұхтар Әуезов мұрасын зерттеудегі елене бермеген мәнді жайды қозғаған.

Біздің көпшілігіміз алдыңғы толқын, ардақты ағалардың әдебиет оқулықтарын жазуға, нұсқалық-хрестоматиялар құрастыруға ХХ ғасырдың 20-жылдарынан былай қарай араласып отыру, соның ішінде Мұхтар Әуезовтің де 1927 жылғы «Әдебиет тарихы» шыққаннан кейін де әдеби мұраны оқытуға қатысты еңбектер жасағанын, кейінде 1933 жылы Әлібек Қоңыратбаев, Молдағали Жолдыбаевтармен бірігіп 7 кластың «Қазақ әдебиеті» оқулығын жазғанын, 1937, 1938 жылдары «Әдебиет хрестоматиясын» жариялағанын біле тұра Мұхтар Әуезовтің әдеби мұрасын зерттеудің түбегейлі бағыттарын айқындауымен бірге әдебиетті оқытудың әдістемесімен де түпкілікті шұғылдану дәстүріне негіз салғанына көңіл бөлмей келгендейміз.

Әдебиеттануда дәстүр және жаңашылдық бағытында да тыңға түрен салған зерттеушінің бірі Мұхтар Әуезов болатын.

Серік Мақпырұлының Мұхтар Әуезовтің әдеби мұраны игерудегі кешенді, келелі ұстаным-тоқтамдарын арқау ете отырып өзіндік байламдар жасауы – негізді.

«Орыс тіліндегі «Киргизский героический эпос» – «Манас» деп аталатын (1938) көлемді зерттеу еңбегінің «Краткий анализ содержания и формы поэмы» деген тарауында Мұхтар Әуезов жырды тақырыптық тұтастығы және сюжеттік құрылымы, образдар жүйесі, көркем-поэтикалық тәсілдері, өлең құрылысы тұрғынан талдаған. Өзі бұрынғы мақалалары мен еңбектерінде маңыздылығын әлденеше рет атап айтқан мәселені (... көркем шығарманы мазмұн мен түр бірлігі тұрғысынан қарастыру) бейне қалай талдау жолдарының үлгісін көрсеткісі, соған түрткі болғысы келгендей».

Мұхтар Әуезовтің Абай өлеңдерін Шығыс әдебиетіндегі дәстүрлі үлгілермен көркемдеу тәсілдері, құрылымдық ерекшеліктер тұрғысында талдау, саралау тәсілдеріне тоқталуында да Серік Мақпырұлы мәселенің зерттелу әдістерімен астасып жатқан оқыту, таныту жолдарын ескеруге меңзейді.

Мұхтар Әуезов ғылыми әдебиетте дәйектемеге сүйенудің жөн-жобасы мен ғылым әдеби туралы да ұғындырып, тарқата түсіндірген.

Бағдарламада оқытудағы баланың жас ерекшелігін ескеру, тапсырма беру, тақырып қисындаудағы пәндік тұғыр, салыстырмалы оқыту тәсілі, бала танымының өсу бағытына орай жеңілден күрделіге ойысу, түрлі жазба, ауызша әңгіме, пысықтау жұмыстарының берілуі, оқуға жаттығу, жазуға жаттығу, шығармашылыққа баулу талап-міндеттерінің жүйелі ғылыми-педагогикалық негізде қи-

сындауы Мұхтар Әуезовтің қазақ әдебиеті пәнін мектепте оқытудың классикалық, академиялық ғылыми-әдістемелік концепциясын қалыптастырудағы бастамашылдық еңбегін, кәсіби біліктілік алымын, шынайы ұлт қамқорының азаматтық белсенділік, әлеуметтік сергектігін айғақтай түседі.

Әдебиет пәнін оқытудағы Мұхтар Әуезов әдістемесі қазіргі кезеңдегі мектеп оқулықтарын жазуда ескеріліп жүр ме? Ол – өз алдына өзекті мәселе. Ескерілгені аса жөн болар еді.

«Мұхтар Әуезов» энциклопедиясында (2011 ж.) М.Әуезовтің оқу-ағарту, білім беру бағытындағы елеулі қызметі аталып өтеді.

«Ә-тің 1925 ж. «Қазақ тілі» газетінің 40 санындағы мақаласында: «Ескілікті тірілтудің зор керегі – мектеп үшін. Әрбір мектеп нағыз ұлт мектебі болу үшін екі дінгекке тіреледі. Біреуі – сол елдің тілі, екіншісі – тарихы. Осы екі тараудағы білімнен әрбір мектептің бір ұлтқа тиісті пішіні құралады» деп, көрегендікпен айтқан ғибрат сөзінің құны бүгінде артпаса, кеміген жоқ.

... Қазақ әдебиетінің пән ретінде қалыптасуына Ә-тің де тікелей қатысы бар» (Б.Әрінова).

Мұхтар Әуезовтің әдебиеттану терминдерін түзу бағытындағы, жалпы ғылыми термин туралы ұсыныс, байламдары негізінде, ұғым атауларын қисындау тәжірибесін ескеріп зерттеулер жасалды ма?

Осы уақытқа шейінгі, қазіргі кезеңдегі Мұхтар Әуезов ғылыми зерттеу Орталығы атқарған, қолға алып отырған заманауи жаңа бағыттар бізді қуантады.

Аса көрнекті қаламгердің бай мұрасын әлі де игерілмей жатқан мұрағат материалдарын көпшілікке ұқсатып ұсыну, жазушы кітапханасының библиографиясын түзу, тың бағыттардағы кешенді зерттеу жұмыстары, т.б. қыруар

қайырлы істің беталысында ойға ой қосу мақсатында айтар ұсыныстар да бар.

Әуезовтанудағы еңбектердің нұсқалық-хрестоматиялық көптомдығын шығару қолға алынса. Мұның өзі бардың бағасын білумен бірге, келешек зерттеу бағыттарын айқындауда да нақтылы деректік-дәйектік негізде септігін тигізер еді.

Сонымен бірге Мұхтар Әуезовтің жаңа дәуірдегі толық академиялық ғұмырбаяны жазылса. Әуезовтану тарихын жүйелеп жазу да қажет. Бұл бағытта жұмыс істейтін ғылыми кадр қазіргі уақытта бар.

Әуезовтанудағы көп қозғалмаған арнаның бірі – Шәкәрім және Әуезов бағыты. Бұл әңгіме шәкәрімтануда да қажетінше, тиісінше көтеріліп жүрген жоқ.

Және бір тақырып: Мұхтар Әуезовтің көркем шығармаларындағы қазақ әдебиеті тарихының мәселелерімен тоқайласып жатқан арқаулар. Бұл тұрғыда «Абай жолы» роман-эпопеясы – абайтану мәселелері астасып жатқан ғылыми-көркемдік сабақтастық Мекемтас Мырзахметұлының «Мұхтар Әуезов және абайтану проблемалары» монографиясында кең қамтылып, нақтылы зерттелді.

Соның өзінде Мекемтас Мырзахметұлы мәселенің әлі де күн тәртібінде қалып отырған қырларын осыдан 35 жылдай уақыт бұрын еске салған болатын.

«Осы тұрғыдан қарағанда, төрт рет қайта жазылған Абай өмірбаянының барлық нұсқалары мен «Абай жолы» эпопеясындағы өзекті творчестволық ішкі байланыстардың сырын ашу үшін арнайы кең көлемдегі ғылыми зерттеу жұмысын жүргізуді талап етеді».

Соңғы 65 жыл уақытта абайтану Абай өмірбаянының Мұхтар Әуезов жазған төрт нұсқасынан (1933, 1940, 1945, 1950) басқа да дерек-дәйектермен толығы түскенін де ескерсек, мәселе тіптен жоталана түседі.

Мұхтар Әуезовтің ұлт болмыспен тұтасқан ұланғайыр мұрасын ыждаһаттап отыруда жазушы шығармаларының орта мектепте, жоғары мектепте оқытылу бағыты да ғылыми негізде, әдістемелік негізде пысықталып, жүйелене түсу қажеттілігі де ескеретін шаруа.

Мұхтар Әуезовтің әдебиет тарихын зерттеудегі методологиялық ұстанымдар түзу өнегесінен де монографиялық зерттеулер, оқу құралдарын, әдістемелік нұсқаулар шығару шаруасын да ұмытпасақ.

XX ғасырдағы қазақтың азат ойлы асыл ұлдарының бірі – Мұхтар Әуезовтің туғанына – 127 жыл.

Атаулы тұстарда әдеттегіден гөрі қауырт, қызу қимылдайтын дағдымызбен бірқатар шаруаның басын қайырып тастауға болатын сияқты.

ЭГЕМЕНДҮҮ ЖЫЛДАРДА “МАНАС” ЭПОСУНУН КЫРГЫЗ ПРОЗАСЫНДА КӨРКӨМ ИНТЕРПРЕТАЦИЯЛАНЫШЫ

Бактыгүл ТЕМИРОВА,

*К. Карасаев атындагы Бишкек мамлекеттик
университети профессори, филол.и.д.,
Кыргыз Республикасы*

Кыргызстан эгемен мамлекетке жетиши менен кыргыз адабиятынын тарыхында да өткөөл мезгилдин көркөм формациясы жаралды. Кыргыз элинин басып өткөн жолунан дайыма бир өзгөчө көрүнүш, тарыхый эс-тутумубузда түбөлүккө жашай берүүчү «Манас» феноменинин татаал кубулушуна карата ар түрдүү мамиленин мүнөзү байкалды. Ар доордо калкыбыз башына кыйын-кезең күндөрдө келкели же кеткети келип турганда «элдин генийинен» жаралган «Манас» эпосуна кайрылат, келечекке карай жол издеп, руханий таяныч издеп турушу, дагы бир жолу турмуш чындыгы экендиги айкын көрүндү. Маселен, 1995-жылы «Манас» эпосунун 1000 жылдык мааракесинин дүйнөлүк денгээлде өткөрүлүшү, эгемендүү мамлекеттин идеологиясын «Манастын» жети осуятына негиздөөгө болгон аракеттер, эпостун материалдарына, өзөктүү түбөлүк идеяларына кайрылуу, жарыялоо, изилдөө сыяктуу жөрөлгөлүү иштер буга ачык-айкын күбө. 2014-жылы «Манас» эпосу ЮНЕСКОнун материалдык эмес, маданий мурас катары катталды. 2013-жылы «Манас» үчилтиги боюнча мыйзам кабыл алынгандыгы, кыргыз элинин тарыхый, руханий байлыгы катары «Манас» үчилтиги китеп формасында жашап, ар тараптан изилденип, дүйнө элине таркап жаткан кези. «Манас» үчилтиги - кыргыз элинин рух кыртышынан тамыр байлап, азыктанып, өсүп-өнгөн

баатырдык эпос катары эгемендүү жылдардагы улуу мураска байланыштуу өрнөктүү иштер кыргыз калемгерлерин шыктандырды. Белгилүү окумуштуу К. Абакиров таамай айткандай: «Бүгүнкү күндө «Манас» эпосу элдик көркөм сөз өнөрүнүн, же фольклордун теңдешсиз үлгүсү катары каралганы менен ал ошол чек-рамкадан эбак чыгып, адабият менен искусствонун бардык түрлөрүнө жана жанрларына олуттуу таасир тийгизип, алардын туруктуу объектисине айланды» [1, 59]. Байыркы мурастын сюжет, мотивинен таасирленген поэзия, проза, драматургия жанрында көптөгөн адабий туундулар жаралды. Искусствонун дээрлик бардык түрүнө жарамдуу орошон материал үчилтиктин өзүндө жаткандыктан эгемен доордо эпос өзүнүн не бир көркөм байлыгы, түпкүрдөгү терең касиеттери менен профессионал адабияттын жандуу процессине кийлигишип, адабий жанрларда өмүрүн улантып, көркөм-эстетикалык чегин, мейкиндигин кеңитип жатышы өзүнчө бир диалектикалык көркөм кубулуш экендиги көрүндү.

Даркан жазуучу Т.Сыдыкбеков «Көк асабасында» VI-VIII кылымдагы Енисейлик кыргыздардын тарыхый - турмуштук, коомдук-социалдык, маданий абалын, эркиндик-теңдик үчүн күрөш жолдорун көркөм иликтөө менен түрк элдер адабиятынын мисалында алгачкылардан болуп, романдык ой жүгүртүүнүн деңгээлине көтөрүп чыкты. Чыгарманын сюжети, каармандардын образы, поэтикалык курулмалары «Манас» эпосу менен түздөн-түз үндөшүп тургандыктан, биз муну адабий парафразалар деп аныктаар элек. Авторду баарыдан мурда эпостун духу, баатырдык пафосу кызыктырат, чыгармада окуялар динамикалуу өнүгөт, улам жаңы каармандар менен толукталып олтурат, бул реалисттик адабияттын табиятына туура келет. «Манас» трилогиясы генеалогиялык принципке негизделип, Манас, Семетей, Сейтектин баатырдык иштерин поэтикалык

даңазалоону кучагына алса, «Көк асабада» үч муундун - Адылтай ажо, Эр-Күлчүр, Жаш-Тегиндин эрдиктеринен кабардар болобуз. Чыгармада элдин тарыхый турмушу, каада-салттары, үрп-адаттары «Эдил ажо ашында», «Баба жырымы» бөлүмдөрүндө кеңири сүрөттөлүп, эпостогу «Көкөтайдын ашы» менен түздөн-түз үндөшүп турат. Автор тарыхый, социалдык- турмуштук окуяларды берүүдө көбүнчө өткөндү эске түшүрүү ыкмасын, реминисценцияны колдонгон. «Көк асабада» согуштук эпизоддор «Улуу сөз» менен бир катар коюлуп, салыштырылып баяндалат да, кудум «Манастагы» Чоң казат окуясындай сүрөттөлөт.

Т.Сыдыкбеков эпостук мотивди, элдин баатырдык духун интерпретациялап романдык деңгээлге көтөрө алды. Романда «Дастандан кабар», «Дастандын төрөлүшү» деген бөлүмдөрдө эпостук идеяларга жуурулушуп, Манас духтуу Эр-Киши баатыр гана эмес, ошол дастандын каарманы, манасчы катары элеси тартылган. Окумуштуу А. Мусаев: «Улуу сөз» романдык сюжеттин составынан орун алуу менен жалаң гана тарыхый чындыкты калыбына келтирүү максатында гана эмес, ал баарынан мурда, сюжеттин өркүндөшү үчүн кызмат кылат, кадимки жүрүп жаткан реалдуу окуядай жаш жоокерлердин баатырдык иштерине үлгү көрсөтөт. Эр-Киши жаш уландарды жоокерчиликтин ар түрдүү кыйынчылыктарына гана үйрөтүп, көндүрүп чектелбейт, аларды ата-бабанын тарыхы менен түздөн-түз кездештирип, алардын өлбөс, жандуу элеси менен шыктандырат» [4, 244], - дейт. Окумуштуунун пикири боюнча чыгарманын биринчи бөлүмүнүн соңунда «Улуу сөз» жөнүндөгү Эр-Кिशинин баянынын орун алышы толук мыйзамдуу көрүнүш. Эр-Кिशинин сыноосунан өткөн жаш жоокерлер үчүн «Улуу сөздөгү» баатырлардын жасаган иши - бул үлгү, эртеңкиге насаат, көчмөн маданияттын жолжобосу. Т.Сыдыкбеков чыгармасында тегин жерден эпосту «Улуу сөз» деп атабаса керек.

Т. Сыдыкбеков “Көк асаба” романында «Манас» эпосунун сюжет, мотивдерин, чыгармачылык менен өнүмдүү пайдаланган жана ошол доордун духун, атмосферасын азыркы реализмдин деңгээлинде сүрөттөөгө жетишкен.

Талантуу жазуучу, котормочу Ашым Жакыпбеков «Теңири Манас» романы аркылуу эпоско жаңыча көз карашта карап, профессионал проза жанрына айландыруудагы көркөм тажрыйбасы маанилүү роль ойнойт. Залкар жазуучу Ч. Айтматов: «Ушул аска тоодой милдетти аткарууда А.Жакыпбеков чындыгында эле чыгармачыл эрдикке баш отун сайып, шымалана киришкен атуул жана кыргыз адабияты менен маданий тарыхында өз жүзү, чыйыры бар ишмер, кайталангыс стилист, кашкөй талант катары калат. Демек, бул жарыкчылыкта кыргыз аты сакталып турганда «Манас» эпосунун кара сөз түрүнүн биринчи автору катары Ашым дайыма аталары табигый иш» [2,1],- деп жогору баа бериши тегин жерден эмес. «Тенири Манасты»- «эпос өзөктүү роман» деген аныктамасында автордун эпоско жана өзүнүн чыгармачылыгына болгон принципиалдуу позициясы көрүнүп турат. Жазуучу чыгармасынын сюжеттик өзөгүн залкар манасчылар С.Орозбаков, С.Каралаев, Ж.Мамайдын варианттарына таянып жазган, бирок баяндай келгенде автор өзүнө таандык стили, тили, көркөм ыкмасы менен кеткен. Анткени жазуучу чыгармасында окуялар тутуму, каармандардын образдар системасы, көркөм ыкмалары жагынан өз деңгээлин сактап, түп нускага тете даражада берүү аркылуу жогорку чеберчилик, билгичтик менен роман жанрында өзүнүн жеке интерпретациясында, кабылдоосунда сунуш эткен. Жазуучунун чеберчилигинде эркин баяндоо манерасы, көркөм адабий-стили айкын көрүнүп турат. Эпостун өзөк окуялары, каармандардын образы, окуя-көрүнүштөр толук сакталганы менен чыгарманын башкы өзгөчөлүгү – анда салттуу окуялар

теңирчилик ишенимдин негизинде өнүктүрүлүп, дээрлик ислам мотивдери кездешпегендиги. Алсак, Манас баатыр төрөлгөндө коюлган кошумча аты-Теңируул, мындай ысым башка вариантта айтылбайт. Теңирчилик түшүнүгү - жакыпбековдук варианттын өзгөчөлүгү катары кароого болот. Романда негизги каармандардын образын жеткиликтүү сүрөттөп берүү үчүн эпикалык бай арсеналга кайрылуу менен жекече стилдик өзгөчөлүгүнө, чеберчилигине карата ар кандай вариацияда колдонгондугу учурайт. Мунун өзү автордун чыгармачылык стилине таандык болгону менен байыртадан келе жаткан традицияны бузбайт. Эпостук каармандар канчалык эпикалык реалдуу мүнөзгө ээ болгону менен образ - мүнөздүк калыптануу жаатында статикалуу.

Бирок башка баатырдык эпостордой «Манастагы» образдардын көбү баштан аяк сенек эмес. Эпосто айрым каармандар Жакып, Манас, Алманбет, Чубак, Каныкей, Көкчөлөрдүн мүнөзүндө жылыштар бар. Каармандар улам кийинки иш-аракеттеринде мурда болбогон сапатын ачыкка чыгарып, адам катары өз жүзүн көрсөтө берет. Башында айрым терс мүнөздөрүнө карабай оң сыпатталган Жакыптын, Кыргыз чалдын, Акылайдын чыккынчыларга айлануусунда жасалмалуулук жок, табигый түрдө ишке ашкан. Жазма адабиятта аң-сезимдүү түрдө адам мүнөздөрү тандалып, көркөм образдар чыгармачылык менен типтештирилет жана окуялар тутуму динамикалуу түрдө өнүгүп олтурат. Ошондуктан эпосту жазма адабиятта трансформацияланганда көп өзгөрүүгө учурайт. А. Жакыпбеков эпосто гудай Манастын көптөгөн сапаттарынын ичинен баатырдык сапатына көңүл буруп, адам табиятына таандык нарк-насилдерин толук сүрөттөгөн. Баатырдык пафос сүрөттөөнүн бир каражаты катарында эпостордон башталат. Автор трагедиялуу каарман Алманбеттин образында жалгыздык жана арман мотивине басым жасаган. Бул мотивдер сырттан

кирген элемент эмес, ал эпостун көркөмдүк системасында сюжеттик лейтмотивдин функциясын аткарат. Адам концепциясы Манас, Кошой, Каныкей, Алманбет, Чубак сындуу образдар аркылуу реализацияланат, алар жакшылыктын алып жүрүүчүлөрү катары чыгышат. Ал эми Коңурбай, Нескара, Жолой сындуу образдарда айрым оң сапаттар көрүнө калганы менен эки жүздүүлүк, ач көздүк, таш боордук өңдүү жамандыктын топтолгон уютмасы катары алар оң кейипкерлерди ырайымсыз кесепеттин сыноосуна туш кылган кара күчтөр катары чыгармада терең чагылдырылган. «Теңири Манас» романындагы айрым мүчүлүштүктөрдү белгилесек, жазуучуну эпостун мазмунун толук камтуу талабы кысып тургандыктан чыгарманын биринчи экинчи бөлүмү жорго сөз менен түз эле баяндалып калганы ачык көрүнөт. Романда Жакып, Кошой, Сайкалдын образы кургак, күнүрт штрихтер менен сүрөттөлүп калган. А Жакыпбеков чыгармасы аркылуу поэтикалык мүмкүнчүлүгү айкындалып, көркөм сөздүн чебери, мыкты стилист катары көрүндү жана эпостун роман жанрында да жаңыра тургандыгын далилдеген кыргыз адабиятынын тарыхындагы жаңы адабий табылга болуп калды.

Ашым Жакыпбековдун «Теңири Манас» - эпос өзөктүү романы ХХ кылымдын соңундагы кыргыз көркөм сөз өнөрүнүн өнүгүшүндөгү маанилүү адабий окуя. Автор көркөм сөздүн чебери, мыкты стилист, эне тилибиздин байлыгын арттырган сүрөткер катары тарыхта калды. «Теңири Манас» - эпос дүйнөсүн жаңы доордун адабияты менен көркөм айкалыштыруунун үлгүсүндөгү бараандуу чыгарма. Белгилүү прозаик А. Саспаев «Каныкейдин алтын билеригинде» Манас баатырдын каза болушу, Абыке-Көбөштүн хан ордону талкалашы, Каныкейдин Букарга качышы сыяктуу өзөктүү окуяларды аңгеме жанрынын табиятына ылайык айрым алымча-кошумчалар менен иштеп

чыккан. Аңгеме сөздүн чыныгы маанисинде адабий табылга катары бааланууга акысы бар деп эсептейбиз. Сүрөткердин чоң чеберчилиги - эпостун уюткулуу окуяларын аңгеменин ченелүү аянтына чебер сыйдырып, өзүнчө мазмун, оригиналдуу формага ээ автордук версияны жарата алгандыгында болду. «Каныкейдин алтын билеригиндеги» окуя кектүү душман Коңурбайдын кыргыздарга болгон кастыгы аркылуу өөрчүп, трагедиялуу окуя курч конфликке негизделип, каармандардын психологиялык толгонуулары терең жана жандуу берилген. Жазуучунун аңгемесиндеги жеке кошумчасы - Каныкейдин улуту «сарт» деп берилет, Жакыптын токолу Бакдөөлөт балдарына Семетейдин көзүн тазалоону буюрат, Каныкей болсо баласын коргоо үчүн күнү Жаңылчакты өлтүрөт. Ушул жерде белгилөөчү нерсе - эпосту интерпретациялоодо волонтаризмге, өзүм билемдикке жол бербөө маселеси.

Арийне жазуучулар эпостун сюжетине айрым өзгөртүүлөрдү киргизсе болот, бирок салттуу эпикалык традицияларды, формулаларды фальсификациялоого болбойт. Калемгерлер «Манас» темасын иштөөдө сынчыл көз карашта жоопкер мамиле жасашы зарыл. Мисалы, аталган аңгемеде канышанын улуту «сарт» деп берилиши талаш туудурбай койбойт. Ошону менен бирге Каныкейдин алтын билеригинин тегерегиндеги сюжеттик интрига - автордун жеке табылгасы жана символдук туюнтмага ээ. Чыгармадагы Каныкейдин «алтын билерик» жөнүндөгү түш көрүшү чынында мыкты табылга. Түш көрүү мотиви - эпикалык формулалардын бири. Аңгемедеги «алтын билерик» Каныкейдин драмалуу тагдырын, Семетейдин келечек жолун көрсөтүп берүүдө символикалык терең мааниге ээ. Чыгармада Бакай, Каныкейдин образдары бир үзүм окуя, деталь-штрихтер аркылуу мүнөзү даана ачылып, психологиялуу берилген. Өзгөчө душман Коңурбайдын

мыкаачылыгы кадимкидей көз алдына тартылып өтөт, автор көбүнчө каармандардын жан-дүйнөсүнүн ички толкунуна басым жасаган. А.Саспаев эпостогу өзөктүү окуяны алганы менен өз алдынча алымча-кошумчаларды киргизүүгө далалатанып, идеялык - көркөмдүк деңгээлин, эстетикалык-философиялык маанисин терендетүү аркылуу эпос өзөктүү реалисттик аңгеменин мыкты үлгүсүн жаратууга жетишкендигин канааттануу менен белгилөөгө болот. Чындыгында А.Саспаевдин Каныкейдин алтын билеригиндеги чоң чеберчилиги - эпостун уюткулуу окуяларын аңгеменин ченелүү аянтына чебер сыйдыра билген. Автор элдик эпосту өздөштүрүүнүн, таанып-билүүнүн үлгүсүн көрсөтүп, өзүнчө терең мазмун, оригиналдуу формага ээ аңгеме жанрынын мыкты үлгүсүн жарата алды.

Жыйынтыктап айтканда, эки башка поэтикалык системанын байланышы диалектикалык көрүнүш катары интерференциясы дале болсо жүрүп жатат жана мындан ары да улана берет. «Манас» эпосу адабиятка жаңыча жолдор менен куюлуп, бүгүнкү адам, коом, доор-заман ж.б. проблемалар менен айкалыштырып аңдап-үйрөнүүгө, нравалык - этикалык сабак алууда азыркы күндүн адамына жардамга келди. Фольклористика менен адабияттаануу илиминде эки поэтикалык дүйнөнүн карым-катышы өзүнчө бир чоң салаа катары орун алып, башкы темалардын бирине айланып калганы айкындалды.

Адабияттар:

1. Абакиров К. Манастаануу илиминин калыптанышы жана өнүгүшү.-Б., 2016.
2. Айтматов Ч. Баш сөз [Текст] Ч.Айтматов // Жакыпбеков А. Теңири.
3. Манас.- Б., 1995. Жакыпбеков А. Теңири Манас. -Б., 1995.

4. Мусаев А. Түгөлбай Сыдыкбеков: Адам тагдыры жана чыгармачылык тагдыр. -Б., 2002.

5. Саспаев А. Татым туз. Аңгеме, повесттер. - Б., 2010.
Сыдыкбеков Т. Көк асаба. Ф., 1991.

«ЖІГІТТЕР, ОЙЫН АРЗАН, КҮЛКІ ҚЫМБАТ»

(Абай және жастарға өнеге)

Жандос ӘУБӘКІР,

Абай академиясы» ҒЗИ директоры,

филол.ғ.к., доцент,

Нұр МАҒАЗБЕКОВ,

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғылыми қызметкері, магистр

Кәрі құрлықтардың шандыр омырауын иітіп, қара жердің көз жасындай қайнап шыққан ыстық тұма, ақ қайнар бұлқысып ағып бұлаққа айналып, қырық жылғадан жиналып өркешті өзен құрайды. Сол өзен өксігін теңізге құйып қана баспақ. Сабыр таппақ. Адам баласы да өмір табалдырығынан енгенде ғажап санаға ие болды, бірақ, көкірегі алғашқы жауған ақша қардай таза еді. Қоянжым, шиырлы өмір соқпағында қабылдаған әр алуан ақпарат, алған тәлім, жинаған білім, көз көріп, құлақ естіген күллі мәлімет осы көкірек теңізіне шым-шымдап құйыла бермек. Жинағаның лай су болса көкірек көзін қайраң басып, көктемгі күнге ғашық көк майса секілді балауса ой қайрақтас пен батпақтың ортасында тұншығады. Жинағаның зәмзәм тұнық су болса, көкірегің ұлы айдынға айналып, шалқыған тіршілікке өріс болмақ. Бұлай жазудағы басты миссиямыз соңғыға ұшан теңіз сарқылмас сөз қалдырған Хакім Абай болмысын ашуға бейнелі сөз іздеу.

Бабадан қалған мұра – балаға мирас, аманат. Қазақ өнері – артынан ерткен ізбасар шәкірттерімен мыңжылдықтарға ұласады. Ұлттық өнер – бір халықтың өткен кешулі тарихы қалыптастырған жарқын болмыс-бітімі. Өскелең өнерін халық ғасырлар бойы тудырды, кемелдендірді, биігіне көтерді. Сегіз қырлы, сексен сырлы болып, мәні мен

мағыналық жағынан қатпарланып, ұлт қазынасына айналды. Жайдақ, таяз, ойсыз дүние уақыттың тозаңына айналып ұшып кететіні белгілі. Уақыт сынынан кемел, кенішті шын өнер туындысы ғана өтпек. Қазақтың бекзада өнері мен өнегесі тозбас, ескірмес ең асыл жауһарлар. Бұл жерде қазақтың қанына сіңген «тәрбие» деген қасиет қалқып шығады. Ата баланың бойына өзіндегі асыл қасиетін жұқтырып, өнерін мұра етіп қалырады. Атасынан алған кездікпен өсе келе оқ жонып, адырна тартады. Ол өмірдегі адамдық келбеттің өлшеулі айнасы. Халықтың төл өнерін қадірлеуді, оның қаймағын бұзбай, әсемдігі мен тұмса байлығын сақтап, құпия сырын қанық игеру арқылы ұрпақтан ұрпаққа аманат қылып қалдырады. Сондықтан кеменгер Абай сөзі кейінгі заманға, заманды билемек жастарға өнеге болады.

Көшпелі мәдениетпен бірге «Көшпелі өнер» пайда болды. Ол зейінді, өскелең буындарға мирас болып, өнер шаңырағын өнері жеткен адам ұстап отырды. Мысалы, арысын айтсақ Қорқыт пен Кетбұғадан бастау алатын қазақтың бір ғана күй өнері де орындаушылық жағынан тереңдік пен шеберліктің өте қиын үлгілерімен бірге айтқыштықтың кемел түрін туғызды. Күй тілі – сөзден биік тіл болды. Қоңыр үннің әлдиіне қазақ бар қайғысын, қуанышын, айтқысы келетін жүрегін жарған ұлы мұраттың бәрін сидырды. Сол ғажап тілменен түсінісе алды. Ұлтты адамдық, кісілік биігіне көтерді. Ұлы өнер тудырған халықтың бекзада болмысы да асқақ һәм тәкәппар болмақ. Сол секілді Абай даналығы да әлмисақтың ғұламалары тағанын қалаған қайнарлы, қордалы саладан тамыр тартып өз биігіне жетті. Оның жеткен биігінен ары қарайғы жолды рухани сырлас шәкірттері жалғастырды. Осылайша бір ұлттың ақыл-ойы, білім-білгесі өркендей түспек.

Дәстүрден алқып кету – қай дәуір, қандай қоғамда болмасын түбі баянсыздыққа соқтырады. Әдебиетте

айтылатын екі түрлі «дәстүр» ұғымы бар. Біріншісі, әрине, сіз сезіп отырғандай халықтың ғасырлар бойы рухани ой өрісінде қайнап тірлігімен пысып-жетілген ұлы жәдігер туындысы. Енді бірі қатып қалған, балталаса бұзылмас қасаң, тоңмойын қағидалар мен теориялар. Абай дүниеге қыран секілді зенгірден көз сала білген интеллектуалды тұлға. Үлкен бір энциклопедия секілді, қай қиырдан жауабы жоқ сауал іздесең де саған жетпек биігінді жіліктеп талдап, сүйегін шағып майын алып береді. Тек қана бір өнерге байланған, басқаларына келгенде ақсақтық танытатын жандардың сойынан емес. Абайдай ғұлама, әмбебап, өнердің барлық саласына да із салған, қараңғы түнде алдаспандай жарық етіп көрінер ғазиз жанның тәлімін терең түсінгенде ғана қоғамның жүзі жарық болады. Жастар сергек, сезімтал, байқампаз болып есейеді. Елеусіз заттардың өзінен үлкен тарих, мол астар аңғарады.

XI ғасырда жазылған Баласағұнидың «Кұтадғу білік» дастанында бала тәрбиесі жөнінде былай дейді: «Өзіңнен ұлқыз туса, асыл бекзат, Қолда өсір, ұстай көрме алысқа жат». Он ғасыр бұрын айтылған тәрбиенің маңызы күн өткен сайын арта түсуде. Осындай күллі құндылықтар алмасып жатқан өлара тұста Абай тағылымын ұлттық идеология айналдыра алсақ нұр үстіне нұр болар еді. Бұл жерде айтылып отырған ұлттық идеология ұғымының аясы үлкен, көкжиегі кең. Халықтың ұлт болып ұйысқанынан бергі мың жылдықтар оның болмысын жасады. Ең нәзік һәм күрделі басқыштарды, бұралаң жолдарды басып өтті. Уақыттың сүзгісі елеп-екшеп ұлтты ширатты. Ділі мықты жұрт қана тағдыр сынынан сүрінбей өте алды. Басына түскен әртүрлі нәубетті жеңді. Қазақ халықның өн-бойындағы менталитеттің қалыптасуы тарихымен, тағылымымен тығыз байланысты.

Біз өзгенің тізесі көп батқан, құлдық қамыты мойнымызды қажаған халықпыз. Абылайдың ақ туы жығылғаннан

кейін бүйіріміз қысылды, өрісіміз тарылды. Жетпіс жылдық кеңестің кесір саясаты ұлттың бойынан ділін, тілін, дінін сылып алып тастау үшін тырысумен болды. Бүгінгі таңда санамыздан сол қызыл империяның, социалистік идеологияның салған сызаты әлі толық өшкен жоқ. Ұлттық идеология қалыптастырамын дейтін ел әуелі сол тарихи сызатты адам жадынан құлан-таза арылтуы керек. Адамның санасы өгей, рухы отар болып тұрса ешбір идеология іске аспайды. Ол тамырсыз ағаш көктейді деп су құйғанмен бірдей.

Мемлекет ұлттық идеологияны қалыптастырамын десе әуелі Абай даналығы темірқазық бола алады. Бір қызығы Абай шығармаларын қанша төңкеріп шықсаң да «Ұлт» деген сөзді кездестіре алмайсыз. Ұлт ұғымын Алаш зиялылары енгізгенін, одан бұрын қолданылмағаны белгілі. Хакім «Ел, қазақ, халық, жұрт, Алаш, адам баласы» деген сөздерді қолданды. Бұдан Абай ұлтқа қатысты ештеңе айтпапты деген түсінік тумайды. Кемеңгердің әрбір ойы бүгінгі «ұлт болу» ұғымын жетілдіре түскен.

«Орыстар үшін Пушкин, өзбектер үшін Науаи, итальяндықтар үшін Данте қандай қасиетті саналса, Абай есімі жер жүзіндегі түбі бір, түгел қазақ үшін Алатаудай асқақ, Шыңғыстаудай құдіретті! Ол – жалпы адамға тән қымбат ақиқатты өз елінің тыныс-тіршілігінен тауып, күлте-жалын келістіре жырлай білген шын мәніндегі ұлттық ақын, тізе қағыстырар теңдесін кезіктіре берместей терең ойшыл», – дейді Б.Майтанов. Біз Абай әлеміне терең бойлай алғанда ғана асу бермес биіктер аласарып, өткел бермес қиындықтар жайдақтала түседі. Бүгінгі жас ұрпаққа телегей тағылымын насихаттау өте өзекті. Ұлттық идеологияны Абайдың зерделі де парасатты ойларына жүгініп жасай білу керек. Ол бір адамның, бірер жылдың қолынан келе салмайды. Оған үлкен күш, ұлт болып жұдырықтай жұмылу, тұтас дәуірлер

бойы қызмет етуді талап етеді. Ойшылды халық болып ұстаз тұтып, көрегенді соқпағымен жүрудің алғашқы шарты – жастарды сол жолға бастай алу болып табылады.

Абай – ұлт руханиятының жарық жұлдызы, сөнбес алауы. Хәкім сөздері бүгінгі күнде ұлттық тәлім-тәрбиенің негізіне айналып отыр. Қазақ мемлекетінің ұлттық идеологиясын жасағысы келген Алаш зиялылары бағдар бола алатын тұлға ретінде Абайды таңдауы да тегін емес. «Абай – қазақтың бас ақыны» деп Ахмет Байтұрсынұлынан тартып кемеңгерді төрге оздырған. Бүгінгі хәм болашақ жастардың адаспай жол тауып, білімді де білікті, тәрбиелі де өнегелі тұлға болып қалыптасуына, «Толық адам» болуға ұмтылуына хакімнің ой-сәулесінің алар рөлі ерекше. Ол бүгінге дейінгі нұрлы ойдың, ыстық ақылдың қайнары болып келді. Әрбір парасатты адамның бойында Абай тағылымының сарқыты табылады.

Абайдың терең ілімі, көркем мұрасы заманауи ұлттық өнердің мәйегі, ескірмес құндылықтардың дәйегіне айналып отыр. Еліміздің руханияты тұтас қабырғалардан тұрады десек, Абай алтын шаңырақтың тіреушісі сынды. Қазақ пен Абай тел ұғымға айналып келеді. Ұлы ақынның мұрасы күннен күнге терең сырын ашып, халқының игілігіне жарап, өз ұрпағының рухани қазынасына айналып келе жатса, одан өткен мерей бар ма?!

Абай сөзі – ұлғаусар ой мен кемел даналықтың тоғысқан нүктесі. Мысалы, «Өлсем, орным қара жер, сыз болмай ма?» атты өлеңді алғаш оқушы көкөрім жас болса бұндағы суық мінезге жаға ұстауы немес қабылдай алмауы мүмкін. Ал өмірден көргені мен көкейіне түйгені мол адам болса ішіндегіні дәл тапқандай жеңілдері қақ. Тәннің өлімінен емес жанның өлімінен қорқу – Абайдың бірсыпыра өлеңдерінде кездеседі. Бұл кемелділіктің, кемеңгерліктің үлгісі. Ақылы тоғысқан, баянсыз дүние қызығынан баз

кешкен кемел адам ғана осылай айта алмақ. Яғни «Адамның кемелденуі жайында ұлы философтар да, ақындар мен тақуа сопылар да, тіпті ресми дін өкілдері де бір ауыздан айтатын шындығы бар, ол – адамның өз кемелденуі жолында материясын, яғни тәнін қажет етпейтін күйге жетуі», – деп көрсеткен.

Абай еліміздің ертеңі мен жарқын болашағы білімді де, білгір жастардың қолында екенін әрбір сөзіне тиек етті. Сол жастардың сапалы білім алып, тәрбиелі, парасатты азамат болып қалыптасуына ата-ананың ролі мен міндетін айрықша айқындап берген.

*Оқытарсың молдаға оны,
Үйретерсің әр нені.
Медеу етіп ойы соны,
Жаны тыныштық көрмеді.
Жасында күтті,
Дәме етті,
Босқа өтті.
Ата көңіл жанбаса бір,
Артық өнер шықпаса.
Ел танымай, үй танып құр,
Шаруасын да ұқпаса –
Үміті қайда?
Соны ойла,
Абайла! –*

дейді ақын. Абай бала тәрбиесіне терең мән бере, оның ой өлкесінің дамуы, ерте кезден балалық шағынан басталуына ден қойған.

*Шошимын кейінгі жас балалардан.
Терін сатпай, телміріп, көзін сатып,
Теп-тегіс жұрттың бәрі болды алармын, –*
деп Абай ақын жазғандай, қазіргі жастардың кейбір іс-әрекеттері ойланарлық жайға әкеледі. Мойындауымыз

керек, жастардың көпшілігінің ерік-жігері әлсіреп кеткен. Бұл жағдай жастарды маңызды және шұғыл істерді кейінге ысыру бейімділігіне, өзіне деген, адамға деген сенімділіктің жоғалуына, құмарлық, бос уақыттарында ұйықтау, тамақ ішу, интернет желісінде отыру сияқты мағынасыз әрекеттер жасауға әкеліп отыр. Яғни, өзін-өзі бақылауға дәрменсіз деуге болады. Осындай әрекеттерімен өз бойындағы рухтарын тұншықтырып, арман-тілектерін жойып жібереді. Еңбек етіп, адал ас ішкенше, телміріп, көзін сатып жеңіл жолмен ақша тапқысы келетіндері жалған емес. Абай концепциясының негізгі өзегінің бірі – жастардың мінезін тәрбиелеу, өзін-өзі жетілдіріп, өз бағасы мен өзіне деген сенім ұялату болып табылады.

Керек іс бозбалаға – талаптылық,

Әр түрлі өнер, мінез, жақсы қылық, –
дей отыра Абай, жастардың кемшін мінездерін өзгертуге тырысты.

Орынсыз ыржаң,

Болымсыз қылжаң

Бола ма дәулет, нәсіп бұл?

Еңбек қылсаң ерінбей –

Тояды қарның тіленбей.

Осылайша, «Сегіз аяқ» өлеңінде «еңбек қылсаң ерінбей, тояды қарның тіленбей» дейді Абай. Хакімнің бұл сөзі қазіргі таңда халық даналығы ретінде мақал-мәтел, нақыл сөздер жинақталған кітаптарда көп кездеседі. Осылайша Абайдың ойы терең, мағынасы жоғары әр сөзі, жастардың назарына алынатын, ой-санасына енетін ұлағатты өнегесі барша қауымның назарына ілене берсе ұлтымыздың да сана жағынан жоғарылай беретіні анық.

Абай шығармашылығына зер салсақ тығыздықты, үлкен қуатты, тегеурінді даналықты байқай аламыз.

*«Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат,
Екі түрлі нәрсе зой сыр мен сымбат.
Арзан, жалған күлмейтін, шын күлерлік
Ер табылса жарайды, қылса сұхбат».*

Абай мұрасының тәрбиелік-тағылымдық бағыты туралы сөз қозғағанда әуелі осы өлең еске түседі. Ақынның «арзан ойын» деп жеріндіріп отырған қашық ісінде бір адамның ғана емес күллі ұлттың ғұмыры жатыр. Бұл да білімге, өнерге шақырудың жаңаша пайымды сөзі. Біз жоғарыда атап өткеніміздей Абайды түсіну үшін ең әуелі XIX ғасырдың тіршілік-тынысын жете ұғыну керек. Хакімнің әкесі Құнанбай сұлтан алғашқылардың бірі болып ауылына ұстаз алдырып бала оқытады. Ол заманның оқуына қолында малы бар әулеттердің ғана қолы жеткен. Көзі ашық болмаса сараң байлардың ұғымындағы білімнен қотыр тайы артық еді. Адамзаттың ақыл-ойын жете меңгерген ақын үшін өз қоғамына, халқының мінез-болмысына көз жүгірту ауыр еді. Себебі, өзге өркениетті жұрттар білімнің соңына шам алып түсіп сахара халқының мұрынына иісі келмейтін жаңалықтар ашып жатыр. Ал өзінің ет жақын ағайыны бір-бірімен итше ырылдасып аз күнге, кем қызыққа масайып жүр. Соны көрген Абай «Жігіттер ойын арзан, күлкі қымбат» деген тағылымды өлең қалдырды.

Ойын – текке уақыт өткізу. Арзан дүниенің жылтырағын қуу. Ал жалған емес шын күлкі қашанда қымбат. Шын күлерлік деген не? Қазақ ұғымында жасандылығы жоқ шын күлкіні қастерлей білген. Ондай айтқыштарды қадірлеп, бағалаған. Қазақ риза болғанда, көңілі өсіп марқайғанда, қуанғанда шын күлген. Ақын меңзеген қымбат күлкі – осы.

*«Кейбіреу тыңдар үйден шыққанынша,
Кейбіреу қояр көңіл ұққанынша.
Сөз мәнісін білерлік кейбіреу бар,
Абайлар әрбір сөзді өз халынша».*

Жүре тыңдап жүрегіне тоқымайтын адамды халқымыз бір құлағынан айтсаң бір құлағынан ағып түсіп қалады дейді. Ал көңіліне тоқып, зердесіне сіңгенше ыждағаттықпен сөз байыбын қуатын адамдарды ақын ардақтайды. Абай мұрасының тәрбиелік мәні, жетелі мектебі де осы тұстан көрінеді. Ақыл мен қайратты, білім мен адамдық жолы қатар ұстанған Абайдың өз өмір жолы да – өнегеге толы. Ақын бүгінгі заманның кейбір «данагөйлері» секілді ойы мен ісі екіге жарылған адам сойынан емес. Тіршілігінде қолындағы барын бөліп беруден, елге жақсылық жасаудан бір сәт жалықпаған тұлға. Адамның сөзінен емес өзінен өнеге алған әлдеқайда өнегелі һәм бойға жұғымды болады. Осыны жете бағамдаған ақын жастарды жақсы мен жаманның парқына жетуге ұдайы шақырып отырады. Сол үшін де Абай үлкен мен кішіге, жас пен кәріге ортақ ізгілік ұстанымы бола алады. Ақын адам болсам деген әрбір талапты жастың бойында әуелі адамшылықтың нәрі жатуі керектігін ескертіп отырады.

*«Шын көңілмен сүйсе екен, кімді сүйсе,
Бір сөзімен тұрса екен, жанса-күйсе.
Қырмызы, қызыл жібек бозбалалар,
Оңғақ пұлдай былғайды, бір дым тисе».*

Көңілдің тазалығы, ниеттің ақтығы – адам баласын биікке бастайды. Ақын адам баласының жасына қарай кезеңдік дамуына баса көңіл аударған. «Толық адам» болып жүректің көзін ашу үшін – бозбала шақтан шын көңілмен сүюді үйрену керек. Айнығыш, табансыз сезім адам баласын жақсылыққа бастамайды. Оңғақ пұлдай тез бозарып, күн тисе сетінеп тозатын көңілге өнер тұрақтап қонбайды. Сондықтан бозбаланың байламы берік, көңілі сертті болса биікке иек арта алмақ. «Қазақтың қасиетін тану – Абайды танудан басталмақ. Халқымыздың сөз өнерін

зерделеу – Абай тағылымын бағамдаудан байқалмақ. Абай – қазақ тарихындағы қайталанбас сом тұлға. Абай биігі – халқымыздың көркемдік ой-танымында ешкім жетпеген заңғар», – деп жазушы Мұхтар Мағауин айтқандай біз кемеңгердің қол созған биігіне талпынған сайын кемелдене түсеміз.

Қазақты Абайдай сүйген, жақсылығына қуанған, олқылығына опынған кім бар? «Абай – өзін-өзі өлеңімен жұбатқан жан», – деген Шәкәрім Құдайбердіұлының сөзі данышпанның жанын жете түсінгеннен айтылып отыр. Абай «адам болам» деген жанға не керектің бәрін әзірлеп берген, дұрыс жолын нұсқаған ғазиз жан. Өз сырын ұғындыра алмаса біріншіден білімінің тереңіне басқаның тісі батпағаны. Екіншіден заманының көрер қарашығы тар болғаны. Абай қайтыс болып аз жыл өткенде Алаш деген тегеурінді топ тарих сахнасына шығып ұлы ақынның мұрасын насихаттай бастады. Оның кемеңгерлігін Абай нұсқаған ғылым-білімге қол жеткізген тұлғалар шын ұғынды, дәл пайымдады. Міржақып Дулатұлының «Әдебиетіміздің негізіне қаланған бірінші кірпіш – Абай сөзі, Абай аты боларға керек... Ең жоғары, ардақты орын – Абайдікі», – деп айтуында да сол көрегендік жатыр.

*«Керек іс бозбалаға – талаптылық,
Әр түрлі өнер, мінез, жақсы қылық.
Кейбір жігіт жүреді мақтан күйлеп,
Сыртқа нысық келеді, сөзге сынық».*

Тағылымды тәрбие алудың ең алғашқы шарты – талаптылық болса керек. Кемеңгер ол жайында өз еңбектерінде көбірек сөз етеді. Бүгінгі жастар неге талаптануы керек? Әуелі ұлттық құндылықты бойына сіңіріп, нағыз қазақы болмысты азамат болуға талпынуы لازым. Одан кейін от басы ошақ қасында қалып қоймай айналаға қарап, алыстар-

ға барып білім іздеуге ынталы болса жолы ашыла түспек. Әлемнің маңдай алды оқу орындарында білім алуына мемлекет көптеген мүмкіндіктер жаратып беріп отыр. Соны тиімді пайдаланып өзін дамыта түссе, асу берместей көрінген биікке қарай қол созса сонда ғана ол шын білімді, ұлты үшін игілікті істер жасай білетін жан атабақ. Қазіргі информация дәуірінде жасанды интеллект ғасырында жан-жақты білімді болғанда ғана ұлттың, тілдің, елдің мерейін асыруға болады. Қазақ тілінің аясын кеңіту үшін әлемнің беделді университеттерінде оқыған, белді компанияларда жұмыс істейтін қазақ баласының көмегі көптеп керек. Біз IT саласын жетік игеріп, жаңа технологияларды кемел меңгергенде ғана заман ағымына ілескен ұлттық мәдениет жасай аламыз. Ол үшін жастарда мақтан күйлеп жүру емес талап, мінез, жақсы әдет болуы керек.

«Сыртқа пысық келеді, сөзге сынық» деген ақынның сөзі бүгінгі заманның көптеген дертін дәл басып көрсетіп береді. Иә, бізде ғылым саласы енді-енді жанданып, жүйеленіп келе жатқаны жасырын емес. Бір кездері білім ошақтарына бармай-ақ ат көрпедей дипломдарды қыпқызыл ақшаға жұрт сатып алып жатты. Соның зардабын қоғам тартып отыр. Қай салада болмасын біліксіз, білімсіз мамандар жетіп артылады. Солар елдің дамуына бөгеу, аяқ алысымызға тұсау болып келе жатқаны айтпасада түсінікті. Олар ақын айтқандай сыртқа пысық келегенімен, істер іске келгенде ақсақ. Өзін өзі алдап үйреніп қалған шығар, бірақ өзгенің өмірін ойрандаумен күн кешіріп келеді. Білімін көркейтемін деген ел әуелі біліксіздіктен арылуы, оны түбірімен қопаруы қажет болады.

*«Кемді күн қызық дәурен тату өткіз,
Жетпесе, біріңдікін бірің жеткіз!
Күншілдіксіз тату бол шын көңілмен,
Қиянатшыл болмақты естен кеткіз!»*

«Қамшының сабындай қысқа өмір» деп атам қазақ әр күнін қадірлеп отырған. Бақталастықпен, есерлікпен өткен күнді қорлыққа балаған. Татулық – ұлт болып ұйысудың ең басты шарты. Қазіргі күрделі заманда осы қасиеттің сетінеп бара жатқанын көреміз. Әлеуметтік түкке тұрмас істер үшін бір-бірінің жағасына жармасып, аузынан ақ ит кіріп көк ит шығып жатқан жандарды көргенде жағанды ұстайсың. Бұл жалпы ұлттық мінез емес, әрине, оның бетін аулақ қылсын. Керісінше «Жетпесе, біріндікін бірің жеткіз!» деген Абай сөзін бірлігі бекем, рухы асқақ халқымыз дәлелдей түсуде. Елімізде болған әртүрлі апаттар кезінде (өрт, жарылыс, су тасқыны, жылусыз қалу, т.б.) бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып жығылғанды сүйеді, жылағанды уатты. Осы өнегелі істер ұлттың рухын асқақатып, бір-біріне деген рухани байланысты арттыра түсті. Бірінің жетпегенін бірі жеткізген ұлт ешқашан күншіл болмайды. Халықты қиындықтар шындай түседі, етене сезімдерге бөлейді. Сондықтан шын көңілмен тату болған, қиянатты білмейтін ұлттың көші алға баспақ. Абай тағылымы деген – адам баласын өркениетке жеткізу деген сөз.

*«Бір жерде бірге жүрсең басың қосып,
Біріңнің бірің сөйле сөзің тосып.
Біріңді бірің ғиззәт, құрмет етіс,
Тұрғандай бейне қорқып, жаның шошып».*

Ел іші болғаннан кейін ала да, құла да болады. Біз бірімізді біріміз ғиззәт, құрмет етіп жүрміз бе? Осы сауал қоғамдағы қоламталы мәселеге айналып келеді. Удай кесірлі өркөкіректік ауадай жайылып келе жатқандай. Хакім айтқандай бетіне мақтап, сыртынан сөге жамандау етек алып келеді. Бұл жаман дертті жас ұрпақ бойына жуытпауы, одан жиреніп тұруы ұлт үшін өзекті. Аз өмірде бірге жасаған, «бұлтты аспанның астында, буынды шөптің үстінде» қатар

өмір сүрген адам баласын ғиззәт тұтса ғана өмір нұрланбақ. Қазақтың ежелден бергі айтып келе жатқан тағылымы, бала тәрбиесін, ұлттық болмысы осыған негізделген. Абайдың қай өлеңін, қай қара сөзін алсақ та осы кенішті ойға бағдар сілтейді. Ақын айтқан адамдық қасиеттерін бойына жұқтыра алмаған елдің ертеңі тұманды болмақ. Қасаң көзқарасты адамдарға Абай өз халқын сүймегендей көрінуі мүмкін. Шын мәнінде адам жақсы көргендіктен соншалықты ашынып тіл қатады. Елінің рухани өсуін, адами рухты бойына сіңіруін қалайды.

*«Жолдастық, сұхбаттастық – бір үлкен іс,
Оның қадірін жетесіз адам білмес.
Сүйікті ер білген сырын сыртқа жаймас,
Артыңнан бір ауыз сөз айтып күлмес».*

Жаңа ғана біз сөз еткендей кісі сыртынан сөз ертіп жіберу індетке айналып барады. Ал кемеңгерге жүгінсек «сүйікті ер білген сырын сыртқа жайып, артыңнан сөз айтып күлмейді». Бүгінгінің жасы осы өнегені бойына сіңіре алғаны – өзіне рухани қалқан жасағаны. Осы жырда айтылған гуманистік идеяларды, эстетикалық философияға құрылған ойларды даналықты жас өркен бойтұмар етіп тақса дүние ісінен аулақ болып, шын ғылымының, таза өнердің соңынан түсері сөзсіз.

Абайдай кемел дананың қазақтың топырағында туғаны үшін көкірегіңді ыстық махаббат сезімі кернейді. Кемеңгердің әр ғұмыр сәтін ойша елестету адам шексіз рухани шабыт сыйлайды. Сондай сәулелі сәттің бірін еске алып өтсек. Абайдың ұлы Турағұл өзінің әйгілі естелігінде әкесі жайлы былай дейді: «Ұйқысы шағын, жалпы халықтан кеш жатып, ерте тұру – әдеті. Төсегенің алдынан қалың постел төсетіп, оның үстіне көрпе салғызып, бір жағынан үлкен жастық қойғызып, көйлекшең, басқа киім кимей, жастығы-

на шынтақтап, кейде бауырына басып отырушы еді, қағаз шайдан басқа шай ішкен емес, қантсыз шай ішкенін көргем жоқ. Бірақ, ол қанты алдында жатады. Көп жегіш емес. Таңертеңгі шайына кейде жұмыртқа қостырып құймақ құйғызады, кейде самса пісіртеді, жеке бауырсақпен іше қоймаушы еді. Шайын стақанға құйғызып, ыстық күйінде ішпей, салқындаған кезінде жұта салатын».

Жас ұрпаққа рухани шырақшыға айналған хакім өмірінің әр сәті қымбат әрі қызықты. Кейде осыншама нұрлы ақыл айтқан жанды бұл өмірде жасады деп те ойлай алмайсың. Сол кезде осындай естелік кітаптарды парақтасаң Абайға деген махаббатың еселеніп артып ықыласың күшейе түспек. Қазақтың қоңыртөбел тіршілігін жанындай сүйіп, аялап, әр мінезіне терең бойлап, пайымдап, көрегендікпен жол нұсқап отырған кемеңгерге тағзым етесің. Абай айтқан «жолдастық, сұхбаттастық» деген сөздің мағынасы осы тұста ашыла түспек. Ойшылдың шығармаларына дендеп бойлаған сайын оның рухымен сырласып, сұхбаттаса түсесің. Өзің бәтуасына бара алмаған алдындағы бөгеуді күбірлеп Абайға айтсаң алынбас асудың жауабы өздігінен шыға келеді. Тылсымның бір түкпірінен Ұлы ақын саған күбірлеп тұрғандай сезімге бөленесің. Осындай рухани үндестікке жету үшін Абай тағылымын бойға жұқтырып, сөзін ойға тую лазым.

*«Күйлеме жігітпін деп үнемі ойнас,
Салынсаң, салдуарлық қадір қоймас.
Ер жігіт таңдап тауып, еппен жүрсін,
Төбетке өлекшіннің бәрі бір бәс».*

Абайдың рухани шәкірті Сұлтанмахмұт Торайғыров кезінде: «Ақыр түбінде қара бұлт ашылып, қазақ жастарының да әлеуметтік теңдікке жететініне, өз елін бақытқа бастар азамат боларына, бүкіл қазақ қауымының қапастан

құтыларына сенімім бар», – деген еді. Алаш зиялылары көксеген сол заман да туды. «Көкжиектегі ақ алтын сызық» алдымыздан жарқырап атып бостандықтың бозша күнін көрдік. Сұлтанмахмұттай жанын жырдың өрті шарпыған ақын бозбала шағында-ақ елдіктің жолында асқақ армандап, биікке қол соза білді. Олар кешегі Абай ағасы көргісі келген жанында қайрат, жүрегінде көз бар жастар болатын. Ал бүгінгі заман ше? Жастар Сұлтанмахмұт шайыр секілді қазақтың аспанына «өрмелеп шығып күн бола ала ма?» Салдуарлыққа салынып қадірін кемітіп жүрген адам ұлты жайлы ойламайды. Бойдағы осы бойкүйездіктен арылсақ қана елім дейтін өскіннің қарасы көбейіп, қатары молаяры хақ. Салдуарлыққа күйлеп жүрген жастарға Абай тағылымын ұқтыру, Тәуелсіздіктің қадірін түсіндіру ең басты мәселе. Абай сөзіне жүгінсек адам бойындағы ең ізгі қасиеттер отбасынан, ошақ қасынан басталады. Қаннан келген әдетке, ата-ананың тәрбиесіне ақын аса мән береді. Адамды қаршадайынан адалдыққа, адамгершілікке, ғылым-білімге, өнер сұлулығына апарар жолға бастап тұрмақ әке мен шешенің пәрменді үлгісінен. Бала болмысының кісілікке, адамдыққа құрылуы да талаптанып білгеге ұмтылуы да жас күнде көрген өнегеден.

*«Біреуді көркі бар деп жақсы көрме,
Лапылдақ көрсе қызар нәпсіге ерме!
Әйел жақсы болмайды көркіменен,
Мінезіне көз жетпей, көңіл бөлме!»*

Осылайша бір-бірлеп тәпсірлесек Хакім Абай өлеңдерінде жас адамның бойында болуы керек күллі мінез-құлықты, әдеп ибаны кеңінен тарқатып көрсете білді. Соның бәрін бойына жұқтырған адам ғана Абай айтқан «толық адам» болып қала алмақ. Ақын өз дәуірінде талапшыл, жаңашыл, ойшыл жастарға дана болып жол нұсқады. Оның

соңынан ерген шәкірттері биік тағылымның асқақ үлгісін көрсете алды. Қазақ даласында ағадан ініге, кешеден бүгінге мирас болып қалатын ұлы дәстүр қалыптасты. Ғұлама Абай айналасына нұр шашып, жарығын жалпыға түсірді. Жарықтан қуат алған көп тіпті де мол шуақ шаша білді. Осылайша қазақтың қараңғы аспаны нұрлана түсті. Абай тағылымынан өнеге алған бүгінгі өскелең ұрпақ та өз жолын тауып, арнасын кеңіте алады.

Әдебиеттер:

1. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық жинағы. – Алматы: Жазушы. –Т.1: Өлеңдер мен аудармалар. –2005. –296 б.

2. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Шығармаларының екі томдық жинағы. – Алматы: Жазушы –Т.2: Өлеңдер мен аудармалар. –2005. –336 б.

3. Байтұрсынұлы А. Ақ жол: Өлеңдер мен тәржімелер, публ.мақалалар және әдеби зерттеу/ Құраст. Р.Рымғалиев. – Алматы: Жалын, 1991. –464 б.

4. Дулатов М. Шығармалары: Өлеңдер, қара сөздер, көсемсөз. – Алматы: «Жазушы», 1991. – 384 б.

5. Абай. Қара сөз. Поэмалар. – Алматы: «Ел», 1993. – 269 б.

6. Абай. Шығармаларының академиялық толық жинағы. Үш томдық. – Алматы: «Жазушы» баспасы, 2020.

7. Әуезов М. Шығармаларының елу томдық жинағы. – Алматы «Дәуір», «Жібек жолы». 2014.

8. Мырзахметұлы М. Абайтану, Он том. – Алматы. «Қазығұрт» баспасы, 2020.

9. Жұртбай Т. Күйесің, жүрек... сүйесің. – Алматы: Санат, 2001. – 408 б.

АБАЙ ӨЛЕҢДЕРІНДЕГІ АНТРОПОМОРФТЫҚ МЕТАФОРЛАР

Әлмира ҚАЛИЕВА,

*М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және
өнер институты бас директорының ғылыми
жұмыс жөніндегі орынбасары, филол.ғ.к.*

Қазіргі уақытта ой мен таным актілерін бейнелейтін механизм ретіндегі метафораның философиялық-эстетикалық мәні зор. Метафоралану құбылысы ой-сананың терең қабаттарындағы зияткерлік процестерді ойлау, сөйлеу/жазу және қабылдау сатылары арқылы бейнелейді.

Метафораның гносеологиялық қырын оның білімді қалыптастырудағы және шындықты түсіну/түсіндірудегі ролі айқындайды. Лакофф пен Джонсонның пікірінше, адамзаттың танымдық ойлау әрекеті әуел бастан метафоралық механизмдер арқылы жүзеге асырылады. Мұны қоршаған ортадағы әрбір зат пен құбылыс атаулының этимологиясындағы метафоралық пайымның іздерінен байқауға болады. Герменевтика тұрғысынан метафора түсіндіру процесінде орталық рөл атқарады. Бұл мәтін, контекст және оқырман арасында сұхбат платформасын құру арқылы жаңа мағыналарды түзуге көмектеседі. Герменевтикалық аспектіде метафора сөздердің мағыналық әлеуетін, түрлі контекстегі өзгерістерін түсіну жолы ретінде қарастырылады. Метафора дерексіз ұғымдарды визуалдандыруға септігін тигізеді. Ол эмпирикалық және трансценденталды, нақты және абстрактілі құбылыстардың өзара үйлесім табуына ықпал етеді.

Тіл философиясында метафора тек экспрессияның ғана емес, іс-әрекеттің де құралы ретінде қарастырылады. Метафоралар адамның шындықпен өзара әрекеттесу

тәсілдерін өзгертумен қоса, ескі категориялар мен қатынастарды қайта жаңғырта алады. Ақиқатқа жету сынды философиялық мұрат контекстінде метафора – шындыққа жақындаудың жолы. Ницшенің пікірінше, адамзат қауымы жасаған метафоралар әлем жаратылысының мәнін жеңілдету үшін жасалатын «иллюзиялар». Ал Кант, Хайдеггер сынды эстетика философтары метафораның жаңа тәжірибе жасаудағы рөліне баса назар аударды. Олардың пайымына сәйкес, метафора әлемді жаңа қырынан көруге мүмкіндік береді. Философиялық тұрғыда метафоралау процесінің мәнін келесі тұжырымдар айқындайды: трансценденттік құрал ретінде метафора эмпирикалық тәжірибеден тыс философиялық концепцияларды түсінуге жол ашады; деконструкция құралы ретінде метафоралық бейне қалыпты ұғымдар мен жүйелерді сыни тұрғыдан қайта бағалауға мүмкіндік береді; метафора әртүрлі философиялық дәстүрлер, мәдениеттер мен тілдер аясында қалыптасып, өзге ортада қабылданады. Былайша айтқанда, метафора – мәдени құндылықтарды тасымалдаушы.

Метафоралау процесінің психологиялық аспектілері ақпаратты қабылдау мен өңдеудің когнитивтік, эмоционалды және әлеуметтік механизмдерімен байланысты. Күрделі ойлау үдерістерінің нәтижесі ретінде метафора ассоциативтік, ақпаратты жүйелеу, ұғымды ықшамдау әрекеттерін сипаттайды. Адамның ой-санасы әртүрлі құбылыстар мен ұғымдар арасындағы ұқсастықтарды анықтау арқылы тосын мәліметтерге қол жеткізеді; күрделі ақпаратты жүйелеуде, абстрактылы ойларды ықшамдап жеткізуде метафоралау механизмі – тиімді тәсіл.

Метафоралау барысында адам санасындағы ескі ақпарат қоры салыстыру, сәйкестік нүктелері мен айырым белгілерін анықтау, ауыстыру сатыларында қолданысқа ие болады. Метафоралаушы ұғым мен метафораланушы ұғым

арасындағы ұқсастықтарды табу дегеніміз түсіну әрекетінің толықтай жүзеге асқандығын білдіреді. Өзара салыстырыла зерделенетін екі нысанға ортақ қасиеттердің айқындалу кезеңі, осылайша, метафоралану барысы болып табылады. Метафораның көмегімен пайымдау барысында рухани сферадағы сезім мен интеллект қатар әрекет жасайды. Бұл оның психологиялық ерекшеліктерінің бірі десек те болады.

Метафораның когнитивтік қырын ескере отырып, тың мағыналы ұғымды түйіндеу, сол арқылы әлем жайлы жаңа түсінікке қол жеткізу секілді күрделі актілердің өзара байланысын ғалымдар шығармашылық үдеріс ретінде бағалайды. «Метафораны түсіну – оның жасалу жолын ойша зерделеу. Ал көркем метафораның түзілу процесіне көптеген факторлардың қатысы болатындықтан, метафоралану, сайып келгенде, жеке-дала шығармашылық үдеріс болып есептеледі» [1].

Сөйлеу тіліндегі көптеген метафоралардың арнайы аналитикалық пайымдаусыз автоматты түрде туындайтыны белгілі. Бүгінгі таңда бұл құбылыс – психолингвистика үшін өзекті мәселелердің бірі.

Метафора тілдік тұлғаның ой-сана сферасындағы тұжырымды өзектендіруге қызмет етеді. Олай болса, оны когнитивтік бірлік ретінде қабылдауға толықтай негіз бар. Ал әлемнің тұжырымдамалық бейнесі когнитивтік бірліктердің жиынтығынан тұрады. Л.В.Калашникова метафоралау үдерісінің ішкі механизмін былайша түсіндіреді: «Метафоралау процесі проблемалық когнитивтік-номинативтік жағдаят тудырады. Ол прагматикалық идея мен мәтіннің сипатына байланысты қандайда бір сөзді/сөйлемді таңдау уәжін қосады. Алайда шын мәнінде салғастыруға келмейтін құбылыстардың ықтималды ұқсастығынсыз процесс іске аспайды. Сәйкессіздік шекарасын бұза отырып, метафора жаңа концептілерді синтездейді. Бұл өз ке-

зегінде «жасандылық ұстанымына» негізделеді. Бұл принцип метафоралану процесіне субъектіні араластырады. Ал субъекті аналогиялар арқылы когнитивтік ыңғайда өңделетін ұқсастықтың ықтималдығы мен адамның білім-білік деңгейіне сәйкес бір құбылысты басқа құбылыспен өлшеу қабілетін анықтайды» [2, 8]. Л.В. Калашникова ойдың метафоралану үрдісінің бір уәжі ретінде сөз саптау барысындағы қажетті ақпараттың тапшылығын өтеуге талпынысты өте орынды байқайды. Зерттеуші тілдегі әлем бейнесін қалыптастыруға септігін тигізетін метафораларды атап өтеді. Олар: сызықтық, холистикалық, тұжырымдамалық, базалық, мифтік, темпоралды.

Метафоралану үдерісін тіл білімі, философия, психология, поэтика, нейрология, физика пәндері тоғысында қарастыратын О.С.Зубкова метафораның мәдени ақпаратты тасымалдаушылық мәнін айқындауға ден қояды: «Метафоралау құбылысының нақты бір лингвомәдени қауымдастық принциптеріне бейімделуі метафоралық пайымдау актін интерсубъективті деңгейге шығарады. Сол арқылы метафоралар теориялық және практикалық танымның бүтіндігі мен өзара ықпалдастығына меңзейтін айрықша әрі тұрақты сана қасиеттерін бейнелейді» [3, 80]. Зерттеуші метафоризацияны философиялық пайымдаудың түрі ретінде қарастыра отырып, әсіресе оның құрамындағы саралау, қорыту әрекеттеріне жан-жақты тоқталады.

Метафора феноменінің бір қыры оның жасалу жолдарының сан алуандығында. Антропоморфтық метафора ұғымы адамға тән қасиеттерді жансыз заттарға, табиғи құбылыстарға, жануарларға немесе дерексіз ұғымдарға ауыстыруды білдіреді. Мұндай метафоралардың негізгі белгілері:

– адамға тән рухани болмысты бейнелеу, эмоция табиғатына үңілу («Қалың ағаш жапырағы /Сыбырласып өзді-өзі»);

– суреттелетін персонажды даралау (персонификация, нысанды тікелей адамға ұқсатып суреттеу. Мысалы: «Жер көгеріп күш алар»);

– қоршаған ортаны субъективті қабылдау үлгісі ретінде баяндау (мысалы, «Күлімсіреп аспан тұр»);

– қандайда бір интенцияны таңбалау («Күн – күйеуін жер көкसेп»);

– психологиялық баяндау жүйесіндегі динамика мен қарқындылықты білдіру («Сыбдыр қағып, бұраңдап ағады су»);

– мәдени көрсеткіш ретінде қолданыс табуы (санада қалыптасқан символдар мен архетиптерге байланысты. Мысалы, күнді тіршілік көзі ретінде бағамдау: «Он сегіз мың бұл ғаламның / Бар тынысы күнде тұр. / Мен сықылды сорлы адамның / Ықтияры сенде тұр»).

Жалпы әлемді жанды қалпында бейнелеуде антропоморфтық метафоралардың маңызы зор. Метафора табиғатын зерттеушілер антропоморфтық метафораларды адамзат танымының антропоцентристік моделі ретінде зерделейді.

Сонымен әдеби дискурстағы антропоморфтық метафоралар – шығармашылық тұлғаның танымдық әдеби санасында адамға тән қасиеттердің заттар мен құбылыстарға телінуі арқылы қалыптасатын әлем бейнесінің бір бөлшегі.

Абай поэзиясында антропоморфтық метафоралар көп жағдайда абстрактылы ұғымдарды сипаттау үшін қолданылған. Әсіресе ақынның ақыл, жүрек, қайрат, т.б. ұғымдарға байланысты пайымдарында осындай ауыстыру үлгілерін жиі кездестіруге болады. Мұндай бейнелі орамдар адамның рухани әлемін, кемелдікке талпыныстары мен ізденістерін мейлінше терең сипаттауға мүмкіндік береді.

Абайдың осы арнадағы метафоралау тәжірибесін автометафора дәрежесінде зерттеудің маңызы ерекше.

Н.Д. Арютунова: «Метафора теориясы» атты жинақтың алғысөзінде автометафораның табиғатына аз-кем тоқталып өтеді: «Метафора мен метаморфозаның тоғысында ақынның шығармашылық психологиясына сәуле түсіретін өзіндік идентификациясы ретінде автометафора туындайды» [4, 30], – дейді. Абай өлеңдерінде «Мен – Мен» моделімен берілетін автометафоралар сирек ұшырасады. Алайда метафоралаудың психологиялық проекция, монолог, етістік тұлғалы метафора тәсілдері арқылы ақынның/лирикалық қаһарманның өзі жайлы танымдық әрекеттерінен зерделеуге болады. Әлбетте, Абайдың ой көрігінен шыққан антропоморфтық метафораны біз тегіс автометафора ретінде қарастырмаймыз. Тек ішкі ой-сезім әлеміне қатысты туындыларда ғана ауыстыру тәсілі автометафоралық құбылыс болып есептелмек.

Өзін-өзі тану үшін ішкі әлеміне үңілетін ақын өмірлік тәжірибелерді қорыту, жүрегіне қаяу салған қайсыбір оқиғалардан сабақ алу, жастық шақты сағыну тәрізді ой-сезім үдерістерін метафоралық бейнелер арқылы таңбалайды. Осы көріністерді Абай өлеңдеріндегі ақындық «Меннің» көркем сипаты арқылы пайымдауға болады.

«Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» туындысындағы:
«Бұл сөзді тасыр ұқпас, талапты ұғар,

Көңілінің көзі ашық, сергек үшін» [5, 122], - деген жолдардағы рухани ояу деген мағынадағы «көңілдің көзі» метафорасы тікелей адам жанарына негізделі отырып, жасалған. Көзі ашық ұғымы әдетте тура мағынада ояу дегенді білдірсе, ауыспалы мағынасы (көмескі дәстүрлі метафора) – сауатты, білімді, әрнәрседен хабары бар адам. Ақын қолданысында көңіл сөзімен тіркескен кезде, мағынасы тереңдей түреді. Автор осы орайда көңіл деп жан, сана, жан сфераларын қамти айтқаны байқалады. «Білімдіден шыққан сөз» шығармасында жоғарыда айтқандай, жеке

пікір-пайымы бар, сарабдал жанның бейнесін көз алданыа әкелетін метафораны көреміз:

«Білімдіден шыққан сөз

Талаптыға болсын кез.

Нұрын, сырын көруге

Көкірегінде болсын көз» [5, 111].

Ақын «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» туындысына дәстүрлі қолданыстағы «уысына түсіру», «қолды сермеу» тұрақты тіркестері метафораға арқау болған:

«Жасымда ғылым бар деп ескермедім,

Пайдасын көре тұра тексермедім.

Ержеткен соң түспеді уысыма,

Қолымды мезгілінен кеш сермедім» [5, 38].

Бір қарағанда, ұлттық санада мөрленіп қалған жаттанды сөз қолданысы болып көрінгенмен, бұл метафоралардың контекстіндегі ойға терең мағына үстейтін ерекше қызметі бар. Көркем дискурста өкініш эмоциясы мен ұмтылыс интенциясы көрініс тапса, когнитивтік арнада ғылымды құндылық ретінде бағамдау парадигмасы бейнелі сөзге арқау болған.

Қайғының көбеюі, өршуі мәніндегі антропоморфтық метафораны төмендегі өлең жолдарынан көреміз. Осы орайда «иыққа шығу» тұрақты тіркесінің басыну, өктемсу, пайдалану сынды жағымсыз семантикалық мазмұны қайғыны лирикалық қаһарманның оппоненті дәрежесінде сипаттайды:

«Қайғы шығып иыққа,

Қамалтпасын тұйыққа,

Сергі, көңілім, сергі енді!» [5, 164]

«Келдік талай жерге енді»

«Онегиннің жауабындағы» жүректі жеке-дара образға айналдырушы «сұм жүрек» («...бәрін ішкен сұм жүрек») метафорасы жүрек иесінің бұрынғы өміріндегі

шалыс басқан қадамдары, соның ішінде пенделік нәпсіге ерген әлсіздігі үшін өкінішін арқау еткен. Осылайша, сұм жүректің мағыналық аясы моральдық, діни, эмоционалды-психологиялық контекстерді қамтиды:

«Пенде көрген бар қызықтың,

Бәрін ішкен сұм жүрек.

Айныған соң, сен жолықтың,

Айтып-айтпай не керек?!» [5, 146].

«Сегіз аяқтағы» «Баяғы қулық, бір алдау, /Қысылған жерде – жан жалдау» [5, 119] көркемдік орамы рецептивтік ыңғайда жанды жеке субъектіге айналдырады. Жан жалдау – субъекті мен оның жанының арасындағы диалектикалық бірліктің жоқтығын айғақтайтын терең философиялық, рухани пайымға құрылған метафора. Жанның қандайда бір бұрыс әрекетке бару туралы тәуекелге келісім беруі (рационалды тұрғыда субъектінің жаман ойдан өз еркімен бас тартпауы) «толық адам» концепті шеңберінде тұлғаның толымсыздығынан хабар береді.

«Білімдіден шыққан сөз» өлеңіндегі эмоциянолды бояуы қанық «Оған ақыл – арам без» [5, 111] тіркесіндегі «арам без» метафорасы арқылы ақын «ұқпай жатып жалығатын» санасыз, надан, тобырға мінездеме жасайды.

«Сабырсыз, арсыз, еріншек», «Сұм дүние тонап жатыр, ісің бар ма?» өлеңдеріндегі «шынның беті», «шынның жүзі» метафораларының жасалу жолы тікелей адам кейпіне ұқсату, даралау интенциясынан туындайды:

«...Өңкей жалған мақтанмен

Шынның бетін бояйды» [5, 79];

«Ет жүрексіз еріннің айтпа сөзін,

Тіл үйренген нәпсінің қу мінезін.

Тілде сүйек, ерінде жиек бар ма,

Шымылдық боп көрсетпес шынның жүзін» [5, 309].

Абай поэтикасындағы авторлығы даусыз, көркемдігі күмәнсіз метафоралық үлгілер ретінде бұл ауыстырулардың мәдени-эстетикалық, моральдық-философиялық нәрі айрықша. Келтірілген қос туындыда шындық – құрбан. Әлдебір жалған мақтансүйер, пайдакүнем, жағымпаз ортаның құрбаны. Бұл екі мысал да – метафоралық ықшам тіркеске аса терең пәлсапа сыйдырудың – жарқын үлгісі. Соңғы шумақтағы «ет жүрексіз еріннің айтпа сөзін» деген тіркесте назар аударуға тұрарлық. Ақын иесінен бір, жүректен екі ажыраған ерінді даралай түсіп, сезімсіз, шындықсыз айтылған қай ойдың да жанды сөз, яғни ақиқат еместігін білдіреді. Оның үстіне бейнелі түрде еріннің сөйлеуі – персонажға тән жасандылық, маска, қойылым тәрізді түйінді ассоциацияларды алға тартады.

Абай жасаған антропоморфтық метафоралардың бір парасы ғашықтық жайынан сыр шертетін лирикалық өлеңдерге тиесілі. «Көзімнің қарасы», «көңілімнің санасы» [5, 185], «Ғашықтың тілі – тілсіз тіл» [5, 222] сынды ауыстырулар сүйгенін ерекше ардақтау, оның өз өміріндегі мәнін әсерлеп жеткізу ниетінен туған. Олардың арасында кейде фольклорлық поэтикадан келе жатқан тұрақты тіркестер де кездеседі. Мысалы, «көзімнің қарасы» – қазақ халқында ғана емес, шығыс елдерінің көпшілігінде қолданыс табатын метафора.

«Көк тұман – алдындағы келер замандағы» иесінен иесінен «бөлініп», дараланып шыққан көз адам баласының өткені мен болашағына зер сала қарайды. Шындығында, автор көзді ерекше мәртебеге бөлейді. Психологиялық проекциядағы көздің реалды антропологиялық дене мүшесі әрі «ой көзі» ролдерін бірге атқарып тұрғаны анық.

«Көк тұман – алдындағы келер заман,

Үмітті сәуле етіп көз көп қадалған.

Көп жылдар көп күнді айдап келе жатыр,

Сипат жоқ, сурет те жоқ, көзім талған» [5, 290].

Үзіндідегі қат-қабат метафоралық құрылымдар жүйесі автордың келер заман туралы уайымын, үмітін, тағатын арқау еткен. Көркем кеңістіктегі «көп күндерді айдап келе жатқан көп жылдар» авторлық метафорасының ұлттық мәдени мазмұны терең.

«Жақсылық ұзақ тұрмайды» – тұла бойы метафоралық өрнектерге тұнып тұрған көркем туынды. Бірғағы, өқрылымы жағынан жыраулық толғауларды еске түсіретін өлеңдегі еңсені басқан ауыр ой мен мұң бар. Автор айналасындағы тіршілік сарынына наласын білдіріп білдіреді:

*Жақсылық ұзақ тұрмайды,
Жамандық әр кез тозбайды.*

.....
*Бір қайғыны ойласаң,
Жүз қайғыны қозғайды.*

.....
*«Кұрсаған бұлт ашылмай,
Аспанның жүзі көгермес.
Үрпейген жүрек басылмай,
Талапты көңіл елермес.
Шырайды қайғы жасырмай,
Күлкінің ерні кезермес.
Шыдасаң есті қашырмай,
Құлдатып, қорғып жібермес*

*Кез келсе қайғы қат-қабат,
Қаңғыртпай қоймас адамды...» [5, 209].*

Дүние-болмыстың құбылыстары жайлы пәлсапаға құрылған өлеңде Абай өмірдің өткіншілігін лирикалық толғанысқа желі етіп толғайды. Абайдың осы арнадағы пайымдарына дуализм тән. Тірішілік ағынындағы жақсылықтың орнын жамандық, қуаныштың орнын қайғы басып жатады. Ақын мұны өмірдің заңдылығы ретінде мойындайды. Поэтикалық мәнде мәтіндегі қайғы, аспан, жүрек,

көңіл, күлкі жеке-дара субъектілер іспетті. Қайғының қайғыны қозғауы, шырайды жасыруы қаңғыртпай қоймауы, аспан жүзінің көгеруі сынды динамизмді білдіретін сөз қолданыстар өлең кеңістігін жандандыра түскен. Ерекше назарға түсетін метафора «күлкінің ерні» тіркесінің бойында бар. Еріндегі күлкі емес, күлген ерін емес, автор таңдауы «күлкінің ерніне» түсіпті. Абай өз өлеңдерінде жүйелі көрініс табатын бос күлкі (ыржақ, қылжаң, тыржаң) концептін дәл осы туындысында даралай түсіп, адамның өзімен теңдес тірі образға айналдырады.

Абай рухани сферадағы абстрактылы ұғымдарды көп жағдайда дертті, жаралы, асау, ұялшақ, т.б. психо-физиологиялық сипаттар арқылы тірілтеді. «Жаралы көңіл жазылар, / Дүниеде рахат бар шығар» [5, 209] сынды мысалдарды ақын поэзиясынан көптеп келтіре беруге болады. Осындай тәсілмен бой көрсететін антропоморфтық метафораларды адамға тән дерттену, сауығу, толғану, қайғыру, аласұру, ұйықтау, күлу, ояну, т.б. сипаттар мен әрекеттер айшықтап тұрады.

«Сағаттың шықылдағы ермек емес» туындысында ақын сағатты тұлғаландыра отырып, уақыт ұғымын философиялық категория пайымдайды. Уақыттың қозғалымы мен беталысы, өмірді тағдыр мәтінде зерделеудегі мәні, ұлы армандар мен мұраттар жайлы толғаныстар жиыла келе, ақын санасында «сағат – ұры» деген ұғымды орнықтырады. Уақыт, замана желі алдындағы адамзат баласының шарасыздығы ақынға осындай ой түйгізеді:

«Сағаттың өзі – ұры шықылдаған,

Өмірді білдірмеген, күнде ұрлаған.

Тиянақ жоқ, тұрлау жоқ, келді, кетті,

Қайта айналмас, бұрылмас бұлдыр заман» [5, 270].

«Көлеңке басын ұзартып» өлеңіндегі уақыт пен болмыс, ой мен көңіл бейнелеріне адами сипаттар тән:

*«Көлеңке басын ұзартып,
Алысты көзден жасырса.
Күнді уақыт қызартып,
Көк жиіктен асырса.
Күңгірт көңілім сырласар
Сұрғұлт тартқан бейуаққа,
Төмен қарап мұңдасар,
Ой жіберіп әр жаққа» [5, 364].*

Өлең бойындағы символдық таңбалардың семиотикасында көлеңке – қараңғылық, онан ары зерделесек, Түннің өзі. Қараңғылықтың қоюлануы – түн құбылысы. Толассыз уақыттың Күнді итеруі түннің билігін күшейтпек. Тегінде, бұл өлеңде әлемдік пәлсападағы жарық пен қараңғылық майданы туралы ойдың өзегі бар.

«Онегиннің өлердегі сөзі» атты Абайдың өз жанынан шығарылған өлеңде Онегин өмірмен қош айтысып, қара жерге қарата былай дейді:

*«...Атам, анам – қара жер,
Сен аша бер қойныңды.
Сенен басқа еш жерден
Таба алмадым орнымды» [5, 158].*

Жауапсыз махаббаттың айықпас дертіне шалдыққан лирикалық қаһарманның өмірден баз кешіп, өлімге бет бұрғандағы ой-толғамы философиялық, психологиялық аспектілерде нанымды. Өлім сәті тақағандағы адамзат ойының тылсымы – ғылымды қатты толғандыратын мәселелердің бірі. Күрделі феномен ретінде ақын-жазушылар да осы тақырыпты өз деңгейінде пайымдауға ұмтылады. Жоғарыда келтірілген үзіндідегі контекстілік жағдай қаһарманның ақтық сөздері арқылы оның ой желісін, пайымын саралауға мүмкіндік береді. Онегин өзін ұлы ғаламның ажырамас бір бөлігі санайды (жерді аке мен ана ретінде қабылдайды); өмір жолының аяқталғаныны саналы түрде мойынсынып,

өлімнен тыныштық тапқысы келеді. Онегин пәлсапасында діни танымға сәйкес ғаламның ұлы циклы, диалектикалық тұтастық туралы түсінік бар. Сөйте тұра, көркемдік тұрғыда қара жердің персонификациялану жағдайы түрлі қызмет атқарады. Мысалы: 1) трагедиялық жағдайда қаһарман мен Жерді өзара теңдес персонаждар деңгейінде зерделеу интенциясы (композициялық ыңғайда); 2) кейіпкердің жалған дүниеден күдер үзіп, қара жерге – өлімге бет бұруы (идеялық ыңғайда).

Абай өлеңдеріндегі антропоморфтық метафоралар терең философиялық және эстетикалық мазмұнға ие. Мұндай ауыстырулардың көп жағдайда адамның ішкі әлемін, рухани ізденістерін, эмоцияларын бейнелеудің маңызды құралы ретінде көрініс табатындығын байқаймыз. Бұл метафоралар абстрактылы ұғымдарды (ақыл, жүрек, қайрат) жанды образдар арқылы көрсетуге, табиғат пен адам болмысы арасындағы тығыз байланысты ашуға мүмкіндік береді. Ақын шығармашылығындағы метафоралау үдерісін танымның антропоцентристік моделі ретінде зерттеудің мәні зор. Абай табиғатты, уақытты, болмысты адам кейпінде сипаттап, олардың қасиеттерін адам мінез-құлқымен байланыстырады. Мысалы, «сағат – ұры» метафорасы арқылы уақыттың құндылығы мен өткіншілігі суреттелсе, табиғат құбылыстары адам мінезімен ұштастырылады. Өлеңдерінде көрініс тапқан автометафоралар ақынның өзіндік «Менін» айқындап, жеке шығармашылық психологиясын ашады. Антропоморфтық метафоралар адамның рухани әлемін терең түсінуге жетелей отырып, эстетикалық, моральдық және мәдени құндылықтарды пайымдаудағы басты құрал қызметін атқарады.

Әдебиеттер:

1. Юрченко И.В. Психологические функции метафорического контекста // Ученые записки: электронный научный журнал Курского государственного университета. – 2012. – № 3 (23). Т. 1. – С.

2. Калашникова Л.В. Метафора как механизм когнитивно-дискурсивного моделирования действительности (на материале художественных текстов). Автореф. дис. на соис. уч. степ. докт. филол. наук. – 2006. – 48 с.

3. Зубкова О.С. Эволюция развития представлений о метафоре и метафоризации в истории науки. – Курск, 2011. – 129 с.

4. Арутюнова Н. Д. Метафора и дискурс. Вступительная статья // Теория метафоры: Сборник / Пер. с англ., фр., нем., исп., польск. яз./ Вступ. ст. и сост. Н. Д. Арутюновой; Общ. ред. Н.Д. Арутюновой и М.А. Журиной. – М.: Прогресс, 1990. – С. 5-32.

5. Абай. Шығармаларының академиялық толық жинағы. Үш томдық. – Алматы, 2020. Т.1.– 640 б.

**М.ӘУЕЗОВТИҢ «ҚАРАШ-ҚАРАШ ОҚИҒАСЫ»
ПОВЕСІНДЕГІ КЕЙБІР СИНТАКСИСТІК
ЕРЕКШЕЛІКТЕР ТУРАЛЫ**

Гүлнұр САҒАНАЕВА

*«Семей қаласының Шәкәрім
атындағы университеті»*

КеАҚ аға оқытушысы, филол.ғ.к.,

Балғын БОЛАТОВА

*«Семей қаласының Шәкәрім
атындағы университеті»*

КеАҚ студенті

Қазақ әдебиетінің асқақ шыңында тұрған бірегей жазушы – Мұхтар Омарханұлы Әуезов. Қазақ әдебиетінің зерттеліп, қалыптасуында алғашқылардың бірі болып қажырлы еңбек етіп, қазақ жазба әдеби тілінің зор үлес қосқан қаламгер ретінде тарихта аты қалды. Сөз өнерін жете меңгеріп, қолданып, әдебиетке жаңа тіркестер, жаңа ұғымдар алып келді. Сөздік қорымызды байытып, талантын да дәлелдеді. Шығармаларындағы ойды әсемдеп, мүсіндеп жеткізу арқылы оқырманға әсер ету – жазушының алдына қойған міндеті десек, М. Әуезов бұл парызын орындай білді. Ол бұл орайда сөздерді сан қилы формада қолданып, әртүрлі қызметте жұмсайды. Сол арқылы сөздің қолданыс аясын кеңейтеді. Қаламгердің қалыптастырған стилі өзі өмір сүріп жатқан кезеңге ғана емес, жалпы ұлт әдебиетіне жаңа дем, толқын, екпін болып енді. М. Әуезов тіліндегі сөз бояулары тек жаңашылдық рөлінде қалып қоймай, өзінен кейінгі қалам тербеген жас жазушылардың жазу өнеріне үлгі болды. М. Әуезовтің тіліне зерттеу еңбектері арналды. Мысалы, Е.Жанпейісовтің «М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясының тілі» монографиясын, Р. Сыздықтың «Сөз құдіреті» еңбегін т.б. атауға болады.

Ғалым Р. Сыздықтың «Сөз құдіреті» еңбегінде сөздің құдіретін түсіне білген және дәріптеп, асқақтата көтерген жазушылардың шығармаларына тоқталып, әдеби тілдің нормаларына сәйкес талдайды. Зерттеуші Мұхтар Әуезовтің тілдік ерекшеліктерінің зерттелу мәселесі жайында былай деп пікір қалдырады: «Ал негізгі сөзіміздің арқауы – Мұхтар Әуезовтің 20-30 жылдардағы әңгіме, повестерінің тілі, яғни бұлардағы жазушының сөз таңдауы, сөз қолданысы, сөз әрлеуі сияқты шеберлік сәттері болса, екінші арқауы көркем прозадағы автор тілі мен кейіпкер тілі, төл сөз бен авторлық ремарканың ұштасуы (қиюласуы), сөз тіркестіру, сөйлем құрастыру, абзац, период тәрізді синтаксистік құрылым ерекшеліктерін сөз ету болмақ» [1, 22-б.]. Соның ішінде ғалымның М. Әуезов шығармашылығындағы синтаксис туралы пікірі өзекті де құнды: «Алыстан қарағанда, Арқалық бұдыры жоқ жалаңаш. Көруге аса көңілсіз. Бұл микротексте соңғы сөйлем синтаксистік тұрғыдан қарағанда, өз алдына тиянақты сөйлем емес, алдыңғы сөйлемнің бірыңғай мүшесінің біреуі: Арқалық тауының бір сипаты бұдыры жоқ жалаңаштығы болса, екінші сипаты көруге аса көңілсіздігі. Таудың осындай сұрықсыздығын баса суретттеу үшін, бірыңғай баяндауыштың біреуін өз алдына шығарып, сөйлем сияқты етіп ұсынған. Осы жерде жазба дүниенің бір ұтымды жерін көреміз. Егер жалаңаш деген сөзден кейін үтір қойылса, тұтас сөйлем қабылданар еді де, Арқалықтың сол бұдыры жоқ жалаңаштығы көруге көңілсіз екендігі оқырман назары айрықша аударылмас еді» [1, 47-б.].

Талдау тілі жалпыға түсінікті, ғалым қаламгер ойын бірізділікке салып, сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді көркем байланыстырып, ұштастырған. Зерттеу еңбегінде жазушы шығармашылығы көркемдік, асқақтық тұрғыда сараланып, автордың өзіне ғана тән әдеби тілінің сан қырлылығын тануымызға мүмкіндік берілген.

М. Әуезов тілі әлі де зерттелуде және жалғаса беретіні даусыз. Қаламгердің тілдік тұлғасын зерделеу мәселесі тоқтамақ емес. Мәселен, А.Османованың «Синонимдес етістіктердің семантика-стилистикалық қызметі» (М. Әуезовтің «Абай жолы» романы бойынша) еңбегін атап өтуімізге болады. Еңбек екі бөлімнен тұрады: бірінші бөлімінде синонимдес етістіктердің мағынасы баяндалып, екінші бөлімде синонимдес етістіктердің стилистикалық қызметі жайында айтылады. Зерттеуші роман-эпопеядағы етістіктерді мағыналық жағынан топтастырып, оларды қолданылуына қарай бөліп, тарқатып түсіндіреді. Мысалы: «күлу – жымию – жарқылдау – жыртандау – күлімсіреу – жымыңдау» сөздері семантикасы жағынан бір ұяға жатады, бірақ олар мәні, реңі жағынан бірдей емес, бірі екіншісінен кең, үшіншісі одан кең. Өйткені «күлу» – дегеннен контекске қарап қарқылдап, сылқылдап, болмаса ыржақтап, селкілдеп, әлде рақатқа батып, назданып күлгенді бағдарласақ, «жымию» дегеннен күлкінің бір сәл нышанын ғана байқаймыз» [2, 37-б.]. Осылайша, А.Османова Мұхтар Әуезовтің роман-эпопеясындағы синонимдес етістіктердің сипатын, стильдік айырмашылықтарын, қолданыстағы орнын және синонимдік қатардағы әр етістіктің семантикалық ерекшеліктеріне тоқтала отырып талдайды. Аталған зерттеу жұмысының мақсаты – М. Әуезовтің синонимдес етістіктерді қалай қолданатынын, қандай жаңа балама етістік немесе тіркестерді құрағанын зерттей отырып, ұлы жазушының өзіне ғана тән тілдік ерекшелігін анықтау.

Күллі әлемдегі ақын-жазушыға ортақ – өнері мен қаламы болса да, бірақ тілі емес. Соның ішінде барша әдеби шығарманың конструкциясының тіреуі, керегесі – сөйлемді зерттейтін синтаксис саласы екені белгілі. Ғалым Р.Сыздықова синтаксистік белгілердің көркем мәтінді жасаушы құрылымдық бірлігі ретінде былай деп анықтама

береді: «Синтаксис – көркем тексттің «жанды» көрсеткіші. Автор, әсіресе өз баяндауында сөйлемдерді қалайша құрды, текст бөліктерін қайтіп бір-біріне ұластырды, сөйлем мүшелерін бір-біріне қалайша қатыстырды, қыстырма (түсініктеме, айқындама) элементтерді текске қалайша сынамаалап енгізді деген сияқты «қалай, қандай, қайтіп»-терді айқындасақ, жазушының алғашқы «сөз құрастыру» шеберлігін танимыз» [1, 46-б.]. Расында, көркем мәтін компоненттерінің жасалу жолы, қиыннан қиыстырылып, ойдың ұштасуы жазушы дүниетанымының, сөздік танымының молдығынан хабар береді. Сондай тәсілдің бірі қаламгер М. Әуезовтің «Қараш-қараш оқиғасы» повесіндегі стилистикалық тұрғыдан айрықша, әрі жиі кездесетін, көңілді баурап, оқырманның оқиға желісіне елігуіне әсер ететін – үнемдеу заңы формаларының қолдану ерекшелігі. Кей сөздерді түсіріп құралатын сөйлем түрі эллипсис М. Әуезов шығармасында автор сөзінде емес, кейіпкер тілінде жиі кездеседі:

«Аға мен жеңге оның жүзіне қатар үңілгенде: «Ер арыса – аруақ...» деп, зорға ғана басын изегендей белгі етті.

«... Ат арыса – тулақ», – деп, Қатша қайнысын ұққан жай білдіріп, бас изеді де, шерлене күрсініп алды.» [3, 192-б.]. Мысалдарда грамматикалық тілдік бірлік жетіспей тұрғанмен, мағынасын жоғалтпайды. Осы тұста мақалдардың ауыз әдебиетінің бөлігі, яғни ауызекі сөйлеу стиліне тән үнемдеу заңдылығына сәйкес ықшамдалып қолданылатынын байқаймыз. Жоғарыдағы мысалға типтес сөйлем: *«Он жылғы еңбегім бір жылы киімге татымаса, малыңның құлағын... Мені қырып ал, өлер жайым жоқ!»* [3, 196-б.].

Повестегі эллипсис сөйлемдердің қолданысы кейіпкердің ішкі дүниесіне бойлауымызға әсер етеді, назарымыз экспрессивтілік мәніне көбірек ауады. Кейіпкердің ішкі

жан айқайын автор ойға екпін тастап, эмоцияға толтырады. Мысалы, антонимдік қолданыс кейіпкердің ішкі ойын білдіруде шебер қолданылады: *«Ішінде «өзім ақпын, сен қарасың, саған не істесем де рауа» деген қияс кекесін, ызалы кек отыр»* [3, 211-б.]. «Ақпын», «қарамын» сөздері стилистикалық тұрғыда жақсы мен жамандықтың, дұрыс пен қатенің ара-жігін білдіруде пайдаланылған.

Қайталама сөздердің қолданысы туралы «Қараш-қараш оқиғасы» повесінің текстологиясы бойынша зерттеулерден 1927 жылы жарық көрген нұсқа мен 1959 жылы басылып шыққан нұсқаларды салыстырып қарағанда өзгерістер енгізілген: «1927 жылғы нұсқа: «Бақтығұл: – Мақұл, мырза, мақұл айтасың», 1959 жылғы нұсқа: «Бақтығұл: – Мырза, мақұл айтасың, көңілім сол оймен лепіріп тұрған соң, шапшаң айтып жатырмын» [4, 278-б.]. Берілген үзіндіден кейінгі шыққан нұсқада қайталамалардың қысқарғанын байқаймыз. Ал қайталама сөздер шығарманың өң бойынан көрініс тауып, нысанды, ойды даралап, нақтылау мақсатында, оның мәнін күшейту үшін көрініс тапқан. Синтаксистік қайталама бойынша мысал: *«Қара болсам, өзге қараласын. Нақ сендер қараласаңдар, көріп алармын, құдай сақта-ақ та!»*. Бірінші сөйлемдегі «қаралау» сөзі екінші сөйлемде де ойды жалғастырып алып кетіп тұр. Қайталау арқылы кейіпкердің сезімдерін танытады. Бұл жайында профессор Б.Майтановтың «Қайталану тіл байлығының кемістігі емес, жазушының көркемдік мәнер нақтылығына ұмтылуын байқатса керек» [5, 279-б.], – деген пікірі маңызды. Тағы бір мысалға назар аударсақ: *«Кескен теректей құлатты ғой мені. Қу жоқшылық бір құлатты. Аямас дұспан соққы жазасы әпкетті, міне, – бар дәрменімді... Нем қалды?.. Тектіғұл інінің орнына кімің қалды сенің?!»* [3, 193-б.]. Сөйлем түзуші мүшелердің орын ауыстырып инверсияға ұшыруы кейіпкер көңіл-күйін, ішкі арпалысын айқын танытып тұр.

Ұлттың тілі, тарихы мен мәдениетін терең меңгерген көрнекті жазушы Мұхтар Әуезовтің шығармасындағы тілдік ерекшеліктерді синтаксистік тұрғыда, оның ішінде үнемдеу заңдылығының формалары бойынша қарастырылуы – автор сөзінен гөрі, кейіпкер сөзінде, кейіпкердің ішкі жан-дүниесіндегі тебіреністерді жеткізу мақсатында қолданылатындығы. Демек, ықшамдалған сөйлемдер грамматикалық жағынан емес, стилистикалық тұрғыдан эмоционалды-экспрессивті мәнге ие екенін ескеруіміз қажет. Мұндай тәсіл жазушы тілінің байлығын көрсетеді. Ауызекі сөйлеу стилінен енген үнемдеу заңдылығының көркем мәтін мазмұнынан орын табуын Мұхтар Әуезовтің мына сөзімен дәйектей аламыз: «Ал әдебиет тілі деген тілді алсақ, ол – халықтың әдебиетке түсіп қалаптанған тілі. Әдебиеттенген тіл де халықтың тілі» [5, 168-бет].

Әдебиеттер:

1. Сыздық Р. Сөз құдіреті. Толықтырылған 2-басылымы. – Алматы: Атамұра, 2005. – 272 б.
2. Османова А. Синонимдес етістіктердің семантика-стилистикалық қызметі (М. Әуезовтің «Абай жолы» романы бойынша). – Алматы: Ғылым, 1991. – 128 б.
3. Әуезов М. «Қорғансыздың күні» әңгімелер, повестер жинағы. – Алматы: Атамұра, 2002. – 432 б.
4. М.О. Әуезовтің көркемдік-дүниетанымдық ізденістері» (1920-30 жылдар) / Құраст.: А.Болсынбаева, Е.Қаныкейұлы. – Алматы, 2006. – 305 б.
5. М.О. Әуезов шығармаларының елу томдық академиялық толық басылымының 30-томы. – Алматы, М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, 2014 ж.

М.ӘУЕЗОВТІҢ ҮЙІ: ҚҰНДЫ ЖӘДІГЕРЛЕР

Салтанат МҰҚАТАЕВА,

*«Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығы
директорының орынбасары, магистр*

1961 жылы Мұхтар Әуезов қайтыс болғаннан кейін ҚазКСР Министрлер Кеңесі жазушы есімін мәңгілік есте қалдыру мақсатында оның тұрған үйін мұражай ету туралы Қаулы шығарды (1961 жылы 10 тамызда). 1963 жылы қарашаның 28-інші жұлдызында Мұхтар Әуезовтің әдеби-мемориалдық музей-үйі өзінің алғашқы келушілеріне есігін ашты.

Екі қабаттан тұратын бұл үйде Мұхтар Әуезов өмірінің соңғы он жылын өткізді (1951-1961). 1951 жылдың 18 тамызында әдебиет зерттеушісі З.С. Кедринаға жазған хатында мұнда жанұясымен 1951 жылы маусымның аяғында көшіп келгенін, ал үй құрылысы 1950 жылдың мамыр айында басталғанын хабарлайды. Осы үйде қаламгер әйгілі төрт томдық «Абай жолы» роман-эпопеясына байланысты ұзақ жылдарға созылған қажырлы еңбегіне осы үйде аяқтаған.

Бұл үйдің жобасын жасаған сәулетші Георгий Герасимов. Үйде жеті бөлме бар, оның төртеуі – бірінші қабатта, үшеуі – екінші қабатта орналасқан.

Ұлы жазушы М.О. Әуезовтің 1951-1961 жылдар арасында тұрған үйі – қазіргі таңда **«Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығы.**

Қазақ ССР Министрлер Советінің қаулысы Алматы, Үкімет үйі, 10 тамыз, 1961 жыл қаулысына сәйкес:

3 қаулы. «Поручить Министерству культуры Казахской ССР, Союзу писателей Казахстана и Академии наук Казахской ССР организовать в г. Алма-Ате дом-музей М.О. Ауэзова».

Осы негізге орай Ауэзова Валентина Николаевна болашақ музей үшін жазушыдан қалған барлық мұраны Қазақ Ғылым Академиясының М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтына тегін береді, ол бойынша Нурмагамбетова Оразгуль Амিরалиевна арасында келісім жасалған.

Онда жазушының үйі жиһаздарымен, жеке заттары, фотосуреттер, жеке кітапханасы толықтай Институт қорына өткендігі көрсетілген. **Бұл құжаттар ЛММА КП-1 №3667** папкасында «Квартал №194 Ул. М. Тулебаева дом №185. Район Фрунзенский. г. Алма-Ата. Начато 26 августа 1964 г.»

1. Документы.

2. Схематические планы (на кальке) **бумасында сақтаулы тұр.**

Ләйла Мұхтарқызы Әуезова өмірінің соңы 1993 жылға дейін, осы музей ісін дамытып, жәдігерлерді сақтап, насихаттап, ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысады, музей меңгерушісі, директоры қызметтерін атқарған.

Музей құрылған кезінен бүгінгі күнге дейін 1963, 1973, 1997, 2022 жылдары 4 рет күрделі жөндеу жұмыстары, қайта қалпына келтіру жұмыстарынан өткен.

М.О. Әуезов мұражай-үйінің тарихы жайында Ләйла Мұхтарқызы Әуезова, Андабек Калибекович Қуанышбаев, Диар Асқарұлы Қонаев, Талатбек Әкімов, Рафат Әбдіғұлов, Санагүл Майлыбай, Гүлзия Пірәлі, Ермек Ханкей, Аманжол Болсынбаева, т.б. мақалалары, жұмыстары бар. Ол еңбектерде музей тарихындағы экспозицияның өзіндік ерекшеліктері жайлы жан-жақты мәліметтер береді.

Әуезов музейінде әр жылдарда әдебиеттанушы-ғалым, аудармашы, сыншы **Баламер Сахариев**, абайтанушы, мұхтартанушы, филология ғылымдарының докторы,

профессор **Мекемтас Мырзахметов**, көрнекті әдебиет зерттеуші **Керимбек Сыздықов**, жазушы **Зейнолла Сериккалиев**, филология ғылымдарының докторы **Тұрсын Жұртбай**, филология ғылымдарының докторы, профессор **Бахытхан Кауасканович Майтанов**, ғылыми қызметкерлер, жазушылар Раушан Кайшыбаева, Келіс Рахымжановтар қызмет еткен. М.О. Әуезовтің өмірі мен шығармашылығын терең зерттеген.

«Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығы ұлы жазушы М.Әуезовтің бүкіл әдеби, ғылыми, тарихи, мәдени мұраларын болашақ ұрпақ үшін сақтап, оларды ғылыми тұрғыдан зерттеп, оның нәтижелерін насихаттауда маңызды рөл атқарады.

Әуезовтің музей-үйі – құнды жәдігерлерге толы. Ғылыми қор 71 042 бірліктен тұрады. Онда суреткер М.Әуезовтің шығармашылық тұлғасын жан-жақты ашатын 600-ге жуық папкада әдеби мол мұрасы сақталған.

Негізгі қорда қолжазбалар: әңгімелер, повестер, «Абай жолы» роман-эпопеясы, пьесалар, либретто, киносценарийлер, сөйлеген сөздері, баяндамалары, мақалалары, ғылыми еңбектері, дәрістері, пікірлері, баспалармен іскерлік жазбалар, әріптестеріне жазған хаттары, М.Әуезовке оқырмандарының, әріптестерінің жазған хаттары, жеке іс-парақтары, архив документтері және т.б. – 56 911 бірлікті құрайды;

«Жәдігерлер» – тұрмыстық заттар, сыйлықтар, фотосуреттер, костюм эскиздері, бағдарламалар, бейнелеу өнері туындылары, графика, афишалар, макеттер, құттықтау қағаздары, т.б. – **6121 бірлік;**

«Фотокөшірмелер» - түрлі-түсті және қара-ақ түсті М.Әуезов портреттері, отбасы мүшелерінің, туыстарының, Қазақстан және басқа елдер жазушыларымен, ғалымдары-

мен бірге түскен, көптеген шетелдің қоғам қайраткерлерімен түскен фотокошірмелер – **1114 бірлік**;

Негативтер – 2855 бірлік;

«М.Әуезовтің жеке кітапханасы» - 5155 бірлік;

Фонодокументтер – спектакльдерге, М.Әуезовтің еңбектері бойынша қойылған дауыстар, М. Әуезовтің сөйлеген сәттерінен – **34 бірлік**.

Жазушы музей-үйіндегі музей жәдігерлерін жүйелі зерттеу тарихи сананы қалыптастырып, ұлттық сана-сезімді оятуға ықпал етеді.

Музей жәдігерлерін сипаттауда, музей қорларын паспорттандыру жұмыстарында: заттың атауы, инвентарлық номері, қорға түсу датасы, материалы, саны, өлшемі, бағасы (сатып алғанда), түсу жолы, жасалу әдісі, қандай жерге, бөлімге түсті, сақталу деңгейі, даталар, жазулар, қолтаңбалар, белгілер, заттың, коллекцияның суреттемесі, қосымша мәліметтер, әдебиеттер, өзгерістер туралы мәліметтер (заттар, коллекциялар, қолжазбалар) датасы, мүмкіндігіне, қажеттілігіне қарай заттың фотосуреті қолданылады.

Алматы қаласы, Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасынан 1977 жылы **«М.О. Әуезовтің қолжазба мұрасы»** М.О.Әуезов архивінің ғылыми сипаттамасы жасалынған.

Бұл кітапта М.О. Әуезовтің архивінде сақталған қолжазба мұрасына ғылыми сипаттама беріліп, жазушының баспасөз бетінде жарияланған және жарияланбаған шығармалары, жалпы жазбалары хатқа түскен.

Қазіргі таңда музей ісіне жаңаша көзқарастар туындап, заман талабына сай инновациялық ғылыми-техникалармен, ақпараттық технологияларды дамыту ісі қолға алынды.

Қор материалдары компьютерлік жүйелеу, мәліметтерді бір орталықтан ақпараттандыру көзделді. Әуезов

үйі экспонаттарын ақпараттандыру мәселелерін іс жүзіне асыра бастады. Экспонаттарды электрондық паспорттау жұмыстары жүргізіліп отыр. Әр жәдігердің сапалы өңделген 3 D форматта сақтауға электронды нұсқасын қолжетімді ету іске асырылуда.

Оған дәлел соңғы 2022 жылы «М.О. Әуезовтің өмірі мен шығармашылығы залдарына» қайта жаңғырту жұмыстары жүргізіліп, «Әуезов үйі» қызметкерлері жаңа концепциялар негізінде залдарды қордағы жаңа экспонаттармен, оларға арнайы қазақ-орыс-ағылшын тілдерінде жаңа технологиялар Q-code, экран-тачтар арқылы ақпараттар алуға қолжетімді етті. Қорымызда сақталған деректі фильмдер, көркем фильмдерді, жанды дауыстарды проек-тор арқылы, тач-экран арқылы көруге, тыңдауға мүмкіндік туып отыр.

Құнды жәдігерлерден, мен «Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығы қорында саталған **«Дом Мухтара Ауэзова»** деп аталатын қоңыр түсті фотоальбомға тоқталғым келіп отыр. Ол **№2 фото қорап, «Дом М. О. Ауэзова (1951-1961г.г.)»** деп аталатын бумада сақталған.

Сыртында сұр матадан жасалған сауыты бар, буклеттен алынған Музей-үйдің сыртқы мұқабасы жабыстырылған. «Бригада. Для служебного использования»; «Запад мкр-ны Казгор 1966 год» деген жазулары бар. Альбом 40 бет және 45 фотосуреттерден тұрады. Сонымен қатар қосымша 11 фото инвентарлық номерларымен белгіленген. ЛММА КП-1 №797, ЛММА КП-1 №798, ЛММА КП-1 №799; ЛММА КП-2 №3585, ЛММА КП-2 №3588, ЛММА КП-2 №3586, ЛММА КП-2 №3587, ЛММА КП-2 №3589, ЛММА КП-2 №3590, ЛММА КП-2 №3592, ЛММА КП-2 №3593.

Осы альбомның екінші данасы биылғы жылы 2024 жылдың шілде айында қорымызға түсіп отыр.

Бұл альбомды Диар Асқарұлына Г.Герасимовтың немересі **Герасимова сыйға тарқан екен.**

Жоғарыда көрсетілген фотосуреттер орын тәртібі бойынша ауысады, қайталанады, тек қосымша 1 фото альбомда бар екендігіне көз жеткізуге болады. Ол - Георгий Герасимовтың жұмысшылар бригадасымен түскен фотосуреті.

Назарларыңызды фотосуретке ұсынамын. Дайындалған презентацияны тамашалайық.

«Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығы еліміздің көрнекті тарихи-мәдени ескерткіштерінің бірі болып табылады. Музейге жылына мыңдаған көрермендер келіп жатады.

Назарларыңызға көп Рахмет!

М.О. ӘУЕЗОВ ЖӘНЕ ХАЛЫҚ МҰРАСЫН ЖИНАУ, ЖАРИЯЛАУ, ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аида ХАСАНОВА,
Абай атындағы ҚазҰПУ
PhD докторанты




Мұхтар Әуезовтің бала кезі оның кейінгі шығармашылық өміріне үлкен ықпал еткен. Ол 1897 жылы 28 қыркүйекте қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Абай ауданында, атақты Шыңғыстау өңірінде дүниеге келген. Мұхтардың әкесі Омархан, атасы Әуез ауылдың сауатты, білімді адамдары болған. Әуезден Мұхтар ерте жастан бастап ауыз әдебиетін тыңдап, қазақтың бай фольклорымен таныс болды. Әуездің үйінде қазақ халқының танымал ақындары, жыршылары жиі қонақ болатын, бұл Мұхтардың әдебиетке деген қызығушылығын арттырды. Мұхтар Әуезовтің балалық шағы қазақ халқының салт-дәстүрлеріне, ауыз әдебиетіне жақын ортада өтті. Ол бала кезінде Абай Құнанбайұлының шығармашылығымен де жақын таныс болды, өйткені оның атасы Әуез Абайдың шәкірті болған. Бұл Мұхтарға зор ықпал етіп, оның кейінгі жылдарда Абай өмірі мен шығармашылығына арнаған үлкен еңбектер жазуына түрткі болды.

Мұхтар бала кезінен-ақ зерек, білімге құштар болды. Алғашқы білімін ауыл молдасынан алған ол кейіннен Семей қаласындағы медреседе және орыс мектебінде оқыды. Бұл білім ордалары оған қазақ және орыс әдебиетін тереңірек танып-білуге мүмкіндік берді. Әуезовтің балалық шағы оның болашақ шығармашылық жолының негізін қалаған маңызды кезең болды.

Мұхтар Әуезов – қазақ әдебиетінің классигі, көптеген жанрда еңбек еткен жазушы. Ол тек ересектерге ғана

емес, сонымен қатар балаларға арналған шығармашылық еңбектерімен де танымал. Әуезовтің балаларға арналған шығармалары көркемдік құндылығымен қатар, тәрбиелік мәнімен ерекшеленеді. Ол балалар әдебиетінде қазақ халқының салт-дәстүрлерін, мәдениетін, адамгершілік құндылықтарын насихаттаған.

Мұхтар Әуезовтің балаларға арналған шығармаларының кейбірі:



1. «Көксерек» – Әуезовтің ең танымал әңгімелерінің бірі. Бұл шығармада табиғат пен адам арасындағы қарым-қатынас, аңшылық және адамгершілік тақырыптары қозғалады. Шығарма жас оқырмандарға жануарларға деген құрметті, мейірімділікті үйретеді.

2. «Қараш-қараш оқиғасы» – Әуезовтің бала тәрбиесіне арналған туындыларының бірі. Шығарманың кейіпкерлері қиын өмірлік жағдайларға тап болады, олардың өмір жолы арқылы адалдық, ерлік және табандылық құндылықтары көрсетіледі.

3. «Жетім» – Алғашқы жылдары жазылған көркем туындыларында елдің тұрмыс-тіршілігін, әлеуметтік жағдайын суреттеуге басымдық берсе, 20-жылдардың ортасына қарай жазылған еңбектерінде ұлт тағдырына деген алаң-

даушылығы байқалды. Прозалық шығармаларында адам әрекетін әлеуметтік-қоғамдық жағдайлармен байланыстырып, кейіпкер психологиясының иірімдерін, халық тіршілігін, ұлттық сипатын шебер суреттей білген. Оның оқу-ағарту ісіне, драматургия саласына сіңірген еңбегі де ұшан-теңіз.

Бұл шығармалар балаларға табиғатты сүюді, жанашырлықты, адалдықты, адамгершілікті үйретуге бағытталған, әрі олардың ой-өрісін кеңейтуге септігін тигізеді.

Мұхтар Әуезов – қазақ әдебиетінің XX ғасырдағы қазақ әдебиетінің дамуына орасан зор үлес қосқан жазушы, драматург, ғалым, әдебиеттанушы. Әуезовтің әдебиеттегі орны ерекше, себебі ол тек шығармалар жазып қана қоймай, қазақ әдебиеті мен мәдениетін әлемдік деңгейге көтерген, қазақ әдебиетінің ғылыми негізін қалаған.

Проза

Драма

Әдеби сын мен
зерттеу

Қазақ фольклоры
және ауыз
әдебиеті

1. Проза: Әуезов қазақ прозасының дамуына зор үлес қосты. Оның ең танымал шығармасы – *«Абай жолы» эпопеясы*. Бұл туынды қазақ халқының мәдениеті, тұрмыс-салты, әлеуметтік өмірі мен Абай Құнанбайұлының өмір жолы арқылы қазақ тарихының үлкен кезеңін суреттейді. «Абай жолы» – қазақ әдебиетінің інжу-маржаны және

Әуезовтің әлемдік әдебиеттегі танымалдығын арттырған шығарма.

2. Драма: Әуезов қазақ драматургиясының негізін қалаушылардың бірі болды. Оның «Еңлік-Кебек», «Қарагөз», «Айман-Шолпан», «Түнгі сарын» секілді пьесалары қазақ театр өнерінің қалыптасуына зор ықпал етті. Әуезовтің драматургиясы қазақ халқының тарихи және заманауи өмірін бейнелеп, терең психологиялық суреттемелермен ерекшеленеді.

3. Әдеби сын мен зерттеу: Әуезов қазақ әдебиетінің ғылыми-зерттеу саласына да үлкен үлес қосты. Ол Абай Құнанбайұлының шығармашылығын зерттеп, Абай мұрасын насихаттауға зор еңбек сіңірді. Әуезовтің Абай туралы монографиялық еңбектері қазақ әдебиеттануының маңызды салаларының бірі болып саналады.

4. Қазақ фольклоры және ауыз әдебиеті: Әуезов қазақтың бай ауыз әдебиетін терең зерттеп, оны жаңа деңгейге көтерді. Оның шығармаларында қазақтың салт-дәстүрлері, аңыздары, жырлары көрініс табады. Мысалы, «Көксерек» әңгімесі қазақ халқының табиғатқа, жануарлар дүниесіне деген көзқарасын шынайы бейнелейді.

Әуезовтің әдебиеттегі маңызы:

– Қазақ мәдениетінің ұлы қайраткері: Әуезов тек қазақ әдебиетінде ғана емес, жалпы түркі халықтарының әдебиетінде де маңызды орынға ие. Ол өзінің шығармалары арқылы қазақ халқының рухани өмірін, мәдени құндылықтарын әлемге танытты.

– Қазақ әдебиетінің реформаторы: Әуезов қазақ әдебиетіне жаңа жанрлар мен формаларды енгізіп, қазақ прозасы мен драматургиясының дамуына айрықша үлес қосты.

– Әлемдік деңгейдегі жазушы: Әуезовтің «Абай жолы» романы әлемнің көптеген тілдеріне аударылып, халықаралық әдеби қауымдастық тарапынан жоғары бағаланды.

Әуезовтің әдебиетке сіңірген еңбегі қазақ халқының ұлттық санасын қалыптастырып, оның мәдени мұрасын байытты.

Әдебиеттер:

1. Мұқаметқанов С. Мұхтар Әуезов: өмірі мен шығармашылығы. – Алматы: Қазақ университеті, 1995.
2. Қабдолов З. Менің Әуезовім. – Алматы: Жазушы, 2001.
3. Сейфуллин С. Әдебиет майданы. – Алматы: Қазақ университеті, 1935.
4. Исмаилов Е. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Ғылым, 1948.

АБАЙДЫҢ РУХАНИ УНИВЕРСУМЫНДАҒЫ АДАМЗАТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР МӘСЕЛЕСІ

Айдана ЖҰМАТАЕВА,

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет

және өнер институты

Абайтану бөлімінің ғылыми қызметкері,

магистр

Қазіргі дамыған қоғамдарда немесе демократияны жоғары деңгейде сезінетін өркениетті елдерде адам және оның өмір салты жоғары мәнге ие. Жеке тұлғаның құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу, еркіндік пен модернизмнің игілігін көру, ашық, әділетті қоғам құруға ұмтылу бүгінгі адамдардың әмбебап құндылықтары болып табылады. Себебі философтар жазғандай, «қазіргі кезеңде ұлттық, таптық, топтық құндылықтарға қарағанда, жалпыадамзаттық құндылықтар приоритеті маңызға ие болып отыр» [1; 156-б.]. Осыған сәйкес қазақтың дәстүрлі мәдениетінің рухын құлатпастан ішкі тепе-теңдікті сақтай отырып, материалдық әрі рухани прогреске қол жеткізуде дана Абайдың адамзаттық құндылықтарға негізделген жантану, «толық адам» ілімдері бағдаршам болары анық. Себебі жалпыадамзаттық мәселелер Абайдың бүкіл әдеби мұрасының негізгі өзегін, концептілік өрісін құрайды. Батыс пен Шығыстың рухани мәдениетін қатар сіңірсе де, Абай адамзаттық мәселелерді батыстық философияға сай сана мен ойлау, болмыс пен материя немесе Шығыстағы сопылық дүниетаным тұрғысынан ғана емес, ерекше мәдени-антропологиялық көзқараспен қабылдады. Осы орайда белгілі абайтанушы-ғалым М.Мырзахметұлы Абайдың «дүниенің көрінген һәм көрінбеген сыры» туралы «Жетінші қара сөзіндегі» даналық ойларын интерпретациялай отырып,

бүгінгі Батыс елдерінің дүниенің көрінген сырын тануға деген ұмтылыстары (материалдық-заттық игілікті молайту, баюға шешуші мән беру) оларды имансыздық жолға түсіріп, моральдық қасіретке ұшыратқанын айтады [2; 221-б.].

Жалпы, құндылық категориясына және оның классификациясына тоқталсақ, аталмыш пән сөзі туралы пайымдаулар алғаш Сократтың ой-танымдарында сөз болады. Грек ойшылы бұл атауды арнайы қолданбағанымен, «Игілік деген не?» деген сауалға жауап іздеу арқылы құндылық ұғымының философиялық түйінін тұжырымдайды. Абай хәкім деп бағалаған Сократтың пайымдауынша «игілік, құндылық деген қоғамға, адамзатқа пайдалы болу» деп түсіндірілсе, шәкірті Платон және оның ізбасарларының пікірі бойынша «құндылық» сұлулық пен ізгілік категорияларымен байланысты қабылданады. Абай да «Отыз жетінші қара сөзінде»: «Әкесінің баласы – адамның дұшпаны, Адамның баласы – бауырың. ...Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың; адамдықтың қарызы үшін еңбек қылсаң Алланың сүйген құлының бірі боласың» [3; 99-б.], – деп адамзаттық құндылық туралы позициясын сократтық диалектика және ислами призма тұрғысынан түсіндіреді. Сондай-ақ, ортағасырдағы араб-парсы ойшылдары да «игілік» (не'мат) сөзін құндылық мағынасында қолдана отырып, өмірдің барлық игілігін «анық» (зохири) және «жасырын, құпия» (ботини) деп екіге бөледі. Әрі қарай сезім арқылы білуге болатын құндылықтар айқын, ал ақылмен анықталатын құндылықтарды құпия деп анықтама береді [4; 63-б.]. Абайдың «Жетінші сөзіндегі» «тән құмар» мен «жан құмары» туралы аксиологиялық көзқарасы осы орта ғасырдағы араб-парсы ғұламаларының ілімінде айтылатын пікірді қуаттайды. Бірақ Абайдың көркемдік әлеміндегі жалпыадамзаттық құндылықтар жүйесіне қатысты интермәтіндік құбылыстар авторлық сентенцияға

айналып кетеді. Абайдың адамзаттық құндылықтар туралы көзқарасында Сократ пен Платонның, Батыстың, Шығыс мұсылмандық философия мен араб-парсы мәдениеті белгілі бір мәртебеге ие болғанымен, әлемдік гуманизмнің тарихында ақын өзіндік интуитивті пайым тұрғысынан елеулі із қалдырды.

Ал бүгінгі құндылықтар иерархиясында оның әртүрлі түрлері бар. Атап айтқанда, рухани және материалдық құндылықтар; экономикалық, діни, моральдық, жеке, ұлттық, ұжымдық, адамзаттық құндылықтар сияқты түрлі кластарға жіктеледі. Соның ішінде бүгінгі аксиологиялық бағдар үшін ең өзекті әрі маңызды орынды адамзаттық құндылықтар алады. Абай «құндылық» пән сөзін арнайы қолданбағанымен, шығармаларында ақиқат, ізгілік, имандылық, адамгершілік, еңбексүйгіштік, ар-ұят, сұлулық, еркіндік, ғылым, білім т.б. абсолютті қағидалары арқылы аксиологиялық тұжырымдардың негізін қалады. Мәселен, «Тотықұс түсті көбелек» өлеңінде:

*«Адамзатқа не керек:
Сүймек, сезбек, кейімек,
Харекет қылмақ, жүгірмек,*

Ақылмен ойлап сөйлемек» [5; 407-б.], – деп азаматтық санасы арқылы адамзат тарихындағы мәңгілік мәселелердің мынадай бес қағидасын атайды:

*Сүю;
Сезу;
Кею;
Харекет қылу;
Ақылмен ойлап сөйлеу.*

Адамзаттың рухани өмірінде терең із қалдырған Абайдың жалпыадамзаттық құндылықтар жайындағы ұстанымдары ақынның иманигүл ілімінің өзегіне айналған үш сүю танымына негізделген. Абай Алланы, адамзатты және

әділетті сүюді күллі адам баласына өсиет ете отырып, әсіресе, Ақиқатты, яғни Алланы, Хақты тануды жалпыадамзаттық құндылықтардың сақтаушысы ретінде сипаттайды. Ақын «Лай суға мал бітпес қой өткенге» өлеңінде де:

«Мекен берген, халиқ қылған Ол ләмәкән¹,

Түп иесін көксемей бола ма екен?

Және Оған қайтпақсың оны ойламай,

Басқа мақсат ақылға тола ма екен?» [сонда, 262-б.], – деп өзінді жаратқан, мекен берген, бірақ өзі мекенге мұқтаж емес Алла Тағаланы сүю, қалау, Оны еске алу және түбінде Оған қайтатынын ойлау ақыл иесі болған адамзат баласының екі дүниесіне оң ықпалын тигізіп, қоғамды ізгілікке жетелейтініне сендіреді. Осы ой-пайымын «Отыз сегізінші қара сөзінде»: «Алла тағала өзі – хақиқат жолы, хақиқат пен рас – қиянаттың дұшпаны. ...Енді хақиқат сүйіп, шынды білмек құмарың бар болса, адамшылыққа лайықты ықыласты құлағыңды қой. Әуелі дін исламның жолындағы пенделер иманның хақиқатын білсін» [3; 102-б.], – деп шын мәнісінде хақиқатты тану арқылы Алланы сүюді барша жамандық атаулыны жойып, рухани құнсыздандудың алдын алатын мәңгілік құбылыс ретінде түсіндіреді. Одан әрі ақын «Жастықтың оты жалындап» өлеңінде:

«Досыңа достық – қарыз іс,

Дұшпаныңа әділ бол!», [5; 198-б.] – десе, «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» туындысында:

«Махаббатпен жаратқан адамзатты,

Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті.

Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,

Және Хақ жолы осы деп әділетті», [сонда, 408-б.] – деп жалпыадамзаттық құндылықтардың бірегей идеяларын әділеттілік пен адамзатты сүюден іздейді. Ақынның «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» концепциясы адам

¹ Мекенсіз (Бұл жерде Алла Тағаланы айтып отыр).

баласын қандық туысқандық тұрғысынан емес, одан әлдеқайда биік, жалпыадамзаттық масштабта сүюді насихаттайды. Абайдың ұстанымы қасиетті Құрандағы: «Шын мәнінде, мүміндер бір-біріне бауыр» [6; 588-б.] деген бір ғана аяттағы насихатқа сәйкес мұсылманшылдық сезіммен шектелмей, дініне, сеніміне, нәсіліне қарамастан адам баласының бәрін сүюді дәріптейді. Сондай-ақ, Абай, тіпті жауға да әділетті болуды уағыздай отырып, әділеттілік феноменін бүкіл ымырасыздық пен дұшпандықты артқа шегіндіріп, өркениетті, мәдениетті, салауатты қарым-қатынас орнатудың кепілі ретінде қарастырады.

Жоғарыда атап өткеніміздей, Абайдың адамзатқа қажет деп білген және адам баласындағы көптеген рухани кеселдерге шипа болатын екінші қағидасы – сезу. Мұны ақын адам болмысында маңызды рөл атқаратын ішкі, сыртқы сезімдермен тікелей байланысты қарастырады. Ақын «Жетінші қара сөзінде»: «Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады: біреуі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Бұлар – тәннің құмары, бұлар болмаса, тән жанға қонақ үй бола алмайды. Һәм өзі өспейді, қуат таппайды. Біреуі – білсем екен демеклік. Не көрсе соған талпынып, жалтыр-жұлтыр еткен болса, оған қызығып, аузына салып, дәмін татып қарап, тамағына, бетіне басып қарап, сырнайкерней болса, дауысына ұмтылып, онан ержетіңкірегенде ит үрсе де, мал шуласа да, біреу күлсе де, біреу жыласа да тұра жүгіріп, «ол немене?», «бұл немене?» деп, «ол неге үйтеді?» деп, «бұл неге бүйтеді?» деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі – жан құмары, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деген» [сонда, 58-б.], – десе, «Он тоғызыншы қара сөзінде»: «Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады» [сонда, 73-

б.], – деп әрбір жеке тұлғаның санасында, дүниетанымында болуы тиіс екі түрлі, яғни, ішкі-сыртқы сезімдердің үйлесімділігін атайды. Себебі сезім адамның ақыл-ойынан бастап өмір сүруінің бүкіл аспектілеріне әсер ететін ерекше құбылыс болып табылады. Яғни, шын мәнісінде, сезім, бұл – моральдық категория. Өйткені айналадағы сұлулықты, ізгілікті, жақсы мен жаманды ең әуелі сезімталдықпен танимыз. Демек, ақиқат шындықты танудың күрделі үдерісінде Абай атайтын ішкі, сыртқы сезімдердің белгілі бір деңгейде өзіндік маңызды орны бар. Мұны Абай өзінің хауас жайлы ой-танымында дүниетанымдық әрі діни-шариғи үкім тұрғысынан зерделейді. Ғалымдардың пікірінше Абай хауас ұғымын үш түрлі мағыналық сипатта қолданады [7; 73-б.]. Әуелгісі – «Сократ хакімнің сөзі» дейтін «Жиырма жетінші қара сөзінде» келтіретін адамға Жаратушы берген «хауаси хамсәи заһири» (сыртқы бес сезім мүшесі – көз, құлақ, мұрын, тіл мен таңдай және қолмен ұстау (түйсіну) арқылы сыртқы ортадан ақпарат алу; екінші – осы аталған сыртқы бес сезім мүшелерінің саулығын тән саулығы немесе «хауас сәлим» деп атайды («Отыз сегізінші қара сөз») және ақын мұны адамның тумысынан қалыптасатын тектілік, зиялылықпен байланыстыра отырып, жан қуаты ретінде түсіндіреді; үшінші, сыртқы сезімдердің жанның жибилі қуаты арқылы ішкі сезімдерге әсер етуін «хауас» деп таниды. Ендеше, Абайдың тұжырымы бойынша сезімдік танымның көмегімен адамзатқа керек құндылықтарды меңгеріп, интеллектуалдық тұрғыда дами аламыз. Яғни, сезім мүшелері арқылы алынған ақпараттардың арқасында салиқалы, парасатты таным немесе әдепсіз ойлар қалыптасады. Бұл өз кезегінде адамның рухани-адамгершілік болмысының жетілу жолындағы негізгі фактор болып табылатын адамзаттық құндылықтардың орнығуына ықпал етеді.

Енді ақынның пайымдауынша адамзат баласына керек үшінші қағида – кею. «Адам баласы жылап туады, кейіп өледі. Екі ортада, бұ дүниенің рахатының қайда екенін білмей, бірін-бірі аңдып, біріне бірі мақтанып, есіл өмірді ескерусіз, босқа, жарамсыз қылықпен, қор етіп өткізеді де, таусылған күнде бір күндік өмірді бар малына сатып алуға таба алмайды» [3; 55-б.], – дейді «Төртінші қара сөзінде». Абай осылайша біреудің басындағы бағын күндеп, өз-өзінен аласұрып, жанұшыра күйініп жүріп, өткінші дүниені мәнсіз, сапасыз, өнімсіз өткізуді айыптайды. Ал негізінде, Абай:

«Көзінен басқа ойы жоқ,

Адамның надан әуресі.

Сонда да көңілі тым-ақ тоқ,

Жайқаң-қайқаң әрнесі» [5; 196-б.], – деп «жасында ғылым барын ескерместен», өнер-білімнен, ғылым мен мәдениеттен, кісілік қасиеттерден ада бола тұра, сонысына титтей де қапаланып, қамығып, кейістенбей, керісінше қайғысыз, қамсыз жүрген надандық санаға ызаланады. Жоғарыда келтірген қара сөзінде: «...әрбір жаман кісінің қылығына күлсең, оған рахаттанып күлме, ыза болғаныңнан күл, ызалы күлкі – өзі де қайғы» [3; 54-б.], – дегенде ақын күлкінің аксиологиялық мәнін ашады. Сондықтан да ақын әрбір кесапатты, жағымсыз іс-әрекетті көргенде, адам баласы кейістік білдіріп, жирене білуі қажеттігін өсиеттейді. Жеке адамнан бастап тұтас қоғамның тағдырына кері ықпалын тигізетін немқұрайлық, енжарлық, талғаусыздық, парықсыздық, байыпсыздық, селқостық сынды антикұндылықтардың бәрі де айналып келгенде, Абай айтқан ұнамсыз амалдарға деген кею, қынжылу, күйіну сезімдерінің жоқтығынан пайда болады.

Абай атаған жалпыадамзатқа ортақ қажеттіліктің төртінші принципі – харекет қылу. Бұл ақынның еңбекқұмарлық, бейнетқорлық туралы ой-пайымдарында терең

көрініс береді. Ақын «Екінші қара сөзінде» қазақтың сарт пен ноғайды, орысты әжуалап, кекете мазақ етуіне күйініп: «Еңбек қылып, мал табудың да жөнін солар біледі, салтанат, әсем де соларда. Оның малдыларына, құзғын тамағымыз үшін, біріміз жалшы, біріміз қош алушымыз. ...Оның бәрі – бірін-бірі қуып қор болмай, шаруа қуып, өнер тауып, мал тауып, зор болғандық әсері» [3; 50-б.], – деп қарекет қылып, еңбек етуді адамзат өркениетінің негізгі шарты ретінде қарастырады. Абай адам тұтынатын материалдық игіліктердің барлығы дерлік еңбектің нәтижесі екендігін ескертіп, еңбексүйгіштікті жалпыадамзаттық құндылықтардың негізі деп санайды. Абайдың пайымдауынша, адам мен қоғамның дамуындағы еңбек ету, харекет қылудың рөлі тек материалдық қажеттіліктерді қанағаттандырумен шектелмейді, сонымен қатар қарекет ету арқылы адам баласы өзі де дамып, қабілеттерін ашып, білімдерін толықтырып, рухани құндылықтарға қол жеткізеді. Сондықтан Абай «Төртінші сөзінде» «әрекетке – берекет» ұстанымының маңыздылығына ерекше мән беріп: «Құлық саумақ, көз сүзіп, тіленіп, адам саумақ – өнерсіз иттің ісі. Әуелі құдайға сыйынып, екінші өз қайратыңа сүйеніп, еңбегінді сау, еңбек қылсаң, қара жер де береді, құр тастамайды» [3; 55-б.], – деп әрекет қылған адам түбінде сөзсіз игілікке жететініне меңзейді. Ақынның ойынша әрекетсіз, еңбексіз тірлік кешу адамшылықтың таяздығы, тіпті өмірлік мәнсіздіктің, абсурдизмнің шыңы саналады. Абайдың шаруақорлық, еңбекқұмарлық туралы ой-пайымдарына зер салғанда, аталмыш аксиологиялық ұғымдар адамның санасына, қалауына, ерік-жігеріне қатысты субъективті қасиет емес, тұтас адам баласы мен қоғам үшін аса маңызды жалпыадамзаттық құндылықтардың ажырамас бөлшегі екендігі аңғарылады.

Абай тұжырымдаған адамзатқа қажетті бесінші құндылық – Ақылмен ойлап сөйлеу. Абай пайда мен залалды,

жақсы мен жаманды айыратын ақылды «жүректің суаты, жанның қуатына» балап, әрбір істе ақылға жүгінуге үгіттейді. Ақын, әсіресе, сөйлеу әрекетін ақылмен өлшеуге көбірек мән береді. Сондықтан да Абай:

*Осы жалған дүниеден
Шешен де өткен не бұлбұл,
Көсем де өткен не дүлдүл.
Сөз мәнісін білсеңіз,*

Ақыл – мизан², өлшеу қыл [5; 72-б.], – деп айтпас бұрын әуелі, ақыл таразысына салып, елеп, екшеп сөйлеуді насихаттайды. Сонымен қатар Абай адамзат санасына әсер етуде, үйлесімді, салауатты қоғамға жетуде сөздің құдіреті ерекше екендігіне мән береді. Сол себепті ақын:

*«Ақылмен ойлап білген сөз
Бойыңа жұқпас, сырғанар.
Ынталы жүрек сезген сөз*

Бар тамырды қуалар», [5; 334-б.] – дегенде, көкейге қонымды, ақылды, ойлы сөздің тұтас адамзатты надандық құрсауынан құтқаратын қуатты қару екендігін тұспалдайды. Сондай-ақ ақын үшін сөз мәдениеті қастерлі рухани элемент ретінде зор кісіліктің белгісі болып табылады. Абай сөз бірлігін мәдени дискурс тұрғысынан қабылдай отырып адамзаттың мәңгілік құндылықтарын жетілдірудегі зерделі сөздің танымдық, тағылымдық рөліне айрықша назар аударады. Сол себепті ақын сөзіне өзі ие кезде ақыл жүгіртіп, ойланып сөйлеуді адам санасының ең биік көрсеткіші деп бағалайды. әрбір мәтін (мейлі ауызша, я жазбаша болсын) белгілі бір адресатқа, яғни «тұтынушыға» бағытталады. Ал сол мәтін рецептордың сезіміне, ақыл-ойына әр қилы деңгейде әсер етіп, ол оның мәнін, мазмұны мен идеясын түсінуге тырысады. Сондықтан Абай сөз құдіреті жайлы ой қозғағанда, тек айтушыға ғана емес тыңдаушыға да үлкен

² Мизан (арабша) – таразы.

жауапкершілік артады. Бұл орайда, Абай қоғам қайраткері, кәсіби ақын, ағартушы ретінде оқырманмен, аудиториямен диалог құруды, тыңдаушысымен арадағы «қашықтықты» жоюды, оқырманымен сырласу, ынтымақтасу сияқты коммуникативті қарым-қатынас құруды мақсат етті. Гуманист ақынның шығармашылық санасында «қалың елі қазағын» сөз күдіреті арқылы қараңғылық пен надандықтың қапасынан құтқару идеясы тұрды. Бірақ Абайдың тыңдаушы санасына әсер етудегі ақындық инстанциялары, публицистикалық ұстанымдары мен коммуникациялық стратегиялары қабылдаушы тараптың эмпатиясын тудыруға айтарлықтай ықпал етпеді. Саналы сөздің қадіріне жетіп, парқын түсіне алмаған халқының қылығы ойшыл ақынды ашындырды. «Құлағын салмас, тілін алмас көп наданнан түңілген» Абай идеалды қоғамды аңсаған, іске асырылмаған азабын, ішкі өткір драмасын:

«Су жұғар ма,

Сөз ұғар ма,

Сірә жалмаң желбуаз?» [5; 226-б.] – деп өзіндік азапты рефлексиясын асыл сөзді ардақтай алмаған тыңдаушысына бағыттайды. Абайдың тыңдаушыға деген талапшылдығы, күрделі де көп мағыналы түрде білдірген көркем монологы ақынның адамзат өмірінің мәніне, олардың шынайы құндылықтарына деген жауапкершілігінің өлшемін көрсетеді. Абай аңсаған, ақын армандаған идеалдан алшақ халықтың адамгершілік мұраттарын, өмірлік құндылықтарын қалыптастыруда тыңдаушы я оқырман реакциясы маңызды рөл атқарады. Өйткені айтушысы дана болса да, Абай өзі айтатын «қаңқ етер түкті байқамас», құр жаңғырықтай селт етпес санасыз тыңдаушы ойлы сөзге пәрменді үн қата алмайды. Сондықтан да ақын:

«Білімдіден шыққан сөз

Талаптыға болсын кез.

Нұрын, сырын көруге

Көкірегінде болсын көз» [5; 123-б.], – деп айтушы мен тыңдаушы арасындағы қарым-қатынас механизміне ерекше мән береді. Мұнда Абай айтушы мен тыңдаушының (автор – оқырман) мәтін арқылы жүзеге асырылатын «идеалды кездесуін» сипаттайды, яғни ақын айтушысы – білімді, тыңдаушысы – талапты болса, міне сонда ғана интеллектуалды диалог орнайтынын айтады.

Түйіндеп айтқанда, Абайдың шығармашылық мұрасы тұтастай адамзаттың рухани және адамгершілік әлемін байытуға, адамзаттық құндылықтарды игеруге арналды. Ақын өз еңбектерінде адам бойындағы мейірімділік, бауырмалдық, шыншылдық, адамгершілік, әділеттілік, сүйіспеншілік, еңбексүйгіштік, жауаптылық және басқа да адам болмысының жағымды қасиеттеріне тоқталып, адам мен қоғамның дамуы мен кемелденуіне кедергі болатын барлық антиқұндылықтарды қатаң айыптады. Абай жалпыадамзаттық құндылықтарды жеке тұлғаның рухани ресурсы ретінде қарастыру арқылы сол құндылықтық категорияларды адам мен қоғамды байланыстыратын негіз ретінде түсіндірді.

Әдебиеттер:

1. Философиялық энциклопедиялық сөздік. – Алматы: Кітап палатасы, 2013. – 480 б.
2. Мырзахметұлы М. Т. 2: Мұхтар Әуезов және Абайтану мәселелері. – Алматы: Қазығұрт, 2020. – 352 б.
3. Абай. Шығармаларының академиялық толық жинағы. Үш томдық. 2-том. – Алматы: Жазушы, 2020. – 528 б.
4. Философиялық трактаттар. – Алматы: Ғылым, 2015. – 395 б.
5. Абай. Шығармаларының академиялық толық жинағы. Үш томдық. 1-том. – Алматы: Жазушы, 2020. – 640 б.

6. Құрани Кәрім. Қазақша мағына және түсінігі. (арабшадан аударған және түсініктердің авторы Алауддин Мансур). Алматы-Бішкек, 2006. – 755 б. [«Хужурат сүресі», 10-аят].

7. Мырзахметұлы М. Абайтану. Т. 1: Абайтану тарихы. – Алматы: Қазығұрт, 2020. – 488 б.

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ЕМЛЕСІ МЕН ОНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫ

Гүлдана ҚОЖАБЕК

Ө. Жәнібеков атындағы

*Оңтүстік Қазақстан педагогикалық
университеті магистранты*

Ғылыми жетекші:

ф.ғ.к., доцент Масалиева Ж.А.,

Шымкент қаласы

Орфография – тұтас жүйе, адам ойындағы сөздерді бір қалыпқа түсіп екшелген нормаға сай дұрыс жазу жүйесі. Емле ережесі дыбыс күйіндегі фонеманы қаріптік деңгейде қалай жазылатынын және бас әріптер, бөлек, біріге немесе кіріге жазылу, сызықшаның қай жерде қойылатынын белгілеп, тәртіпке енгізеді.

Қазақ әліпбиі үш түрлі кезеңді өткерді. «Қазақтың тұңғыш төл жазуы» ретінде танылған араб емлесін ХХ ғасырдың басында латын қарпіне жаппай ауыстыру науқаны басталған еді. Дәл осылай сан ғасыр қолданып келген араб емлесі шетке ысырылып, 1929 жылы көптеген таластартыс, дәлелдеулермен латын графикасы қолданысқа енді. Қазақтың тіл мәдениеті сонша «тартыспен» келген латын емлесінің де қызығын көп уақыт көрген жоқ. Барлығына мәлім, Кеңестік саясаттың екпінімен «латын» графикасы барлық ұлттан алынып, оның орнын басқан орыс жазуы – «кириллица» болды. Бекітілген «орыс жазуы» 1940 жылдан бастап барлық мемлекеттік іс-қағаздар жүйесі, баспасөз қызметі мен оқу-ағарту ісінде қолданысқа еніп, пайдалануға кірісті. ХХІ ғасырдың алғашқы ширегінде жаһандық дамуға көш ілесу мақсатында латын әліпбиіне көшу қайта қолға алынды.

Араб емлесінің жалпы түркі даласына келіп, тіліне сіңісуі ХІ ғасырдан басталды. Оған дәлел ретінде Ж.Баласағұнның «Құтты білігі», М.Қашғаридың «Диуани лұғат ат-түрки» атты еңбектерін алға тартамыз. Сондай-ақ, ХІІ-ХІҮ ғасырлардағы дәл осы емлемен жазылған Ахмет Югнекидің «Ақиқат сыйы» және Рабғүзидің «Хисса суләнбия» шығармалары араб жазуына негізделген түрік тілінің мәдениетін жалғастырған соны еңбектер болды. Ал, екі ғасырды артқа тастап, қазақ даласына миссионерлік мақсатпен келген орыстың көрнекті зерттеушілері қазақ сөздерін өз емлелеріне сәйкес алғаш қағаз бетіне түсірді. Н.И.Ильминский, В.В. Радлов, П.М. Мелиоранский және т.б.

Н.И. Ильминскийдің 1860 жылы жазылған «Қазақ-қырғыз тілін игеруге арналған құрал» еңбегі алғашқы қазақ-орыс сөздігін құрады. Дұрыс айту, дұрыс жазу шарттарын көрсеткен, 160 бетінің 140 беті сөздіктен тұратын қазақ тілінің дамуына үлкен үлес қосқан зерттеу екені мәлім.

В.В.Радловтың «Солтүстік түркі тілінің фонетикасы» атты 1882 жылы жарық көрген еңбегінде қазақ тіліне тән сөздерді мол құрамда көрсетіп, фонетикалық қағида негізінде, барынша айтылуы бойынша қағаз бетіне түсірген болатын [1, 10-б.].

Қазақ топырағынан қазақ емлесінің жолында бастауында тұрған – Ахмет Байтұрсынұлын атап көрсетеміз. 1912, 1913 жылы шыққан «Жазу тәртібі», «Қазақша сөз жазушыларға» атты мақаласында білім алушылар үшін оңай әрі тез жазудың тиімді жолдарын ұсынды. Балаларға оқу-әдістемелік құралдарын ұсынбас бұрын, жазуды ретке келтіру керек екендігін айтады. Жазу мәселесіндегі кемшіліктерді реттемейінше, кітап шығару ісінің алға басуы екіталай екенін нықтайды. «Шахзаман мырзаға» мақаласында ілгерідегі даулы мәселені алға тартып, былай

дейді: Қазақ емлесіндегі тәртіпсіздікті, кемшілікті жалғыз мен емес, барлығы көріп отыр. Оқу құралдарын шығарайық дегенде, осы түйткіл алдымыздан көлденең шыға берді [2, 394-б.].

Шын мәнінде, Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тілінің дұрыс жазылуына байланысты дұрыс бағытты берді. «Емле / жазу / тіл бағыты бойынша тіл \neq емлеге бағынса дұрыс шықпайды. Емле тілге бағынса, дұрыс жазу жүйесі пайда болады» деген ұстанымда болды. 1913 жылы жарық көрген «Қазақ сөзін жазушыларға» мақаласында ілгерідегі ойын дәлелдей түсті: Жалпы емле не үшін пайда болады? Әрине, жазу үшін. Ал, жазу ше? Жазу – тілдік құрылымға арналған дүние. Олай болса, тілдің табиғатын бұзып, емлеге қарай емес, емлені тіліңе қарай оңтайластыру маңызды.

А.Байтұрсынұлы 1926 жылы өткен Түрік тілінің құрылтайында төрт түрлі емленің жасалу жолын көрсетті:

1. Дыбыс жүйесіне негізделген емле (сөз қалай айтылса сол бойынша жазу);

2. Туыстық негіздегі емле (тек қана айтылуға емес, сөздің тарихи түпіріне байланыс орнату);

3. Тарихи жүйені бұзбай жазу емлесі (бұрыннан сақталған қалыпты бұзбау);

4. Таңбаға негізделген емле (сөздің айырмасына таңбамен белгілеу).

Емленің негізгі мақсаты – оқырманға мәтіннің түсінікті болу шарты. Орфографияны зерттеген ғалымдардың көпшілігі екі мәселеге назар аударды. Біріншісі – сауатты жазу, екіншісі – жазылған мәліметтің жеңіл түсінілуі. Тіпті, ХҮІІІ ғасырда өмір сүрген А.П.Сумароков орфографиядағы осы заңдылықтарды ұстанбағандарды «сауатсыздықтың ең төмен дәрежесі» деп қарсылық танытты.

Сауаттылыққа ұмтылған, орфографияның дамуына үлес қосқан қазақ ғалымдарының көрнекті өкілі –

Құдайберген Жұбанов еді. 1935 жылы «Қазақ тілінің емлесін өзгерту жайында» мақаласында орфографияға, сонымен қатар кірме сөздерге қатысты өз пікірін білдіреді: Шын мәнінде, сөзді дұрыс жазу дегеніміз – таза қазақ сөздерінің ғана құқығы болып, емле дамуы сонымен ғана тұрып қалмауы қажет. Тіліміздегі әдеби сөздердің барлығы дерлік дұрыс жазылуы керек, оның ішінде басқа тілдерден енген сөздер де. Сөздердің тегін қазбаламай, түпкі тегі қайдан шықса да, қазақ тіліне енген барлық сөздің өзіне тән тұрақты таңбасы, жазылу жүйесі болуы тиіс [3, 337-б.].

Құдайберген Жұбанов тек мақаласында ғана емес, 1929 жылы өткен ғылыми-емлелік конференцияда сөйлеген сөзінде былай деді: Таза қазақ сөздерінің жазылуында кемшіліктің аз емес екенін атап көрсеттік. Сондықтан да, дұрыс жазуға бағытталған емле ережесінің кем болуы – тілдің шынайы қалпын аз ережеге сыйғызып, толықтай көрсеткеннен емес, ойына оралғандарын ғана тізіп, ең маңыздыларын ескерусіз қалдырғаннан.

Жалпы тіл біліміндегі емлеге екі немесе үш түрлі қағида негіз болады:

Морфологиялық, фонетикалық, тарихи немесе дәстүрлік. Морфологиялық принцип негізіне сөздердің түбір тұлғасының сақталып жазылуы кіреді;

Фонетикалық принцип негізіне сөздер қалай естіледі, сол қалпында жазылуы кіреді;

Тарихи принципке түбір тұлғасының сақталуы немесе естілуінше жазу емес, сөздердің әуел бастан қалыпташып, үйреншікті жазылуы негіз болды.

Емлелік қағидалардың ішінде тілімізде көп қолданысты қажет етпейтін айырым принципі бар. С.Мырзабеков бұл қағиданы дифференциялаушы деп атады. Айырым принципі – емленің яғни орфографияның көмегімен дыбыстық құрамы бірдей болған сөздерді бір-бірінен айыруға не-

гізделген. Аталған қағида қазақ тілінде ескерілмейді. Дифференциялаушы принципке қазақ тіліндегі бір сөздің мағыналық жағынан екі бөлек сөзге айналып, соған сай орфограммасының өзгеріске түсуін жатқызуға болады. Мысалы: өкімет – үкімет, дұға – дуа, балиғат – балағат т.б.

Әр тілдің өзіне тән ерекшеліктері бар екенін ескерсек, бұл қағидалар тіл жүйесінде біреуі басымдыққа ие бо-лып, келесі принцип толықтырушы қызмет атқарады. Мысалы, қазақ орфографиясының бастауы морфологиялық принципке тіреледі. Сүйте тұра, фонетикалық және дәстүрлік қағидаларды да емле нормасында кездестіруге болады.

Осыған байланысты Қошке Кемеңгерұлы дәл 1929 жылы өткен ғылыми конференцияда тек орфографияға қатысты емес, оның қағидасына байланысты соны пікір білдірді: Ең бірінші, мен қазақ емлесі жайында айтқым келеді. Егер өзге тілден бізге енген терминдерді біздің принципімізге негіздесек, онда бірталай кемшіліктер пайда болады. Сол себепті оларды морфологиялық принцип негізінде қарастыруымыз қажет [4, 232-б.].

Қазақ тілінің морфологиялық қағидаға сүйенуі – тіліміздегі сөздердің көпшілігі түбір тұлғасының өзгеріссіз, сақталып жазылуында. Мәселен, қаш, аш, жұмыс деген түбір сөзге – са-,шы қосымшасы жалғанған кезде, олардың орфоэпиялық нормасы орфографиялық нормасына сәйкес келмейді. Айтылуы бойынша қашша, ашша, жұмышшы болады. Бірақ, морфологиялық принцип негізінде түбірі қаш, аш, жұмыс болуына сәйкес қосымшаларының да түбір тұлғасы сақталып, жұмышшы, ашса, қашса болып жазылады. Сонымен қатар, біріккен сөздер мен қос сөздерде де морфологиялық принцип сақталып, екі сөздің түбір тұлғасы жазылуында бір-біріне әсер етпейді. Мәселен, қарақұйрық, орынбасар, алма-кезек, көзбе-көз сөздерінің естілуі жазылуына тең дәрежеде емес. Айтылуы қарақұй-

рұғ, орымбасар, алмагезег, көзбөгөз болып естіледі. Бұл сөздер қосарланса да, біріге жазылса да әуелдегі түбір тұлғасын сақтап, орфографиялық нормаға сай жазылады.

Қазақ емлесінде морфологиялық қағида басшылыққа алынғанымен, фонетикалық принципте көп жағдайда ұшырасады:

– Қазақ тіліндегі түгел дерлік жалғаулар және де жұрнақтардың басым көпшілігі сөздің буынына сәйкес, айтылу әуеніне қарай еш қиындықсыз жалғанады: ата-лар, апа-лар, көше-лер, ана-мын, әке-мін.

– Қазақ тіліндегі п, қ, к дыбысына бітетін сөздерге дауысты қосымша жалғанған кезде, қатаң дыбыстар айтылуынша ұяңға айналып кетеді. Фонетикалық қағида негізінде жазылады: жолақ-ы, парақ-ы, сабақ-ы сөздері жолағы, парағы, сабағы болып естілуінше жазылады.

– Кеуіп, тауып сөздерінің түбір тұлғасы кеп, тап етістігі екенін ескерсек, оған жалғанған көсемше жұрнақтары п дыбысының қосарланбай у дыбысына айналғанын көреміз. Бұл да фонетикалық принципке жатады.

– Морфологиялық қағидада біріккен сөздерді атадық. Фонетикалық принципте ешқандай өзгеріске түспей, естілуінше жазылатын біріккен сөздер бар. Бұлардың аз екенін ескеру қажет. Мысалы: белбеу, биыл, бүгін, қолғап. Белбау, бұлжыл, бұлкүн, қолқап емес.

– Кірме сөздердің де қазақ тілінің фонетикалық заңдылығына сүйеніп өзгерген, сол күйінде естілуінше жазылады: дүние, өсиет, нәпсі, адал, т.б.

Лингвист Б.А. Қалиевтің және С.Мырзабековтың орфографияның фонетикалық қағидасына негізделген еңбектерінде де емлелік ережелерге аса мән беру керек екені айтылды. Дәстүрлі-тарихи қағида қазақ тілінде орыс тілінен және орыс тілі арқылы өзге тілдерден енген сөздермен тығыз байланысты. Бұл сөздер қазақша емес, орыс емлесінің

түпнұсқасымен сақталған: алгебра, химия, биология, паровоз, совхоз, кандидат, банк, биржа, колхоз, т.б. Аталған сөздерге қосымшалар морфология-фонетикалық қағида негізінде жалғанады.

Дәстүрлі принциптің тағы бір тармағы х, һ дыбыстарына басталатын араб-парсы тілінен енген сөздердің қабылдануы. Хат, хабар, хан, гауһар, жаһан, қаһарман, т.б. Бұл сөздердің жазылуы 1940 жылы кириллица қарпі қабылданған кезеңнен бері қарай дәстүрге айналды.

Қазақ емлесі принциптерге негізделіп, орфографиялық нормаға сүйенсе де, бірқатар мәселелердің түйткілі шешілмеді:

1. Қазақ тіліндегі кейбір дыбыстарды дұрыс жазу мәселесі;
2. Түбір сөздер мен оған жалғанатын қосымшалардың жазылуы;
3. Бірге, бөлек немесе дефис арқылы жазу мәселесі;
4. Одағай және шылаулардың жазылуы;
5. Бас әріптерді дұрыс қолдану;
6. Ең соңғысы тасымалдау мәселесі.

Қазақ емлесіндегі мәселелерді тиянақтандыру жұмысы орфографиялық сөздікті түзумен оң нәтиже көрсетті. Орфографиялық сөздік дегеніміз – тілдегі барлық сөздердің жазылу тәртібі нормасын белгілейтін сөздік. Қазақ тіліндегі сауатты жазуға баспалдақ ретінде ұсынылған М.Балақаевтің 1948 жылғы «Емле сөздігі», мектеп оқырмандарына лайықталған емле сөздігі 1960 жылы жарық көріп, толықтырылған нұсқасы 1972 жылы ұсынылды. Қазақ тілінің үлкен көлемдегі емлелік сөздігі 1963 жылы жарық көріп, 1978 жылы қайта өңделді. Бұл емлелік сөздіктерде қазақ тіліндегі жеке сөздермен қатар, сөз тіркестерінің дұрыс жазылу үлгісі толығырақ қамтылған болатын. Қ.Күдерина, К.Жаманбаева, Н.Уәлиұлы құрастырған «Емлесі қиын

сөздер» деп аталатын жинақты да орфографиялық сөздіктің тізіміне қосуды жөн көрдік. Ал, дәл қазіргі сәтте қолданыста жүрген 2013 жылғы «орфографиялық сөздіктің» іргетасы Тіл білімі институтының мақұлдауымен 1988 жылы қаланды. 2005, 2007 жылдары толықтырылып, 2013 жылы соңғы нұсқасы жарық көрді. Қазақ тілінің орфографиялық сөздігінің бір арнаға түсуіне Р. Сыздықованың қосқан үлесі орасан зор екенін қайталап айтамыз.

Тілтанушы М. Балақаев 1965 жылы жазылған «Қазақ тілі мәдениетінің мәселелері» еңбегінде: Мәдениеттің бір бөлігі – тіл десек, тіл мәдениетінің бір нысаны – сауатты жазу. Әдеби тілімізді тиісті деңгейде қалыптастыруға, сауаттылықты барынша арттыруға емлелік норманы сақтап, жүйелі ізбен жазудың үлкен көмегі тимек. Сондықтан, әліпби, орфография мәселесіне айрықша назар аударылып, тіл мәдениетін арттыру істері қолға алынды [5, 51-б].

Қазақ тіл білімінде қазақ орфографиясын жоғары деңгейде зерттеп, арнаулы еңбек жазып қалдырған - Рәбиға Сәтіғалиқызы болды. 1974 жылы жазылған «Емле және тыныс белгілері» атты еңбегінде былай дейді: Орфографиялық ережелердің тиянақты болмауы – жазатын адамдарға үлкен қиындық келтіреді. Қазақ тіліндегі сөздер немесе сөз тіркестері қалыпқа түспеген болса, «сауаттымын» деген адамның өзі жазуда қиналуы мүмкін. Оқырманға ұсынылған кітаптар, газет, журнал жазу жүйесінің айнасы һәм үлгісі болуы тиіс. Дұрыс жазуға алғашқы баспалдақты аттататын мекен мектеп болғандықтан, сауатты жазудағы келеңсіздікке баспа қызметкерлері мен мектептегі ұстаздар жиі ұшырасады [6, 3-б.].

Академик Р. Сыздықова ұсынған бұл анықтағыштың бірінші басылымы 1960 жылы, екінші рет 1974 жылы, ал үшіншісі дәл менің қолымдағы 1996 жылы жарық көрді. Үш басылымда қазақ тіліне және орфография заңдарына енген

өзгерістер кіріктіріліп, жаңа сөздердің дұрыс жазылуы ескерілді. Аталмыш еңбекке диссертацияның «әдістемелік» бөлігінде қайта оралатын боламыз.

Емле нормасының дұрыс берілуі мен көрсетілуі және тіл білімінде берік орнығуы шарт. Алайда, бұған әсер ететін тек қана емле ережелерінің дұрыс-бұрыстығы емес, аталмыш ережелерді қамтып отырған тілдік құбылыстардың дәлдікпен танылмауында, ғылыми негізінің бір арнаға түсіп, сыр сипатының ашылмауында. Алайда, емле ережесі мен емле нормасында бөлек және бірге жазылатын сөздердің қазақ орфографиясындағы ең қатеге толы, қайшылығы бітпеген мәселе болғандығы мәлім. Осы жайында Рәбиға Сыздықова «Емлелік нормалар» деп аталатын мақаласында емле ережесін ғана емес, жазу тәртібі, яғни нормасы жайлы пікір білдірді: «Адам ойын жазба тілінде жеткізе білу үшін, қолданып келген жазудың болуы жеткіліксіз. Оған қоса, жазу тәртібі, сауатты жазудың нормасы болуы шарт. Орфография заңдылығы, дәл тілдің өзі секілді үнемі өзгеріске түсіп отыратын құбылыс. Қазіргі сәттегі тіл мәдениетінің алдында тұрған басты қағида емленің дыбыс жүйесіне сәйкес келуі және пайдаланушыға қолайлы болып, сол таңбаларға негізделген емле ережелерінің бір жүйеге түсуі» [7, 178-б.].

Қазақ тілінің төл жазуы бүгінгі күнге дейін 1957 жылы қабылданған орфографиялық ережелерге сүйенеді. Жоғарыда атап өткенімдей, бұл ереже бойынша қазақ тілі негізгі екі принципке сүйенеді. Біріншісі – морфологиялық, екіншісі – фонетикалық қағида. Бірақ, ережеге сәйкес қазақ тіліндегі сөздер тек қана бір принципке байланбайды. Сөздердің басым көпшілігі морфологиялық принцип сүйеніп жазылатыны даусыз. Алайда, қосалқы ретінде фонетикалық және тарихи-дәстүрлік принцип бойынша жазылатын сөздердің қатары да сондай аз емес. Бұл сөздердің

жазылу нұсқасын қазақ тілінде ресми бекітілген «Емле (орфографиялық) ережелер» және емлелік сөздіктер бір арнаға түсіріп отырады. Жалпы, орфографиялық ережелер мен емле нормаларын Қазақстан Республикасының Жоғары Кеңесі бекітетінін ескертеміз.

Н. Оралбаева да жоғарыда аталған ғалымдардың пікірімен келісе отырып, «емлелік норманы қатаң сақтанып, сауатты жазуға ұмтылу әрқайсысымыздың міндетіміз» деп көрсетеді.

Әдебиеттер:

1. Мырзабеков С. Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы. – Алматы, 2013. – 350 б.
2. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы, «Ана тілі», 1992. – 240 б.
3. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы, 1966. 170 б.
4. Қ. Кемеңгерұлы шығармалар жинағы. – Алматы, «Алаш», 2006. – 750 б.
5. Балақаев М. Қазақ тілі мәдениетінің мәселелері. – Алматы: «Қазақстан», 1965. – 240 б.
6. Сыздықова Р. Емле және тыныс белгілері. – Алматы: «Рауан», 1996. – 196 б.
7. Р.Сыздықова. Орфографиялық нормалар. – Астана: «Елорда», 2001. – 360 б.

**«ТҰРСЫН, ПЕРІНІҢ ҚЫЗЫ ЖӘНЕ МЕН»
(Р. ОТАРБАЕВ) ӘНГІМЕСІ МЕН «ЖОЛАУШЫ»
(А. АЛТАЙ) ХИКАЯТЫНДАҒЫ ПЕРІ БЕЙНЕСІ:
САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ**

Гүлнар АХМЕТОВА,
*М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және
өнер институтының PhD студенті*

Қазіргі уақытта қазақ фольклорының әдет-ғұрыпқа, наным-сенімге қатысты типтері өзгеше поэтикалық қызмет атқарып, көркем шығарма құрылымында белсенді интерпретацияланып жатқаны белгілі. Қазақ прозасында фольклорлық аңыз-әңгімелер немесе хикаялық, мифтік кейіпкерлер, атрибуттар, магиялық сенімдер мен ырымдар саяси-әлеуметтік, қоғамдық проблемаларды шешуде әдеби-эстетикалық тәсіл ретінде қызмет атқарады.

Қазақ фольклорында діни сенімдер негізінде пайда болған хикаялық кейіпкерлер кездеседі. Солардың бірі – пері образы. Перілер – Тәңірлік діннің тірегі саналған тылсым күш иелері. Шамандық сенім, түсінік бойынша әлем үш бөліктен тұрады. Перілер кейбір деректер бойынша төменгі әлем – жер асты – суды мекендесе, жазушы Р. Отарбаевтың «Тұрсын, Перінің қызы және Мен» әңгімесінде адамдармен қатар жер үстін мекендейтін ортаңғы әлем тұрғыны саналады. Әңгіме тылсым әлемнің иесі пері қызының адамдар арасында өмір сүру тәжірибесі, олармен тілсіз түсінісе алатын басты кейіпкердің мінез-құлқын суреттейді. Белгілі фольклортанушы Ш. Ыбыраев «Эпос әлемі» зерттеу еңбегінде фольклорлық аңыз-әңгіме, жырлардағы магиялық сипаттағы кейіпкерлермен ымыраға келу, қарым-қатынас орнату мотивтерінің орналасу тәртібін төмендегідей қарастырады.

«1) Тылсым күш иесіне қайырылу, өзіне қажетті рухтардың ішінен керегін таңдап алып, жақын қарым-қатынас орнату. Әңгімедегі негізгі кейіпкер ретінде пері образы алынған.

2) Тылсым күш иесін нәтижелі әрекетке бағыттау, бұл мотивте кие, рух, жын, пері, албасты сынды қайырымды және қаскөй күштерге жалбарыну, қорқыту, сес көрсету сынды әрекеттер орын алады. Өгей қыз ретінде алынған Тұрсынның Періге тиесілі сыйлықтарды өзіне иемденіп, сес көрсетуі, Уәсила кемпірдің бәлесінен аулақ! – деп жерінуі, жатсынуды періге тиесілі осы мотивке сәйкес келеді.

3) Магиялық сөз бен әрекеттің нәтижесін қорытындылау мотивінде тылсым күшті байлау, бұйрық беріп қайтару, өз мекеніне жөн сілтеу, тағы да зиянкестік жасамауы үшін шығарып салу рәсімдері жасалады» [1, 182-183]. Шығарма соңында Перуша адамдардың қулық-сұмдығын түсіне алмай, су әлеміне – өз мекеніне кетеді. Оның бойындағы тылсым күш жатсынған қоғамнан, жеке бас жалғыздығынан періні алыстатып әкетеді. Ал шығарманың қысқаша мазмұнына назар аударсақ, оқиғалар бірінші жақтан баяндалып, бір ауылда тұратын кейіпкерлердің әрекеттері арқылы көрініс табады. Осы ауылдағы Зәйдаш есімді кейіпкердің Перуша атты қызы болады. Бірақ көпшілік бұл қызды Зәйдаштың дүниеге әкелгеніне сенбей, оны асырап алған, пері кейіптегі қыз деп есептейді. Алайда Зәйдаш үшін жалғыз қызынан артық ешкім жоқ еді. Перушаның келбетін автор ертегі және хикая кейіпкерлеріндегі пері – ана, пері – сұлу қыз, пері – аққу құстың образына ұқсатып сипаттайды. «Қиылған қасы, қыр мұрыны. Жаңа жауған жас қардай ақтығы. Ал, дөңгелене біткен қара көзде... Үнемі балқып, маздап жатар бір тылсым бар-ды. Әй, бұл адам нәсілі деген қаңқу рас та шығар. Десе дегендей. Қаншама сұлу болса да тілсіз әрі құлақсыз еді. Тек анда-санда қылдай нәзік дауыс-

пен уілдеп жылайтын» [2, 93]. Автор пері қызының бойындағы тылсымды оның үнсіздігіне жасырғандай. Қыздың тілі жоқ, құлағы естімесе де, үнсіз жымыып, көзіндегі мұңын, сезімін жеткізе алатын тылсым күшінің бар екеніне назар аудартады. Әңгімеде Пері ыстық ықыласы мен айтар ойын көрші жігітке байқатады. Себебі Перушаның ол жігітке ықыласы жоғары болады. Екеуі үнсіз ұғысатын ғашық жандар іспетті.

Түркі халықтарында пері туралы үш сюжет кездесе, соның екінші сюжетінде «Пері белгілі бір кезеңде адамнан ұрық алу мақсатында жерге түсіп, жас жігітпен жыныстық қатынасқа түседі, бұл қатынас адам үшін қауіпті саналған» [3, 107-108] деп келеді. Осы сюжет әңгімеде де кездеседі, бірақ пері қызы жыныстық қатынасқа бармай, тек адамға ғашық болады. Сондай-ақ, перінің адамдар арасында қатар өмір сүруі туралы кейіпкер Уәсила кемпір келесідей болжам жасайды. «Перінің қыз-қатыны біздің еркектерден тұқым алуға құмар десетін. Содан туған да. Таза перінікі емес. Үйірінен адасып қалған да, пері көшетін кез емес пе?» [2, 94] деп әңгімесінің әр жерінде Перушаны бөтенсініп, оның бөгде әлеммен байланысы бар екенін сезетіндей көрінеді. Бір күні Жігер деген бала әскерден келіп, Перушаға сезімін білдіреді. Осы тұстан махаббат үштігі басталады. Есімі белгісіз жігіт, Перуша, Жігер үшеуінің арасындағы үнсіз сезімнің оты тұтанады. Есімі белгісіз жігіт пен пері қызының арасындағы сезім бұрын пайда болады. Ал Жігер мұны сезбегендіктен, сол есімі белгісіз жігіттің өзі арқылы Перушаға хат пен сыйлықтар жолдап отырады. Бірақ Жігердің бір де бір сыйлығы Перушаға жетпейді. Жолдан сәлемдеме әкеле жатқан жігітті аңдып, көршісінің өгей қызы Тұрсын тәпішкесіне ие болса, ал Зәйдаш шешесі Перушаға тиесілі күміс сырғасын тағып алады. Бірақ Перушаға Жігердің сыйлықтары қызықсыз болады, оған керегі – жан

жалғыздығын бөлісетін, хат тасушы, есімі белгісіз жаны жайсаң жігітпен үнсіз сырласу. Айлы түнде, шағыл құмда сағымға айналып кететін Перушаның әлемі бөлек. Перуша жан-жалғыздығын жеңе алмаса да, ұнататын адамына сезімін үнсіз ұғындыра алады. Хикаяда да, прозалық туындыда да пері көбіне сұлулықтың символы ретінде көрініс тапқан.

Перушаның жалғыздығына қатысты әңгімеде айға мұң шағу мотиві кездеседі. Ай – мифологиядағы тылсым күшке ие атрибут саналып, ертедегі адамдардың оған үлкен сеніммен қарағаны мәлім. Су басына кешқұрым барып, аймен үнсіз тілдесетін, мұңын шағатын жетім қызды ай шелегімен өзіне көтеріп әкететіні туралы («Айдың бетіндегі кара дақ туралы», «Қызды әуелі күн алған», «Айдың бетіндегі дақ») мифтер қазақ мәдениетінде кең тараған. Мәселен, «Айдың бетіндегі дақ» туралы мифте «Жетім қызды өгей әкесі қақаған қыстың суығында суға жұмсайды. Жолда денесінен өткен суықтың ызғарына шыдамай байғұс қыз айға мұңын шағады. Қыздың көз жасын көрген ай қызға қолын созып, өзіне тартып алады. Айдағы дақ – сол қыздың бақаны менен шелегі екен» [4, 36]. Р. Отарбаевтың әңгімесіндегі пері қыз да жалғыздықтан түңіліп, су алуға барып, айға мұңын шағады. Мұндағы кейіпкер жетім болмаса да, жалғыздығымен арпалысқан ерекше тынысты қыз. Оның серігі, сыр бөлісіп, жеке сырын ақтаратын екі жан болса, соның бірі – ай болады. «Тек Перуша ғана табаны құм баспай, көз алдымызда есіп бара жатады. Көрініп-жоғалып тұңғиыққа бата береді. Содан ізім-қайым! Үміт үздіріп барып, Ай астында еркін қалқып, қанатсыз қалықтап отыратын. Кешқұрым Перуша су алуға шыққан. Бос шелегі иығында тербеледі» [2, 95-97]. Перушаның үнемі құдық басына барып, суға ынтық болуын ғалым С.Қондыбайдың «Пері қызы – су стихиясымен байланысты [5, 222]» деген тұжырымдамасымен сәйкес келетінін аңғаруға болады.

Тіпті, әңгімеде Зәйдаш анасы пері қыздың құдық басында шашын жайып, үйіне дейін артынан еріп келген сәтін еске алғанда әлі күнге дейін қорқады. Оның бойында бір тылсым сырдың жасырынғанына көзі жетеді.

Жазушы әңгімеге қатыстырған пері бейнесі арқылы адамдармен үнсіз коммуникация орнатуға болатынын түсінеміз. Тілсіз болса да Перуша жанындағы адамдардың дөрекі қарым-қатынасы мен әділетсіздігіне қарсы тұра біледі. Өзінің ақылдылығымен, үнсіздігімен мұндай адамдар арасынан аман-есен өз мекеніне – құшақ жая қарсы алатын тылсым әлеміне оралады. Жер бетіндегі адамдардың теріс әрекеттерінен жеріп, үнсіз тура жолын адаспай табады. Сондай-ақ, қаламгер де қыз баласының кез келген жерде үнсіздікпен өз жолын, өз бақытын таба алатынына сенеді деген көзқарас ұсынғандай көрінеді. Бір қарағанда, пері бейнесі жат жұртқа барып, бөтен елмен үнсіз келісімді түрде қарым-қатынас орнатып, өз бақыты үшін күресіп жүрген арулар образын танытады.

Пері образының қарама қарсы жағымсыз кейіптегі көрінісі Асқар Алтайдың «Жолаушы» хикаятындағы «Перінің демі» бөлімінде жалғасқан. Р.Отарбаевтың әңгімесінде пері бейнесі ашық түрде кескінделсе, А. Алтайдың шығармасында пері көзге көрінбей, адамдар арасында азғырушы қызметін атқарып, жын-шайтан кейпінде бедерленеді. Бірақ пері тек жемқор, әділетсіз, жынойнақ, Отанына опасыздық жасап, туған жерін ақшаға айырбастаған сатқын адамдардың түбіне жетіп, ауруға шалдықтырып, опасыз өлімге жеткізеді. Саяси-әлеуметтік тақырыпты негізге алған хикаятта автор мемлекеттегі жолдардың дұрыс салынбауы, акционерлер, инвестиция тартушылар, тендер ұтушы қызметкерлерді әжуалап суреттейді. Халықты қанап, мемлекеттен бөлінген қаржыны тонайтын көптеген адамның өлімі де жеңіл болмайтынын меңзейді. Ал оларды

жалмап, о дүниеге аттандырушы ібіліс бейнесіндегі пері кейпі нанымды баяндалады. Мұндағы періні жағымсыз деп атағанымызбен, ол обал-сауапты білетін қарапайым жан-дар үшін қауіпсіз.

Хикаяттың қысқаша фабуласын айтар болсақ, Қалаш ауылында перінің мекені атты алаңқай жер болады. Сол алаңқайға жұрт «перінің демі тиген топырақ» деп жоламайды. Талай адамдар сол перінің мекенінде жер жырттып, не болмаса ішімдік ішіп барып, қол-аяғы тартылып, тракторының астына түсіп қаза тапқан деседі. Кейбіреуі ауызынан ақ көбік ағып, жындыға айналған. Ауыл адамдары бұл жерді «жынның шалығы тиген» деп санап, балаларды да жуытпайды. Соңғы жылдары бұл маңға перілер қайта келіп, жынойнақ – жындар мекеніне айналдырған. Перілер ауыл іргесіне келгенде мәйіт жатқан үйге соғады. Өруақтың ақырғы қонақасы беріліп, жұрт шәй ішіп, көңілі жайланып отырғанына куә болады. Өлген адам әкім Сырымның анасы болады. Анасын ақтық сапарға шығарып салу үшін Сырымның депутат досы Ақмырза да еріп келеді. Осы жиында перінің мекені аталған Қалаш атты ауылды аластау керегі айтылады. Ақсақалдар пері соққан мекен деп алаламай, ауылдан шыққан шенеуніктерге туған жеріне көңіл бөлуін, перінің демі тиіп ұйықтап, бір шетте қалған ауылды оятуын сұрайды. Десе де, пері бұл ауылдың адамдарын тектен тек соқпайды, бай-шенеуніктердің көбі «перілер алтын бар жерге ұя салады» деп ауылдағы тау жотасының көбін қазып, қопарып, орыс көпестеріне сатып, шахтаға айналдырады. Тыныш жатқан перілер мекеніне соқтыққан бай-шенеуніктердің байлық іздеп, туған жердің топырағын азан-қазанға айналдыруы ауыл адамдарын пері соғып, ауырып, фәни дүниемен қош айтысуына әкеледі. Қасиетті туған жер топырағын кие тұтудың орнына, ақша үшін оны қытайларға, орыстарға сатуы – ауыл адамдарын

жынойнақ, теріс жолға түсіп, тура жолдан адасуына апарып соқтырады. Жазушы табиғаттың қайсыбір тіршілік көзіне қиянат жасау – ардың ісі саналмайтындығын тілге тиек етеді. Оның киесі айрандай ұйып отырған бір ауылды жоқ қылып, жынойнақ, киесіз, адам аяғы басуға ұялатын тексіз жерге айналдырады. Арқа жерін жын-шайтанның демімен арбалған, қу мекенге айырбастады. Жерімізді иемденген орыстың отарлауынан қазіргі кезге дейін зардап шегіп жатқан қазақтардың бар екендігін алға тартады. Сатылған жермен қоса, ел-жұрт та амалсыздан босқынның күйін кешеді. Көз алдымызда орыстар мен қытайлар жеріміздің астына да, үстіне де иелік етсе, ал адамзаттың жан-әлемін еркінен тыс, пері, шайтан, жын сынды тылсым күштер басқарады деген ой тұспалданады. «Перінің белгісі ме, кері кеткеннің киесі ме, киігің қырылып, сүйегің үзіліп жатқаны.

– Үрікпегенде қайтсін?! Перінің демі ме, пенденің демі ме – білмейміз. Шетімізден баудай түсудеміз. Ес жия алмай қалдық қой... Орыс қой перінің ойнағына от тастаған» [6, 201] деп ауыл қариялары бұл жерге тылсым күштердің зиян тигізіп жатқандығын білетіндей күрсінеді.

Одна из сцен рисует степь в суровом осеннем облике: «Осеннее небо пасмурно... Кивая облетевшими головками, колышутся под порывами ветра пожелтевшая полынь и ставший белесым ковыль» [1, с.310]. Это описание, с одной стороны, подчеркивает красоту, а с другой — строгость степи, подчеркивая её одушевленный характер, реагирующий на смену сезонов и действие ветра. Таким образом, степь становится не только частью окружающего мира, но и участником событий, влияющим на персонажей.

Еще одна яркая сцена иллюстрирует зимнюю степь, которая предстает суровой и враждебной: «Непрерывно дующий белый буран продолжает сыпать снег, поверхность

степи, словно вылизанная ветрами, однообразно гладкая, как яйцо» [1, с.214]. Здесь степь олицетворяет не только физические трудности, но и духовные испытания, через которые проходят герои, столкнувшиеся с её суровостью. Нам кажется, что такие описания подчеркивают стойкость духа, которая формируется в человеке в единстве с природой.

Таким образом, степь у М. Ауэзова приобретает значение символа бескрайних просторов, стойкости духа и уважения к традициям, становясь важнейшим геопоэтическим элементом, который не только создает уникальную атмосферу, но и раскрывает темы связи человека с природой и их взаимного влияния.

2. Образ воды и рек

Мы полагаем, что образ воды занимает особое место в геопоэтической структуре романа. В «Пути Абая» реки и водоемы символизируют движение и постоянные изменения, олицетворяя как личные переживания героев, так и неизбежность жизненных перемен.

В одной из ключевых сцен Абай наблюдает за стремительным потоком реки и размышляет о том, как неумолимо уходит время: «Сидя на берегу, Абай смотрел, как вода, сверкая на солнце, стремительно неслась вперед, словно напоминая о том, что жизнь, подобно этой реке, неумолимо движется вперед, унося с собой радости и печали» [1, с.93]. Этот образ, на наш взгляд, не только передает его ощущение быстротечности времени, но и связывает героев с естественными циклами жизни, словно подчеркивая неотвратимость течения судьбы.

Другой эпизод акцентирует внимание на символике очищения, когда река становится источником обновления для Абая: «Погрузившись в прохладные воды реки, Абай ощущал, как смываются с него тяготы прошлого, и душа наполняется свежими силами для новых свершений» [1, с. 70].

Здесь вода отражает процесс освобождения и вдохновения, давая герою ощущение освобождения от тяжести прожитых лет и наполняя его стремлением к новым свершениям. Эти моменты подчеркивают философские размышления Абая о природе жизни, о времени и его неизбежных изменениях, превращая природные образы в метафоры для описания внутренних состояний.

Таким образом, образы рек и водоемов в «Пути Абая» выходят за рамки природного ландшафта, становясь символами роста и преображения. Поток воды символизирует духовный поиск Абая, который через созерцание переходит к глубокому осмыслению своего жизненного пути и ценности культурного наследия. Сцены у реки, как правило, изображают Абая в моменты размышлений о будущем и необходимости обновления традиций. На наш взгляд, эти образы не только подчеркивают его глубокую связь с национальными корнями, но и выражают его стремление к личностному и духовному развитию, создавая многослойную символику, где природа и внутренние поиски героя едины.

Мы считаем, что в романе вода символизирует движение казахского общества к новым формам существования. Подобно тому, как потоки воды неуклонно преодолевают преграды, так и Абай осознаёт необходимость перемен в общественной жизни, чтобы сохранить культурные традиции, адаптируя их к новым реалиям. На наш взгляд, вода, как символ жизни и обновления, олицетворяет те преобразования, которых требует время, помогая осмыслить казахскую идентичность в условиях социальных изменений. Этот образ также подчёркивает цикличность и непрерывность существования: водоёмы – будь то реки или озёра – поддерживают жизнь кочевого народа, являясь символом устойчивости и гибкости.

На наш взгляд, эти образы воды и рек в романе «Путь Абая» М. Ауэзова играют важнейшую роль в формировании национальной идентичности казахского народа. Они не только воплощают жизненную силу природы, но и символизируют процессы изменений, влияющих на личность и общество. Образ воды, связанный с течением времени, отражает казахский менталитет, в котором природа – и вода в особенности – выступает связующим звеном между прошлым и будущим, незыблемыми традициями и необходимостью приспособления к новым условиям. Исследователи подчеркивают, что «движение воды метафорически отражает гибкость, столь необходимую для сохранения идентичности в условиях перемен» [2].

Кроме того, мы полагаем, что образы рек и водоёмов, с которыми соотносится личностный рост Абая, подчеркивают значимость внутреннего развития для формирования национальной самобытности. Как подчёркивал М. Бахтин, «культурные символы, такие как река, образуют основу для построения художественного хронотопа, соединяющего пространство и время в единое целое, что играет ключевую роль в создании общенациональной идентичности в литературе» [3]. В геопоэтическом контексте вода становится символом перемен, связывая внутренние и внешние изменения героя и общества: река олицетворяет процессы, где преодолеваются личные и общественные преграды, позволяя казахскому народу развиваться, оставаясь верным своим корням.

Мы думаем, что в казахской культуре вода традиционно ассоциируется с понятием «жизни» и идеей «движения» – постоянной составляющей кочевого быта, где реки и водоёмы формируют не просто пространство, но основу существования. На наш взгляд, как отмечает Ю.М. Лотман, природные образы выполняют роль культурных

кодов, своеобразных «смысловых полей», через которые передаются ценности и сохраняется культурная память, что особенно значимо для произведений, стремящихся отразить национальное самосознание [4]. Вода в этом контексте выступает как символ неизменной жизни, ритмически связанной с природными циклами. В литературе она выполняет важную роль, закрепляя ключевые представления народа о незыблемых ценностях.

Таким образом, мы видим, что в романе «Путь Абая» образы воды и рек не ограничиваются лишь элементами пейзажа, а представляют собой метафоры глубоких жизненных изменений и духовных трансформаций, которые затрагивают как личность, так и общество в целом, способствуя формированию национальной идентичности. Эти геопоэтические символы дают возможность взглянуть на самосознание не как на статичное явление, а как на развивающийся и гибкий процесс, который требует изменений для выживания и роста. Такой подход делает данные образы центральными для понимания казахской идентичности и культурного наследия.

В одном из эпизодов романа читатель видит, как Абай стоит на холме и наблюдает за табуном лошадей, свободно пасущихся в степи. Этот момент описан с чувством глубокой симпатии и восхищения: «Абай стоял на холме и смотрел, как табун лошадей, словно волны, перекатывался по бескрайним просторам степи. Их грациозные движения и мощь напоминали ему о свободе, к которой стремится его народ» [1, с.106]. Здесь, по нашему мнению, автор не только изображает повседневный быт, но и передает сильный символический заряд, связывая лошадей с идеей свободы и непреклонного духа.

Далее, в другом фрагменте подчеркивается ключевая роль лошади в жизни кочевников: «Лошадь была не просто

средством передвижения; она была верным другом и помощником в трудные времена. Без нее жизнь в степи была бы невысказана» [1, с.201]. Нам кажется, что здесь Ауэзов передает неразрывную связь человека с природой, так как лошадь выступает одновременно и спутником, и символом выживания в суровых условиях степи.

Кроме того, помимо лошадей, в романе встречаются образы других животных, таких как верблюды и овцы, также несущие в себе глубокое символическое значение. Так, например, верблюды, шагая по пескам, становятся олицетворением стойкости и способности преодолевать трудности: «Верблюды, медленно шагая по пескам, несли на себе тяжесть кочевой жизни, напоминая о стойкости и терпении народа» [1, с.103]. Эти образы, на наш взгляд, подчеркивают упорство и терпение, которые были присущи казахскому народу на протяжении веков.

Образ овец, пасущихся на зеленых пастбищах, символизирует достаток и процветание семьи: «Овцы, мирно пасущиеся на зеленых пастбищах, были признаком богатства и процветания семьи» [1, с.214]. В этом случае животные символизируют не только материальные ценности, но и идеалы стабильности и уюта, которые, на наш взгляд, глубоко значимы для кочевого быта.

Подобно тому, как животные выполняют символическую функцию, небо также занимает важное место в романе, придавая повествованию философскую и эмоциональную глубину. Образы неба, облаков, солнца и звезд подчеркивают масштаб степи и создают атмосферу размышлений о жизни и судьбе. В одном из эпизодов, например, Абай, глядя на закатное небо, размышляет о смысле жизни: «Сидя на вершине холма, Абай смотрел, как солнце медленно опускается за горизонт, окрашивая небо в багряные тона. Облака, словно корабли, плыли по

небесной глади, а первые звезды загорались, напоминая о бесконечности вселенной и малости человеческой жизни» [1, с.213]. Здесь, как нам кажется, закат и звезды символизируют не только естественный порядок вещей, но и напоминают герою о месте человека в бесконечном мире.

Другой момент, когда ночное небо вдохновляет Абая на поэтические мысли, еще больше раскрывает его внутренний мир: «Ночью, когда степь погружалась в тишину, Абай любил смотреть на звездное небо. Мириады звезд, мерцая в темноте, казались ему глазами предков, наблюдающих за его поступками. В такие моменты он чувствовал особую связь с прошлым и ответственность за будущее» [1, с.212]. Мы полагаем, что в этом описании звезды становятся связующим звеном между поколениями, подчеркивая преемственность традиций и единство времени, прошлого и настоящего.

В целом, геопозитические образы в романе создают атмосферу, наполненную философскими размышлениями о бытии и духовными ценностями казахского народа, а также передают глубину национального самосознания и культурной преемственности.

Эти образы животных в «Пути Абая» не только иллюстрируют быт и традиции казахского народа, но и служат метафорами, отражающими его духовные ценности и мировоззрение. Например, лошадь в романе является символом свободы, силы и связи с родной землёй. Этот образ воплощает идеалы кочевого образа жизни, где свобода передвижения и гармония с природой являются важными культурными ценностями.

Таким образом, через образ лошади М.Ауэзов передаёт неотъемлемую связь казахов с их землёй и традициями, что укрепляет национальную идентичность героев.

Небо в романе часто описывается как бескрайнее и величественное пространство, подчёркивающее мас-

штаб степи и создающее атмосферу мечтательности и размышлений о жизни. Например, в описаниях закатов и звёздного неба М.Ауэзов раскрывает философскую сторону мировоззрения героев, их стремление к высшим целям и духовным истинам. Этот образ подчеркивает идею неразрывной связи человека и Вселенной, а также передаёт устремления казахского народа к познанию мира и своей роли в нём. Таким образом, небесный образ становится символом духовного поиска и устремления к свободе, что формирует национальное самосознание и внутреннюю силу казахского народа.

Эти описания подчеркивают величие и бескрайность степи, а также отражают внутренний мир героев, их стремления и размышления о жизни и судьбе.

Влияние на национальную идентичность

Геопоэтические пасторальные образы в «Пути Абая» способствуют формированию национальной идентичности казахского народа через:

– Сохранение культурных традиций: образы природы помогают передать важные аспекты казахской философии, такие как уважение к земле и семье.

– Формирование коллективной памяти: описания степи и её красоты создают чувство принадлежности к родной культуре.

– Отражение социальных конфликтов: природа служит фоном для социальных изменений и борьбы за справедливость, что также влияет на восприятие национальной идентичности [5].

В казахской литературе ландшафт выполняет роль не просто фона, а одного из главных элементов, который активно участвует в развитии повествования. Образы степи, гор и рек выступают как символы, несущие философские и культурные ценности, а также олицетворяющие исто-

рические процессы. Геопоэтика казахских эпосов позволяет глубже проникнуть в менталитет народа, его восприятие окружающего мира и понимание собственной истории. Через художественное описание природных пространств авторы передают идеи свободы, стойкости и перемен, подчеркивая неразрывную связь человека с природой.

Таким образом, пасторальные образы в романе «Путь Абая» не просто иллюстрируют быт и традиции казахского народа. Они служат метафорами глубоких философских размышлений, раскрывающих характеры персонажей, их внутренний мир и стремление к гармонии и свободе. Взаимодействие героев с природой, образы животных, описания ландшафтов помогают Ауэзову передать основные ценности и взгляды казахов, формируя таким образом целостное представление о национальной идентичности. Природа и традиции неразрывно связаны с образом жизни народа, оказывая прямое влияние на формирование мировоззрения и культурного наследия, что делает эти образы основополагающими для понимания казахской национальной идентичности и места человека в мире.

Литература:

1. Ауэзов М. Путь Абая/ пер. А. Кима. – Алматы: ИД Жибек жолы, 2012. – 516 с.
2. Гумилев Л.Н. Этносфера: история людей и история природы. - М., 2003. - 551 с.
3. Бахтин М.М. Формы времени и хронотопа в романе. Очерки по исторической поэтике // Бахтин М. М. Вопросы литературы и эстетики. М.: Худож. лит., 1975. С. 234-407.
4. Лотман Ю.М. Семиосфера. – С.-Петербург: «Искусство – СПб», 2000. – 704 с.

5. Кенжебекова Г.Ж., Сманов Б.О., Сойлемез О. «Религиозный образ Абая в романе-эпопее М.Ауэзова «Путь Абая». Керуен 75, no. 2 (июнь 10, 2022): С. 143–150. [просмотрено ноябрь 9, 2024]. <https://keruenjournal.kz/main/article/view/432>.

К. СЫЗДЫҚОВТЫҢ ӘУЕЗОВТАНУ ҒЫЛЫМЫНДАҒЫ АЛАР ОРНЫ

Эльмира МЕЙРБЕКОВА

*М. О.Әуезов атындағы Әдебиет
және өнер институты
«Әуезов үйі» ҒМО-ның
ғылыми қызметкері, магистр*

Филология ғылымдарының докторы, профессор Керімбек Сыздықов саналы өмірінің жартысына жуығын заманының ұлы ғұламасы, халқымыздың біртуар перзенті Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің ғылыми еңбектері мен зерттеулерін жинақтап, бір ізге түсіруге, оның өміріндегі көмескі тұстарды кейінгі ұрпаққа ашып көрсетуге арнаған ғалым. Бұл туралы өзі де: «Мен 150-ден аса ғылыми еңбек жазыппын. Әрине, бөле-жара көрсету қиын. Олар да өз перзенттерім сияқты ғой. Ал «Мұхтар Әуезов – әдебиет сыншысы» монографиясы, 12 және 20 томдық шығармалар жинағына жазған түсініктерім, «Уақыт және қаламгер» жинағына шыққан 1973 жылғы әдеби жыл қорытындылары туралы ой-пікірлерім жаныма жақындау» [1] деп ағынан жарылады. Филология ғылымдарының докторы, профессор Д.Ысқақұлы ғалымның М.Әуезов творчествосы бойынша жүзден астам мақала еңбектер жазғанын айтады [2, 5].

К.Сыздықовтың жоғарыда аталған «Мұхтар Әуезов – әдебиет сыншысы» монографиясының жарыққа шығу тарихы жөнінде академик С.А.Қасқабасов былай дейді: «1978 жылы оның «Мұхтар Әуезов – әдебиет сыншысы» деген кітабы жарыққа шықты. Бірақ үлкен жанжалмен шықты. Кітап теріліп қойғанда қырағы цензура «саяси қате» тауып, тиісті орындарға хабар береді. Дереву кітапты алдырып тексерсе, Мұхтар Әуезовтің 20-30 жылдары

жазылған мақалалары талданыпты (ал ол еңбектер «зиянды» деп жабылып тасталған болатын). Содан сол кездегі Академияның вице-президенті Ақай Нүсіпбековты жоғары жаққа шақырып, біраз сөз болады... Содан Ақаң келіп, Керімбекті шақырып, әлгі беттерді құрт дейді де, біраз ренжиді... Сол алынып тасталған беттер өзінің ретімен 1997 жылы жарияланған «Мұхтартанудың беймәлім беттері» деген кітабына енді» [2, 17].

Саяси цензураның кесірінен кесіліп, өңделіп шыққан осы кітап жөнінде, оны жазуды қолға алған мақсатын ғалымның өзі былай түсіндіреді: «...Дегенмен осы сияқты тағы басқа да көптеген бағалы еңбектерде жазушы өмірінің кей кезеңдеріне, әсіресе, алғашқы өмір жолына байланысты бір-бірімен қиғаш, қайшы келіп қалатын, әлі де анық, толық ашылмай жататын тұстары кездесіп отырады» [3, 6]. Сөйтіп, өзіне дейін жазылған Ахмет Әуезовтің «Бала Мұхтар», «Жас Мұхтар» атты кітаптары мен белгілі жазушы-ғалым Тұрсын Жұртбаевтың «Бесігінді түзе!» және «Бесігінді аяла», «Бесігінді ая!» атты М.Әуезовтің творчествосына арналған көлемді портрет-эсселерін, Дүкенбай Досжанов пен Кәмен Оразалиннің романдарын да атай кетеді.

М.Әуезовтің ата-бабалары, олардың шыққан өңірі туралы әр түрлі пікірлерді саралай келе жазушының «Өз жайымнан мағлұматынан» (М.Әуезов музейінің архиві, №382-бума) үзінді келтіріп: «Менің аталарым Қожа, алғашқы шыққан жерлері Қаратау деуші еді. Үлкен әкемнің үйінде сақталған қожалар шежіресінен бала кезде бір көргенімде біздің қожалардың арғы атасын Бақсайыс дейді... Менің әкем Омарханға 18-ші ата болып келуші еді... Тобықты ішіне менің үшінші атам Бердіқожа бірталай туысқандарын ертіп Найман ішінен келген. Ол Құнанбай заманы. Құнанбайдың шақыруымен келгенге ұқсайды» деген пікірін ескеріп, осы деректі дұрысқа санайды.

М.Әуезов қай жылдары, қандай оқу оқыды деген мәселеге де ерекше мән беріп Б.Сахариев, М.Сильченко мен Н.Смирнова, М.Қаратаев, А.Әуезовтердің келтірген мәліметтерін толықтай оқырманға баяндай келе Е.Ә.Бөкейханованың мұражай мұрағатына өткізген жазушының өз қолымен жазған өмірбаянын тауып, біраз мәселенің анық-қанығына көз жеткізеді. М.Әуезов онда былайша мәлімет береді: «Оқуды бес-алты жасқа келген соң үлкен әкемнен оқи бастадым. Сол кісінің алдынан хат танып, түбі оқитын болған соң 9-10 жасымда әкеммен бірге туысқан ағам Қасымбек қасына алып, басында бір жыл Семейдегі Камали деген қазіреттің медресесінде мұсылманша оқытты да, артынан орысшаға берді. Орыс оқуына әуелі өзі дайындады. Содан кейін бір қыс ел ішіндегі ауылына школдан, Әбіш Қасенов деген Семей семинариясын бітіріп шыққан қазақ учителінен оқып, келесі жылы күз Семейдің «5-ти класный городской училищесіне» түстім. Содан әрі мектептегі оқу тәртіппен кетті».

Бұдан кейін жазушының 1919-1922 жылдар аралығында қандай қоғамдық-әлеуметтік істермен айналысқаны белгісіз күйінде қалып отырғаны айтылып, сол аралықтағы саяси-әлеуметтік қызметтерін анықтауға талпыныс жасайды. 1946 жылы 30.01 – күні толтырылған жеке іс-қағаздарын, Семей облыстық архивінен М.О.Әуезовтің 23.XII.1919 ж. басталып 10.IX. 1920 ж. аяқталған 11 парақтан тұратын жеке іс-қағаздарын және 19.XI–31.XII.1920 аралығындағы М.Әуезовке қатысты папкаларды қарай келе әлі де анықтай түсер тұстары бар екенін көрсетеді.

Жазушының 1920-1922 жылдар аралығында «Қазақ тілі» газетіне жазған мақалаларын тізбектей келе К.Сыздықов ол туралы: «...сол кездегі үкімет тарапынап жүргізіліп отырған іс-шараларын халыққа түсіндіріп, насихаттауға, жүзеге асыру жолдарын жан-жақты іздесті-

ріп, елдің күнделікті тұрмыс жағдайына, келешек өсу өрісіне мейлінше тиімді ету жолына бар жан-тәнімен беріле еңбек еткенін байқауға болады. Сол жылдары М.Әуезов Кеңес өкіметінің саясатын ешбір астарсыз, аласыз, таза көңілмен өзінше дұрыс деп түсініп, оған құлай сенгенге ұқсайды» деп, қорытынды жасайды.

М.Әуезовтің алғаш жазған мақалаларына көз жүгірте келе жазушы өзі жазған іс-қағаздарында көрсеткендей «Сары Арқа» гезетінің 1917 жылғы 5 қыркүйектегі №12 санындағы «Адамдық негізі – әйел» атты мақаласы емес, «Алаш» газетінде сол жылдың 30 наурызындағы №16 санына Жүсіпбек Аймауытовпен бірігіп жазған «Қазақтың өзгеше мінездері» атты мақала екеніне тоқталады. Жазушының өзі жоғарыда аталған «Адамдық негізі – әйел» атты мақаланы да жалғыз өзі емес, Тұрағұл Абайұлымен бірлесіп жазғанын айтқанын нақты деректермен дәлелдейді.

Сонымен қатар М.Әуезовтің 1917-18 жылдары жарияланған «Қазақтың өзгеше мінездері», «Адамдық негізі – әйел», «Ғылым», «Қазақ ішіндегі партия неден?», «Мәдениетке қай кәсіп жуық?», «Ғылым тілі», «Қайсысын қолданамыз?» т.б. көптеген мақалаларына талдау жасап, өзіндік ой-пікірлерін білдіре кетеді.

Зерттеуші М.Әуезовтің жас күнінде айтқан албырт пікірлерін мансұқ етпей, оған сол заманның көзімен, сол заманның саяси-әлеуметтік жағдайы тұрғысында қарауға шақырады. Мысалы, Мұхтар Омарханұлының «Мәдениетке қай кәсіп жуық?» атты мақаласында: «Ақыры бұл кәсіптердің бәрін қарап келгенде мінезге, мәдениеттің күшеюіне біздің кәсібімізден қолайсыз кәсіп жоқ. Мұның біздің сүйегімізге сіңірген бірталай мінез таңбасы көп жерге барады. Енді ол таңбаны кетірсе, не өзгерген отырықшылық секілді кәсіп түрі жоғалтады, не соғыс жоғалтады. Соғыс болса, әлде уақыт толқынымен денедегі арам еттің арасына

тарап, жоғалып кеткен жауынгерлік, қайраттылық қаны қайта жүрекке жиналып қазақ жұртын бір қилыға мінгізер» деген пікіріне: «Бұл мақаласында да автор ешқандай бір нақты соғысты ұсынып үндеп отырған жоқ. Мақаланың ұзына бойында адам баласы тұтынып жүрген кәсіптерді және олардың мінез-құлық, сана-сезімге тигізер әсерін сөз ете келіп, қорытындысына автор қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасып қалған тұрмыс қалпын, соған сәйкес өн бойына әбден сүңгіп сіңіп кеткен мінез-құлық, ой-санасын өзгертіп, өсіру үшін көшпенділіктен отырықшылық кәсіп түріне ауысу керек, әйтпеген жағдайда халықты үлкен ауыртпалығымен дүр сілкіндірерлік күрделі құбылыс, үрдіс қозғалыс қана өзгертуі мүмкін деген тұрғыда «соғысты» атап отыр» деп өз тұжырымын айтады.

Жалпы, бұл еңбекте К.Сыздықов ұлы жазушы, ғалымның еңбектеріне адалдықпен қарап, оның әрбір пікіріне, тұжырымына заман талабына сай көзқарасын білдіріп, әділ бағасын беріп отырады. Біздің ойымызша осы кітап мұхтартану ғылымына, оның деңгейінің өсуіне зор ықпалын тигізетін еңбек екені күмәнсіз.

Әдебиеттер:

1. Профессор атанған ұстаз. – «Шымкент келбеті» апталығы, 1992, 14 наурыз. – №11.
2. Кербез де көркем Керекең. – Алматы: Таңбалы, 2009. – 280 б.
3. Сыздықов К. Мұхтартанудың беймәлім беттері. – Алматы: Қазақстан, 1997. – 224 бет.

М. ӘУЕЗОВТИҢ «АСЫЛ НӘСІЛДЕР» ӘҢГІМЕСІНІҢ КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІГІ: ЖАҢАША ИНТЕРПРАТАЦИЯ

Айжан ҚҰРМАНБАЙ

М.О. Әуезов атындағы

*Әдебиет және өнер институтының
ғылыми қызметкері, магистр*

М. Әуезовтің шығармашылық жолы 1917 жылдан басталады. Жазушының әр кезеңдегі шығармаларынан тақырыптық, идеялық алуандығын, көркемдік жүйесінің қуаттылығының уақыт талабына сай өзгеріп отырғанын аңғарамыз. Әуезов шығармашылығына деген сыни пікірлер мен зерттеу жұмыстары өткен ғасырдың 30-40 жылдарынан-ақ басталған болатын. Әйтсе де, жазушының әлі күнге ғылыми айналымға түсіп, лайықты бағасын алмаған шығармалары баршылық. Соның бірі алғаш 1947 жылы «Әдебиет және искусство» журналында жарияланған «Асыл нәсілдер» атты әңгімесі. Бұл әңгіменің жанрын кейде повесть деп те береді. Жазушы мұрағатында бұл әңгіменің үш нұсқасы сақталған. Қаламгердің 50 томдық жинағының 28 томында әңгімемен қоса пьесасы да берілген.

Жазушы өзі объектіге алған тақырыбын игеру мақсатында ауыл-елді аралап, материалдар жинақтағаны анық байқалады.

Әңгіменің үш нұсқасының алғашқы екеуі жазушының 2014 жылы құрастырылып, баспа бетін көрген толықтай шығармаларының елу томдық жинағына енген. Екі нұсқаны салыстырғанда едәуір айырмашылықтың бар екендігі аңғарылады. Бір нұсқада суреттелген табиғат суреттері екіншісінде кездеспейді, кей тұстарында бірнеше бетке дейін өңделіп, түзетілген.

Әңгімеге өзек болған негізгі тақырып – 1940 жылдардағы, соғыс кезіндегі қазақ ауылдарындағы малды асыл тұқымдандыру мәселесі. Жазушы өзі таңдаған тақырыпты жалаң түрде бермей, оны бір отбасының басындағы жаймен астастыра отырып, драматизациялайды. Отбасы мүшелерінің арасында кейкілжің болған кезінде, малдың жайы да ушығып, қораға қасқыр шауып отырады. Ал олардың арасында түсіністік орнаған сәтінде, олардың істерінің де берекесі кіріп, мал молынан төлдеп, көздеген мақсаттарына жетеді. Шығармадағы Есіргеп, Әсия, Қанипа бейнелері озат қойшылардың типтік бейнесіне көтерілгендей. Олар өз істеріне адал, еңбекқор, кеңеске адал малшылар бейнесінде көрінеді.

Ал шығармада биік танымымен, білімімен көрінген кейіпкер Бобровтың әрекетінен, шығармадағы болмысынан жазушының дүниетанымының кеңдігі, осы шығарманы жазу үшін арнайы ізденгендігі анық байқалады.

Әңгіменің көркемдік деңгейін арттыру үшін өлеңдер де кіріктірілген. Бұл өлеңдер кейіпкер Әсияның ішкі сезімін, күйініші мен сүйінішінің экспрессивтілігін арттыру үшін қолданылған:

*«Асыл жар, сәлем жаздым алыс жолдан,
Айнымас сағынышқа көңіл толған...»*

Әні де, сөзі де ыстық. Жас әйел жүрегін біресе өзіне қарай балқыта тартып, осы бір толқын меңдеп кетеді. Бұның қатарында сан бұралып, сағыныш орала созылады... Жар сағынышы...

Аласа, бозғыл беткейлі толтыра жатқан бір қора қой. Мың қоралы қалың тобы қыбырсыз тыныштықта. Ақырын пысылдап тын алады.

Асыл жар, сәлем жаздым алыс жолдан...

Сол әнмен ілес, жас көңілге ыстық бір шақ елесі келеді [1;283].

Шығармадағы концептуалды уақыт пен кеңістік өзгермелі. Оқиғалар осы шаққа, өткен шаққа, ілгерінді-кейінді алмасып отырады. Бұлай қазіргі мен өткенді аралас бейнелеу, эпизодтардың біршама аяқталған даралық сипаты шығарманың тұтастық шеңберін әлсіретуі мүмкін дегенмен хронологизмнен, баяндаудағы бірсарындылықтан құтқарып тұр.

М. Әуезовтің бұл әңгімесіндегі автор-баяндаушыны нейтралды және персоналды синтетикалық формада тани аламыз. Өйткені әңгіме желісі үшінші жақтан баяндалған.

Әдебиеттануда автордың оқиғаларды бейнелеудегі «өзін өзі ұстау» дәрежесі, яғни өзін-өзі көрсетуіне байланысты «эпикалық ракурс» ұғымы бар. Осыған байланысты әңгімелеушінің белгілі бір құрылымдық типі қалыптасады. Әңгімелеуші оқиғаларды жай сырттай бақылаушы түрінде болуы мүмкін, не жай баяндамай, оқиғаға қызуқандылықпен «араласуы» мүмкін. Сондай-ақ, автор оқиғаларды объективті түрде баяндамай, өзінің ішкі дүниетанымынан өткізіп, субъективті түрде беруі ықтимал. Соңғы жағдайда оқиғаларды талдап, ой елегінен өткізеді [2;47].

Автордың ішкі дүниетанымының көрінісін оның кейіпкер Бобровты сомдауынан білуімізге болады.

«Жүні әбден асылданған, бойы қазақ қойынан ересек, еті мол, ақ қойды білетін бір КИЖ-дің мал мамандары екен. Алматыдағы мал тұқымын зерттейтін зор ғылымдық орындардың бәріне мәлім. Сондағы білімпаздардың тұқым ауыстыру тәжірибесімен дүниеге келген болатын. КИЖ көп жылдан бері көп тұқымды қойларды арлы-берлі алмастырып көрді. Алыс Американың «рамбульесі», Англияның «прекосы», батыс Еуропаның «вертюмбергі», ыстық шығыстың «гиссары», «саргиджасы» Ұзын Қарғалының топырағын татқалы талай заман. Солар Қазақстанның құм шөлі мен асқар Алатауында, аязды қыс Сарыарқасында ербіп-өсіп келген. Осы ұзақ тәжірибелердің әрі ішкі зерделі,

әрі ізденгіш, білгіші – Бобров Ұзын Қарғалының топырағын татқалы талай заман. Солар Қазақстанның құм шөлі мен асқар Алатауында, аязды қыс Сарыарқасында өрбіп-өсіп келген «еділбайлар», «Шу» қойларымен әлденеше рет айқыш-ұйқыш қан қосып, тұқым араластырып, туысырп кеткен. Осы ұзақ тәжірибелердің әрі ісшіл зерделі, әрі ізденгіш, білгіші – Бобров Ұзын Қарғалының бойында тәжірибемен сол жаңа тұқым, жаңа нәсілді дүниеге келтірген болатын» – деген Бобровты суреттеуінде автор өз танымын тереңінен көрсете білген [1;296]. Бұл суреттеу – әңгіменің баяндау жүйесін күрлендіріп, оның танымдық деңгейін арттырып тұр.

Әңгіменің мына бір тұсындағы ауа райының жайы да кейіпкер Бобровтың сан қырлылығын аңғартады: «Есіргеп «Алатау бөктерінде де қыс қатты ма?» деп сұрап еді, бұның оқымысты қонағы биылғы қыс туралы екі түрлі белгіні айтты. Біреуі – Есіргептің өзі күздігүні айтқан, күн райына қарап айтқан тәжірибе болатын. Соған қосып ол Есіргепке екінші деректі тағы айтты. Бұнысына Есіргеп аз сеніп, аз ілтипат жасаса да, Бобров әсіресе даусыз сенетінін білдірді. Қыстың бұл өңірде биыл қарлы, суық, ұзақ болатыны туралы күн райын бағатын институт пен станциялар долбар айтады екен [1;300].

Көркем шығарманың баяндау жүйесіндегі әртүрлі бірліктердің шынайы өмірдегі бейнесінен өзгешеліктер болатынын ескерсек, «Асыл нәсілдер» әңгімесіндегі жазушы қиялынан туған кейіпкер Бобровтың шығармадағы функциясы – өз әрекеттері, өз көзқарас нүктесінен баяндаған мәтіндер арқылы шығармаға өзек болған тақырыптың мән-маңызын ашу болып тұр. Кейіпкер Бобровтың көзқарас нүктесінен баяндау арқылы автор-баяндаушы баяндау жүйесінің әсерлілігін арттырған.

Осы тұста мына дүниені нақтылай кетсек: «Автор көркем шығармада өзінің көзқарасын білдіруімен кейіп-

кер мен баяндаушының сөздерінің әсерін арттыра түседі. Суреттелген оқиға әртүрлі көзқарас нүктесі арқылы сипатталады. Бұл автордың суреттелген оқиғаға қатынасына қарай физикалық, ойша (абстрактылы) немесе жеке перспективасы болады. Физикалық көзқарас нүктесі – көру бұрышы, оның ішінде барлық тарих қарастырылатын уақытша көзқарас. Абстрактылы көзқарас – ішкі ойдың перспективасы және эмоционалды қатысы, ол баяндаушы мен әңгіме арасында сақталады» [3].

Кейде шығармадағы баяндаушы субъектінің біреу екендігіне қарамастан онда екі дауыстың бірігуі болып жатады. Яғни кейіпкер мен автордың дауысы бірігеді. Осы ретте М. Бахтиннің 1919 жылғы «Автор и герой в эстетической деятельности» атты еңбегінде көрсеткен «автордың артықшылығы» туралы ойы түсінікті болады. Бахтин биографиялық автор, шынайы автор және мәтіндегі авторды эстетикалық категория ретінде қарастырып, былайша талдап береді: «Автор өзі тудырған әлемде сол әлемді белсенді тудырушы ретінде көрінуі керек... Автор оқырман үшін шығармада адам бейнесінде немесе кейіпкер бейнесінде болмай, тиісті принципті ұстанғанда ғана құрметті (тек автордың өмірбаянын зерттегенде ғана оны белгілі бір адам, тұлға ретінде қарастыруға болады).

Шығарма құрылымында оқырман үшін автор – іске асырылуға тиісті принциптердің жиынтығы болады. Оның адам ретінде жекеленуінде оқырманның, сыншының, тарихшының екінші шығармашылық актісі болып, авторлық көзқарас тәуелсіз белсенді болады. Автор тек кейіпкердің қарағаны мен көргенінен басқа дүниелерге, кейіпкерлерге көрінбейтіндерді көре алады. Автордың кейіпкерге қатысына қарай оның шығармадағы қозғалысын шектеп отырады» [4]. Басқаша айтқанда, кейіпкер өзінің көзқарасы бойынша уақыт пен кеңістіктегі ерекше жағдайға, характердің

ерекшеліктеріне, жасына және көптеген басқа жағдайларға байланысты шектеу көреді. Ол сонысымен автордан ерекшеленеді. Ал автордың мәтіндегі бейнесі әртүрлі болады, соның бірі баяндауды ұйымдастырушы, бәрін көруші және барлық жерде болатын принципті ұстанады.

Авторды әрбір көркем шығарманың өн бойынан кездестіре аламыз. Бірақ оны нақты бір кейіпкерге теліп, екеуін бір деп қарастыру жаңсақтық болады. Осы реттен келгенде де баяндаушы да автор ойынан туған бірлік ретінде қарастырып, оны автормен тең дәрежеде қарамауымыз керек.

Бахтиннің жоғарыда айтылған кейіпкер мен автордың дауысының бірігуінің сипатын «Асыл нәсілдер» әңгімесінен аңғара аламыз. Мұндай автор дауысы өзі сомдаған баяндаушының да, кейіпкердің де үнімен астасып жатыр. Әуезов бұл әңгімесінде өзі сомдаған басты кейіпкердің заты әйел бола тұрса да оның ішкі әлеміндегі қарамақайшылықтарды, психологиясын деп тауып жеткізе білген.

Әңгімедегі ортақ төл сөздің де баяндау жүйесінен алар орны ерекше. Ортақ төл сөз туралы ғалым Б.Майтанов: «Прозалық мәтінде ортақ төл сөз көтеретін жүк ауыр екені мәлім. Ол – кейіпкер психологиясын жеке меншіктеген күйде емес, өзгенің ішкі дүниесіне куәгер, сезім-толқынысына еншілес ендікте отырып, сыр толғаудағы баға жетпес астыртын көркемдік айла,» -дейді [5]. Ғалымның осы пікіріне мысалды біз автор-баяндаушының кейіпкер Әсияның мына күйін суреттеп беруінен таба аламыз: «Әсия бүгінгі түннің тез өткенін, таңның тез атуын сонша асығып күтеді. Өзіне белгісіз, үркектеген қауіп сезімімен күтеді. Сол қобалжудан ба, ішіндегі кішкентай, ғажайып ұрық та бүгін жиі қозғалады. Оң бүйірі түрте береді. Аспанды төмендеп торлаған, тау салмақты ауыр қара бұлттар қаптап алған. Қараңғы түнде қалың бұлт бірін-бірі

қуады. Аспан әлемі қатты бүлінгендей. Тау толқып, аунап ұшады. Жоғарыда құтыра соққан, қатты дауыл бар тәрізді. Шұқырдың айналасындағы құм шошақтардың басында да қатты жел соғып тұр. Бұршақ аралас жауындай ұшқындап, ауыл үстіне түсіп тұрған құм жауыны бар. Әсияның үстіне сол қиыршық құм, ұсақ тас аралас сытырлап түседі» [1;310]. Автор Әсияның ішкі дүниесін, жан әлемінің күйзелісін, оның буырқаныс-толғаныстарын табиғат күйімен астастыра жеткізуді мақсат тұтқан. Шығарманың осы тұсындағы драматизм оқырманның көңілінің ішкі түкпіріне бойлай отырып тебіреніс тудыратындай суреттелген.

Сондай-ақ автор Әсияның монологтары арқылы жалпы адам баласына тән толғанысты, ішкі драматизмді көрсете алған.

Бұл әңгімедегі баяндаушы «ол» әңгімелеуші формасын таңдап, баяндауды объективті түрде, оқиғаларға түсінік бере отырып жүргізген.

Психологиялық суреттеу деңгейіндегі «Асыл нәсілдер» әңгімесіндегі авторлық баяндаудың мынадай типтерін ажыратуымызға болады:

1) ішкі жан-дүние құбылыстары төл сөз немесе төлеу сөз арқылы үшінші жақтан суреттелген;

2) авторлық шегініс;

3) өзгелік төл сөз;

4) публицистикалық элементтер;

Баяндаушы реалды өмірдегі адамнан кейіпкер бейнесін жасап, оны көркемдік деңгейге жеткізеді. Баяндаушы кейіпкер көрмейтін, түсінбейтін дүниенің бәрін көріп, түсіне алады.

Біз талдаған бұл «Асыл нәсілдер» әңгімесінде бірінші жақтық баяндау формасы кездеспейді. Сәйкесінше, баяндаушы мәтіндегі әрекеттің иесі ретінде де көрінбейді.

Айта кетерлігі, жазушы шығармашылығында аукториалды нарративті тип басым. Яғни, оқырман үшін

басты бағдарды баяндаушының өзі алып отырады. Әуезов шығармаларында актер-кейіпкердің көзқарасы мен бағалауы емес, баяндаушының көзқарасы мен бағалауы басты орынға ие. Осылайша баяндалған мәтінде оқырман үшін жазушы М. Әуезов тудырған шығармаларда әңгімені ұйымдастырушы қызметі нарраторға жүктелген. Аукториалды типке келісінше негізгі басты бағдарлаушы нарратормен емес, актермен белгіленетін акториалды нарративті тип Әуезов әңгімелеріне тән емес.

М.Әуезовтің осы әңгімесіндегі автор рөліне мән бергенде, оның өз міндетін толықтай баяндаушы-нарраторға жүктейтінін аңғардық. Автордың жеке өмірі, оның дүниетанымы, өмірлік тәжірибесі мен оның әңгімелерінің арасындағы байланыс өте күрделі сабақтасып жатыр. Мұнда биографиялық автордың бейнесі мүлде көрінбейді деуімізге толықтай негіз бар.

Әдебиеттер:

1. Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. – Алматы: «Дәуір», «Жібек жолы», 2014. 28-том: Мақалалар, зерттеулер, әңгіме, пьеса. 1946-1949. – 440 б.
2. Кішкенбаева Ж. Қазіргі көркем прозадағы дискурс және нарратор: Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация; Л. Н. Гумилев атын. Еуразия ұлт. ун-ті. – Астана. – 2015.
3. Темирболат А. Поэтика литературы: Учебное пособие – Алматы, 2011. – 168 с.
4. Бахтин М. Автор и герой в эстетической деятельности // Эстетика словесного творчества / Сост. Бочаров С. – Москва: Искусство. – 1986. – 445 с. – 9 с.
5. Майтанов Б. Тәуелсіздік – күрес мұраты: зерттеулер мен мақалалар. – Алматы: «Құс жолы», 2012. – 490 б.

М.ӘУЕЗОВ ЖӘНЕ ТӘЖІК ӘДЕБИЕТІ

Шолпан ӘМІРБАЕВА

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты «Әуезов үйі» ҒМО-ның ғылыми қызметкері, магистр

Анель БАҚЫТҚЫЗЫ

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты «Әуезов үйі» ҒМО-ның гид қызметкері, магистрант

Қазақ-тәжік әдеби өзара байланыстарының тарихында Қазақстанның әлемнің көптеген халықтарымен әдеби байланыстарын зерттеу мен жолға қоюда шығармашылық еңбегімен қатар, халықтың разылығына ие болған қазақ жазушысы Мұхтар Әуезов үлкен рөл атқарады.

М. Әуезовтің ерекше тұлғасы мен жазушылық жолы Қазақстанда ғана емес, шетел асып өз бағасын алғаны белгілі. М.Әуезов туралы оның шығармашылығына арналған көптеген ғылыми еңбектер мен монографиялық зерттеулер жазылғанымен, ғылыми әдебиеттерде қамтылмаған бірқатар мәселелер бар. Осындай аз зерттелген мәселелердің бірі – оның тәжік әдебиетіне деген көзқарасы, оның шығармашылығының тәжік әдебиеті жазушыларына берген әсері, оның шығармаларын тәжік оқырмандарының қабылдауы сынды мәселелер болып отыр.

Тәжікстан мен Қазақстан әдебиетін салыстырмалы зерттеу XX ғасырдың ортасынан басталды. Екі ел компаративизмінің бастауында көрнекті жазушы, ғалым Садриддин Айни мен Мұхтар Әуезов тұрды. Кеңес дәуіріндегі әдебиеттану ғылымының, әсіресе ресейлік салыстырмалы әдебиеттанудың дамуына байланысты 60-жылдардың басынан бастап Орта Азиядағы әдеби байланыс бойынша зерттеулер

қарқынды дамыды. Осы кезден бастап Алматы, Душанбе және Ташкентте салыстырмалы әдебиеттану мәселелеріне арналған түрлі өңірлік әрі халықаралық конференциялар өткізілді. Тәжікстан [1] мен Қазақстанда [2] көптеген жинақ, кітаптар, библиографиялық көрсеткіштер, ғылыми конференци мен симпозиумдар тезистері мен материалдары жарық көрді. Диссертациялық жұмыстар, зерттеу жұмыстары қорғалды [3].

Қазақстанның Шығыспен әдеби байланысын зерттеудегі маңызды сәттер Мұхтар Әуезов зерттеулерінің жемісі екені сөзсіз. Бұл туралы Ш.Қ. Сәтпаева, Ө. Күмісбаевтың еңбектерінде, Е.В. Лизунованың [4] арнайы мақаласында қозғалды.

Қазақ-тәжік әдебиеттанушыларынан М.Шүкіров, Ш.Сәтбаева және А.Сайфуллаев, М.Әуезов, В.Самад және тағы да басқалары әдеби байланыстың теориясы мен әдістемесін зерттеуге елеулі үлес қосты.

Қазіргі даму кезеңдерінде де халықтар арасындағы рухани құндылықтар байланысы өз маңызын жоғалтқан жоқ. Бұл мәселеде әлемнің көптеген елдерінде дамыған әдеби байланыстары да үлкен рөл атқарады. Халық шығармашылығы мен жазба әдебиеттің ұлтаралық байланысы ежелгі дәуірден бастау алады. Бұл Орта Азия мен Қазақстанның, атап айтқанда, өзара байланысының терең тамыры ғасырлар қойнауында жасырылған қазақ пен тәжік әдебиетінің мысалында айқын көрінеді. Бұл халықтардың әдеби байланыс тарихының бастауы – екі ел ауызша поэтикалық шығармашылығында жатыр. Фольклордың жалпыадамзаттық және халықаралық сипаты әрқашан ұлттық туындылардың бір-біріне беретін ерек әсерінде көрініс тапты.

Қазақ және тәжік фольклоры мен әдебиетінің ежелгі кезеңі қазақтар мен тәжіктердің этникалық құрамына

енген ұлттардың шығармашылығымен тікелей байланысты болды. Жаңа дәуір бастауында Орта Азияда екі этникалық халық – шығыс ирандықтар мен түріктер өмір сүрді. Олар өзара байланыста болып, бір-бірін мәдени тұрғыда байытты. VII-VIII ғасырларда түркі жұрты Орта Азия құрамына еніп, нәтижесінде екі этникалық элементтің мәдени байланысы басталады. Түркі халық поэзиясы мен отырықшы Орта Азия халықтарының эпостары мен әдебиеттерінің арасында ерекше әдеби, ркхани байланыстар болды. Орта Азияға келген түркілер діни өмірге, мәдени құндылықтарды жасауға белсенді қатысып, Орта Азияны құрушылармен бірге болды.

Осылайша, қазақтар мен тәжіктер фольклоры мен әдебиетінің өзара байланысы мен баюы көптеген ортақ мәдени дәстүрлердің, атап айтқанда, екі халықтың эпикалық мұрасының өзара байланыстарының негізінде жатыр. Олар бір-бірінің, сондай-ақ басқа халықтардың ең жақсы әдеби жетістіктерін игерді, өздерінің ұлттық мәдениеттерін, олардың жалпыадамзаттық негізін байытты. Қазақтар мен тәжіктер, әлемнің басқа халықтары сияқты, әлемдік әдебиет пен мәдениеттің қазынасына үлкен үлес қосты.

Қазақ және тәжік ауыз әдебиетінде ертегі ерекше орын алады. Қазақ фольклористикасында қазақ ертегілерінің құрамын, олардың ұлттық ерекшелігін, әсіресе түркі-моңғол ертегілерімен байланысын зерделеу бойынша үлкен жұмыс атқарылды [5]. Ол зерттеуде қазақ пен тәжік ертегілерінің өзара ұқсастықтары туралы ой-толғамдар бар.

Тәжік фольклорында салыстырмалы зерттеу мәселелері бойынша бірнеше зерттеу мақалалары жарияланып, қазақ-тәжік фольклорлық және әдеби қарым-қатынастарына қатысты бір диссертация қорғалған [1].

Қазақтар мен тәжіктердің ертегілерін салыстырмалы талдау кезінде олардың сюжеттерінің әртүрлілігі назар

аудартады. Кейбір ертегі желілері басқа халықтар фольклорымен де үндесіп жатады. Бұл үдерісте тәжік классикалық әдебиетінің рөлі зор, кейбір қазақ ертегі, дастандарының және ертегі прозасының сюжетіне парсы-тәжік әдебиеті үлкен әсер етті, тіпті көптеген ертегілер мен шығыс аңыздары өлең түрінде кездеседі.

Бұл салада қазақ халқының әдебиет тарихында ұлы шығармашылық еңбегімен қатар, өз елі мен тәжік шығармашылығындағы әдеби байланыстарды жолға қою мәселесінде түрлі еңбектерімен ризашылық пен құрметке ие болған Мұхтат Омарханұлы Әуезов өлшеусіз еңбек етті. Ұлы Абай шығармашылығының парсы-тәжік классикалық әдебиетіне байланысын анықтады. Абай шығармашылығы XIX ғасырдың соңындағы қазақ-тәжік әдеби байланыстарының жарқын үлгісі екені белгілі. Сонымен қатар Ораз Молда, Сердалы, Кашафутдин, Шәді Жәңгірұлы, Жүсіпбек Шайқысламұлы, Мәшһүр-Жүсіп Көпеев, Мұхамеджан Сералин, Тұрмағамбет Ізтілеуов сынды қазақ-тәжік әдебиеті арасындағы ерекше байланыстың көрнекті өкілдерін атап өтпеске болмас. Олар негізінен тәжік классикалық әдебиетінен, атап айтқанда Фирдоусидің «Шахнамасының» аудармасымен айналысты, зерттеді, («Айқап») журнал шығару ісін жүргізді, өз оқырмандарына тәжік әдебиетінің көрнекті шығармаларынан хабардар етіп отырды. Кейбір жазушылар қазақ оқырманына өзге елдердің әдеби жаңалықтарынан хабардар етіп, қос миссияны қоса алып жүрді. Сонымен, XX ғасырдың 50-ші жылдарында М. Әуезов қазақ жұртшылығын тәжік әдебиетімен, ал Кеңес оқырмандарын тәжік-парсы әдебиетінің классиктерімен таныстырды.

Фирдоуси, Сағди және Хафиз хақында жазған ұлы ақын, ойшыл Абай Құнанбаев – шығыс әдебиетінің көрнекті классигі болды. Көптеген халықтардың әдеби өмірінде

ұлы ақындар мен олардың шығармаларының қоғамдық ойы мен ұлттық рухани баюына әсер етуі кездеседі. Қазақ халқының рухани мәдениетін айтарлықтай ілгерілеткен, оның көркемдік тәжірибесін байытқан Абай сөз суреткері болғаны мәлім. «Абай шығармашылығы – халық тарихын, сонымен бірге жалпыадамзаттық мәдениетті ерекше жаңа құндылықтармен байытты. Халық бұл құндылықтарды есінде мәңгі сақтайды, өйткені халықтың рухани байлығының ең жоғары жетістігі бейнеленген, халықтың озық мәдениетінің одан әрі кең өркендеуіне ықпал ететін көрсеткіштер де бар», – дейді келе М. Әуезов

«Абай халық өмірінің, халық мәдениеті құбылысының әрбір фактісін, мотивін, әрбір ұсақ бөлшегін өнерге, шынайы поэзияға айналдыра алды» [6]. Абай шығармашылығының негізгі зерттеушісі М.Әуезовтің айтуы бойынша шығыстың классикалық поэзиясы, оның ішінде тәжік-парсы классикалық әдебиеті оның шығармашылығының және XIX-XX ғғ. басындағы барлық қазақ әдебиетінің қайнар көздерінің бірі болды.

Абайдың алғашқы шығармалары шығыс поэзиясының дәстүрі айқын көрінетін әдеби тартымдылықтың қарапайым түрі. Шығармаларында парсы классиктері Фирдоуси, Хафиз, Сағди, және Шамси Табрези, Жалаладин Руми, сондай-ақ Науаи, Физули және Сайхали сияқты түркітілдес классиктерден үлгі алады, солардан сусындайды. Мұны ақынның дәстүрлі стильде жазылған әрі осы классиктерге арналған алғашқы өлеңдерінен көруге болады.

*Фзули, Шәмси, Сәйхали,
Науаи, Сағди, Фирдауси,
Хожа Хафиз – бу хаммаси
Мадад бер мен шагири фарияд [7, 250].*

Абайдың алғашқы өлеңдері «Юзи раушан» және «Әлифби» – бұл түркі тілдес ақындар Науаи мен Физулидің

дәстүріне тікелей бағытталады, еліктейді. Мұхтар Әуезов Абай парсы тілімен негізінен түркі аудармалары арқылы жазған классиктердің шығармаларымен танысты деп есептейді. Сонымен бірге ол кейбір шығармаларды тәжік түпнұсқасында оқыды. Әрине, жас Абай орыс әдебиетімен танысқанға дейін халықтың ауызша-поэтикалық шығармашылығы мен шығыстың классикалық поэзиясы ауанында тәрбиеленген. XIX ғасыр бойы Орталық Азия әдебиеті үшін түркі тілдес оқырманды басқа елдердің қоғамдық ойымен және әдебиетімен таныстыру процесінде байланыстырушы тілі парсы-тәжік тілі болғаны белгілі. Қазан, Санкт-Петербург, Орынбор, Ташкент және басқа да қалаларда басылған кітаптардың көпшілігі парсы тілінде немесе парсы тілінен аударылған. Сонымен қатар, парсы тілінің араб тілінен кейінгі исламның екінші тілі ретіндегі қолданылуы көпшілікті сол тілді меңгеруге мәжбүрледі.

Абай шығармашылығы жаңа заман әдебиеті қалыптаса бастаған кезеңде басталып, дамығаны белгілі. Ол Фирдоуси мен Низамиден бастап М.Ю. Лермонтов пен А.С.Пушкинге дейінгі әлемдік әдебиеттің көркем мұрасын игерді. Сондықтан оның шығармашылығындағы («Ескендір», «Масғұт», «Өзім әңгімесі» поэмалары), аудармалары мен шығармашылық стилизациясы соның айғағы. Осылайша Абай өзінің шығармашылық қызметінде шығыспен, ең алдымен тәжік классикалық әдебиетімен тығыз байланыста болғанын бағамдаймыз. Бұған оның гуманистік идеяларға толы моральдық-ағартушылық өлеңдері ғана емес, сонымен қатар Унсурулмаали Кейкавустың «Қабуснама» және Муслихиддин Сағдидің «Гүлстан» сияқты парсы-тәжік классикалық әдебиетімен тығыз байланысты «Ғақлиялар» («Қара сөздер») прозалық шығармасы дәлел бола алады. Бұл туралы М.Әуезов, А.Жиришин, Ш.Қ. Сәтпаева, М.Мырзахметов және т. б. зерттеушілер атап өтеді.

Абайдың бірқатар өлеңдерінде М.Әуезов тәжік классикалық поэзиясының жетекші жанрларының бірі – ғазал үлгісін көреді. Оларға «Қор болды жаным», «Сен мені не етесің?» және т.б. жатқызуға болады, онда махаббат тақырыбын сипаттаудың шығыс тәсілі көрініс береді. Бұл өлеңдерде, классиктердің ғазалдарындағыдай, сағыныш, қызғаныш, үмітсіздік және махаббат сезімдері бейнеленген. Бұл өлеңде ғашықтық ғазалдарында үнемі кездесетін «бару» – рафтан, «бөтенді жолдас ету» – агер, «кел ертерек» зуд ой, «серт бұзған» – вадахилофи сияқты ұғымдар бар.

Абайдың рухани өлместігін түсіну оның этикалық мұратымен байланысты. Бұл Абайдың ұлы ұстазы Фирдоусидің сөздерін еске түсіреді.

Ерлер мен қариялар, жігіт-қыздар,

Бақытқа шақырар менің әуендерім.

Тіпті ғасырлар бойы ұйықтап жатсам да,

Мен өлмеймін: Мен тірімін! [7].

Абай Құнанбаевтың шығармашылығын зерделеу Кеңес өкіметі жылдарында ғана басталғаны, оның ең ірі зерттеушілерінің бірі Мұхтар Әуезов болғаны белгілі. Қазақ классигінің өлеңдерін орыс тіліне аудару да кейінірек жүзеге асырылды. Сол себепті тәжік оқырмандары мен зиялы қауым 1950-ші жылдарға дейін Абай туралы тым аз білетін. Ол туралы алғашқы ақпарат тәжік баспасөзі беттерінде пайда бола бастады. 1950 жылы 11 тамызда «Хакикати Ленинобод» («Ленинабадская правда») газетінде Абайдың туғанына 105 жыл толуына байланысты А.Мирпочаевтың «Великий друг русской культуры» атты қысқаша мақаласы жарияланды [8].

Әлемдік әдебиеттің ұлы ескерткіштерінің бірі – Фирдоусидің «Шахнама» кітабын қазақ тіліне аудару қазақ халқының өміріндегі маңызды, әдеби оқиға болды. Алғашқы араб аудармаларынан бастап (1218-1227) бұл монументал-

ды шығарма әлемнің көптеген елдерінде түпнұсқада және әртүрлі аудармаларда таралды. «Шахнаманың» қазақ әдебиетіне әсері туралы әдебиеттанушылары М.Әуезов, М.Қаратаев, Ә.Сатыбалдиев, Т.Жүргенов, М.Байділдаев, Р.Бердібаев, Ә.Қоңыратбаев және т.б. зерттеушілер сөз қозғады.

«Шахнама» аудармасы тарихындағы ең маңызды оқиға – негізгі бөлімдерінің 1936 жылы ақын Тұрмағамбетов Ізтілеуовтің қазақ тіліне көшіру сәті болды.

1936 жылы қажырлы еңбектенген Т. Ізтілеуов он бір буынды өлеңнің 40 мың жолынан тұратын «Шахнаманың» негізгі бөлігін аудару жұмысын аяқтайды. Аударма үш негізгі бөлімнен тұрды: 12 мың жолдан тұратын бірінші бөлімі «Жәмшиднама», 24 мың жолдан тұратын екінші бөлімі «Рүстем-дастан», 4 мың поэтикалық жолдан тұратын үшінші бөлімі «Дарап-нама».

Кітаптың басында Т. Ізтілеуов оқырманына бұл аударма шығармашылық сипатқа ие екенін, сондықтан түпнұсқаға қарағанда көлемі аз болуы мүмкін екенін бірден ескертеді.

*Білген Фирдауси иә отыз жылда,
Барад, – деп ойламандар оған Булл да.
Кім гой, деп жене күндер жабқыпандар,
Мазмунды түгелімен терем мушда... [3]*

М.Әуезов «Рүстем-дастанның» алғы сөзінде Т.Ізтілеуовтың аудармасының осы еркін сипаты мен аударма ерекшеліктері туралы айтқан болатын. «Бұл еңбекті біз тікелей Фирдоусидің «Шахнамасынан» жасалған аударма ретінде емес, халық ақыны Тұрмағамбеттің өзі Фирдоуси шығармасының ізімен өлеңмен жырлаған Рүстем туралы дастанның қазақша нұсқасы ретінде қарастыруымыз керек» – дейді ол [6].

«Рүстем-Дастан» басылымынан кейін қазақ мерзімді баспасөзінде көптеген әдеби шолулар пайда болды. Әде-

биеттанушылар М.Әуезов, С.Мұқанов, М.Қаратаев, Р.Бердібаев, Ә.Қоңыратбаев, Ә.Сатыбалдиев, Ы.Дүйсенбаев, Ө.Тұрманжанов, Ө.Күмісбаев, М.Байділдаев және т.б. осы шығарманы жоғары бағалай отырып, қазақтың «Шахнама» аудармасы халық ақыны Т.Ізтілеуов шығармашылығының шыңы деген пікірге келеді.

Аударма ісін жандандыру да осындай жағдай орын алып, оның мәселесін шешу 30-шы жылдардағы қазақ әдебиетіне тән болды. Бұған жоғарыда қазақ әдебиетінен келтірілген фактілер дәлел бола алады. Тәжік әдебиеттану деректерінде ақын-жазушылардың айтуынша қазақ әдебиетшілері М.Әуезов, С.Мұқанов, Ж.Жабаев, Ғ.Мұстафин, С.Мәуленов, Ә.Тәжібаев, Ә.Әлімжанов және тағы басқа да қайраткерлер тәжік әдебиеті үшін зор маңызға ие болды.

Қазақ авторларының шығармаларының тәжік тіліне жазба аудармалары алғаш рет 30-жылдары пайда болды, сондай-ақ олар қазақтың ұлы ақыны – Жамбыл Жабаевтың шығармашылығымен байланысты болды. Екіншіден, ол сыртқы көріністе синкретикалық өнердің архаикалық түрін бейнелейді. Оның поэтикалық өндірісінің құралы – домбыра – оның импровизациясымен бірге жүреді, театр элементтері де бар. Жамбыл халықтар достығының үлгісі, өлең сөздің дүлдүлі ретінде тәжік халқының шынайы сүйіспеншілігіне ие болды.

Жамбылдың туғанына 150 жыл толуына байланысты Тәжікстан Президенті Э.Рахмонов бастаған Тәжікстан делегациясы 1996 жылы Алматы қаласында өткен салтанатты мерейтойлық кешке қатысты. 1950 жылдан бастап аударма жұмысы едәуір жанданды, бұған көбінесе тәжік және қазақ жазушылары, ақындары арасындағы жеке байланыстардың күшеюі, әдебиет күндері мен онжылдықтарын өткізу ықпал етті. Дәл осы кезеңде көптеген қазақ авторлары еңбектері

тәжік тіліне аударылып, Абай, Жамбыл, М.Әуезов, С.Мұқанов, С.Мәуленов, Ғ.Мұстафин, Ғ.Мүсірепов, С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Ғ.Орманов, Ә. Тәжібаев және т.б. шығармалары кеңінен таралды. Қазақтар мен тәжіктердің бұндай дәстүрлі ерекше қарым-қатынасы олардың аудармаларында айқын көрінді. 1963 жылы Тәжікстанда Қазақ әдебиеті апталығына байланысты көптеген аударма туындылары жарық көрді.

А. Сайфуллаевтың айтуы бойынша, биылғы жылы кейбір поэтикалық жинақтардан басқа, тәжік тілінде қазақ жазушылары мен ақындарының он екі кітабы жарық көрді, олардың басым бөлігі поэтикалық аудармалар болып табылады [9].

Әдеби онкүндіктер көркем аударманың дамуына да ықпал еткені сөзсіз. 1970-80 жылдары М.Әуезовтің «Қорғансыздың күні» (1972) «Қараш-қараш оқиғасы» (1977) шығармалары аударылды.

Қазақ басылымдарында шығыс әдеби құндылықтарына, оның ішінде жалпы тәжік әдебиетіне және оның жекелеген өкілдеріне деген ойын айқындайтын эстетикалық көзқарастар өз көрінісін тапты. Кеңестік кезеңде, кейбір қазақ әдебиеттанушылары Сағди мен Хафиз шығармаларының аудармаларына күмәнмен қараған кезі болды. Бұл шығыстың классикалық әдебиетін, соның ішінде парсы-тәжік әдебиетін тану кезінде көрінді. Бұл көзқарасты М. Әуезов айыптады. Бұл мәселені зерттеу 1960-шы жылдардың басынан бастап қазақ әдебиетінде ерекше маңызға ие болғанын және ол қазақ-тәжік әдеби байланыстарының ең дамыған саласы болып табылатынын атап өткен жөн. Атап айтқанда, тәжік әдебиеті классиктерінің шығармашылығын зерттеу саласында маңызды әдеби шығармалар жазылды.

Әдеби байланыстар материалдары бар жұмыстардың ішінде профессор Р.Бердібаевтың «Гүлстанның бұлбұлы»

кітабына енгізілген мақалалары назар аударарлық [10]. Бұл кітапта тәжік әдебиетіне арналған төрт мақала бар. Қазақ сыншысы қазақ халқының ұлы тәжік ақындары мен жазушылары Рудаки, Омар Хайям, Абд әр-Рахман Жәми, Садриддин Айниге және басқаларға деген қызығушылығын ерекше атап өтіп, олардың әрқайсысына жеке мақала арнады. 1964 жылы Абд әр-Рахман Жәмидің туғанына 550 жыл толуына орай Тәжікстанға жасаған сапарын еске алып, Р.Бердібаев былай деп жазады: «бүгінде Жәмидің шығармалары тек өз елінде ғана емес, бүкіл әлемде танымал. Қазақ халқы да Жәмиді ежелден білген. Шығыс әдеби дәстүрі рухында тәрбиеленген, араб-парсы классикасын түпнұсқада жақсы білетін кейбір қазақ ақындары Фирдоуси, Сағди, Хафиз, Хайям, Низамидің туындыларын оқыды.

Қазақ-тәжік әдеби байланыстары ең алдымен осы халықтардың эпикалық шығармаларында айқын көрінеді. Қазақ эпикалық шедеврлерінде бастапқыда Иран ортасында жасалған бикеш, пері, ертегі құсы самұрық құсының бейнелері жиі кездеседі.

Тәжіктер фольклорында Алпамыс, Алдар Көсе, Аяз би (дана Аяз) бейнелері кең таралған. Қазақ-тәжік эпикалық байланыстары – қазақ әдебиеттануының ең аз зерттелген саласы. Бұл жайында М. Әуезовтің [11, 225] жеке зерттеулері мен тәжік әдебиеттанушысы А. Нұралиевтің бір кандидаттық диссертациясы және қазақ-тәжік әдебиеттерінің байланыс тарихына көзқарастарды қарастыратын А. Сайфуллоевтің мақаласы [9, 56] ғана болды. Тәжік фольклоры мен әдебиетінің мотивтері мен сюжеттерін қазақ жазушылары кеңінен қолданды. Тәжіктер арасында Орта Азия мен Қазақстанның түркітілдес халықтарына ортақ Алпамыс пен Көрөғлы туралы батырлық дастандар танымал.

Өңделген поэтикалық аңыздарды, шығыс халықтарының ертегілерін қазақ және тәжік ертегілері күрделі

жасалған. Жануарлар мен халық дастандары туралы ертегілер жанрындағы қазақ және тәжік ертегілерінде ұқсас белгілерді, мотивтерді, кейіпкерлерді табу қиын емес. М.Әуезовтің анықтамасы бойынша «...ұзақ қарым-қатынастың арқасында бұл халықтар жануарларды біліп-танып қана қоймай, ертегі, аңыз, әдемі ән, фантастикалық әңгімелер жасады» [12, 303].

М.Әуезовтің шығармашылығы және оның тәжік әдебиеті туралы әдеби-сын ескертпелері екі әдебиет үшін де маңызы бар қазақ-тәжік әдеби байланыстары тарихындағы жарқын бет екені сөзсіз.

Әдебиеттер:

1. Паёми Бародарӣ (Бауырластық хабаршысы. Әдеби байланыстар мәселелері бойынша мақалалар жинағы). – Душанбе, 1972, – 241 б.

2. Қазақ әдебиетінің ұлтаралық байланыстары. – Алма-Ата, 1970. – 276 б.

3. Күмісбаев Ө.К. Тұрмағамбет Ізтілеуов және оның «Рүстем – Дастан» Автореф. дисс... канд. фил. ғылымдар. – Алматы, 1974.

4. Лизунова Е. В. М.Ауэзов о проблемах взаимосвязей национальных литератур // Межнациональные связи казахской литературы. – Алма-Ата, 1970.

5. Әуезов М., Соболев Л. Фольклор және қазақ халқының эпосы. Әдебиет сыншысы, 1939, – №10

6. Мұхтар Әуезов. 20 томдық шығармалар жинағы. 20-т., – 399 б.

7. Абай Құнанбаев. Шығармаларының бір томдық толық жинағы. – Алматы, 1961. – 693 б.

8. Мирпочаев А. Великий друг русской культуры. Хакикати Ленинобод («Ленинабадская правда»). 1950, 11 тамыз.

9. Сайфуллоев А. Назаре ба таърихи равобити адабиети тоҷику Кезог // «Паеми бародар». – Душанбе: Ирфон, 1972.
10. Бердібаев Р. Гүлістаннын бұлбұлдары. – Алматы, 1970. – 228 б.
11. Ровда К. И. Чехтар мен орыстар. – Мәскеу, 1968.
12. Әуезов М. Әр жылдар ойлары. – Алматы: Қаз. мем. көрк.әд.баспасы, 1959. – 554 б.

**П.М. МЕЛИОРАНСКИЙДІҢ «ҚАЗАҚ-ҚЫРҒЫЗ
ТІЛІНІҢ ҚЫСҚАША ГРАММАТИКАСЫ»
ЕҢБЕГІНДЕГІ ЕСІМДІК ТУРАЛЫ**

Бауыржан САЛИМЖАНОВ,

Аяулым САЙЛЕНОВА,

«Семей қаласының

Шәкәрім атындағы университеті»

КеАҚ 1-курс магистранттары

Жетекші: Г.Б.Сағанаева ф.ғ.к.,

«Семей қаласының Шәкәрім атындағы

университеті»

КеАҚ аға оқытушысы

Шығыстанушы, түрколог ғалым
П.М.Мелиоранскийдің «Қазақ-қырғыз тілінің қысқаша грамматикасы» атты еңбегінде қазақ тіліндегі есімдіктердің жүйесі мен олардың грамматикалық ерекшеліктері салыстырмалы түрде қарастырылады. П.М.Мелиоранскийдің бұл еңбегі – түркі тілдерінің оның ішінде қазақ тілінің құрылымдық жүйесіне жан-жақты талдаумен жазылған тұңғыш туынды. Мойындау керек, автор қазақ тілінің ерекшеліктеріне немесе жалпы түркі тілдеріне таза ғылыми қызығушылық танытып зерттеген жоқ. Оның бұл еңбекті жазудағы басты мақсаты – ХІХ ғасырда қазақ даласын отарлау саясатын одан ары жүзеге асыру. Яғни, осыдан жүздеген жылдар бұрын қазақ даласына миссионер ретінде келген П.М. Мелиоранский өзіне мүлдем бейтаныс, жат аймақта көшпенді ғұмыр кешіп жүрген халықтың тілін түсінуге тырысып, сол жайлы сүбелі еңбек жазған. Дегенмен де, көшпелі қазақ жұртының тілі мен құрылымдары туралы тұңғыш жасалған құнды еңбек екені шындық. Бұл кітапта автор қазақ тілінің тілдік

ерекшеліктерін орыс тілімен салыстыра отырып жазған. Сондықтан арасында үлкен қайшылықты пікірлер де кездеседі. Осы тұста орыс тілі мен қазақ тілі шығу төркіні мен құрылымдық ерекшеліктеріне байланысты мүлдем екі түрлі екенін ескеруіміз керек. Алайда қазақ тілінің барлық дерлік тілдік ерекшеліктерін саралап, алдағы уақыттағы зерттеу мен жаңалықтарға жол салып берген «Қазақ-қырғыз тілінің қысқаша грамматикасы» еңбегінің тіл тарихындағы орны ерекше.

Кітап кіріспеден, нұсқаулықтан, өз ішінде ұсақ бөлімшелерге бөлінген 6 тараудан және екі қосымшадан тұрады. Негізінде грамматика деп автор фонетика мен морфологияны қарастырады. Соның ішінде фонетика бөлімінде орыс тілінде қазақ тілінің дыбысталуы қалай жүзеге асырылады және қазақ тіліндегі дыбыстаулар орыс тілінде қалай өзгереді, қазақ тілінде қандай дауыссыз дыбыстар бар, қандай дауысты дыбыстар, сөздер дыбыстаған кезде қалай өзгереді, айтылуында дауысты дыбыстары түсіп қалатын қандай сөздер бар деген сияқты көптеген құнды мәліметтер келтіріледі. Тіпті қазақ тілі өз ана тілі болмаса да, оны жоғары деңгейде жетік білмесе де, XIX ғасыр үшін П.М.Мелиоранский шынымен жақсы еңбектенген, өз шамасына қарай зерттеулер жасаған. Ал морфологияда барлық дерлік сөз таптары туралы кеңінен сөз қозғайды. Мәселен, зат есім, есімдік, етістіктік, сан есім, сын есім, үстеу, шылау, одағайдың жасалу жолдары және өзара бөліністері туралы жақсы сипаттамалар берген. Тіпті келтіретін мысалдарында да нақты әрі жалпақ жұртқа түсінікті болуы үшін қазақша сөздерді қосып отырған.

Ал біздің зерттеу нысанымыз – есімдік. П.М.Мелиоранский аталмыш еңбегінде есімдікті қалай сипаттайды, қандай категорияларға жіктейді деген сияқты сұрақтарға жауап іздеп, қазіргі қазақ тіліндегі есімдікпен

салыстыра талдауға тырысайық. Есімдіктер – тілдің маңызды бөлшегі, өйткені олар заттар мен құбылыстарды, олардың сапаларын, санын, меншігін білдіреді. «Въ киргизекомъ языкъ есть местоименія личныя, притяжательныя, возвратное, указательныя и вопросительныя», – деп көрсетеді П.М.Мелиоранский [1, 37-б.]. Ал қазіргі қазақ тілі бойынша: жіктеу есімдіктері; сілтеу есімдіктері; сұрау есімдіктері; өздік есімдіктері; белгісіздік есімдіктері; болымсыздық есімдіктері; жалпылау есімдіктері деп бөлінетіндігін білеміз. Негізгі айырмашылық есімдіктердің санында екеніне назар аударғанымыз жөн. П.М. Мелиоранский бойынша бес есімдіктің түрі берілсе, қазіргі қазақ тілінде олардың саны жетеу екені белгілі.

Енді ары қарай жеке-жеке әр есімдікке тоқталып өтсек. Алдымен жіктеу есімдігі: «Қазақ-қырғыз тілінің қысқаша грамматикасы» кітабы бойынша: «Личныя местоименія: я (мен), ты (сен), он (она) - ол, мы (біз), вы (сіз), они, он (олар)», – деп көрсетіледі. Яғни бәлендей айырмашылық жоқ. Қазіргі қазақ тілінде де жіктеу есімдіктері не бары 8 сөз. Олар мен, сен, сіз, ол, біз, сендер, сіздер, олар деп ажыратамыз. Есімдіктердің түбірі мен қосымшалары: Қазақ тіліндегі есімдіктер көбінесе түбір және аффикс арқылы түрлі формаларға ие болады. Мысалы, «мен» (жекеше), «біз» (көпше), «менің» (меншік). Еңбекте де осыған ұқсас құрылымдар бар: «мен», «биз», «менин». Алайда, аффикстер мен жұрнақтардың қолдануында айырмашылықтар болуы мүмкін. Ал жіктеу есімдігінің жіктелуін П.М. Мелиоранский былайша сипаттайды:

Жекеше Көпше

Именит. мен біз

Родит. менің или менім біздің и бізін

Дательн. маан (карак: мақайм) бізге

Винет. мені бізді

Исходный менен бізден
Месетный менде бізде
Сравнит. мендеі біздеі
Қазіргі қазақ тілінде есімдіктің жіктелуі:
Жекеше Көпше
Атау с. мен біз
Ілік с. менің біздің
Барыс с. маған бізге
Табыс с. мені бізді
Жатыс с. менде бізде
Шығыс с. менен бізден
Көмектес с. менімен бізмен [1, 38-б.]

Келесі кезекте автор орыс тіліндегі притяжательные местоимения туралы айтады. «Қазақ-қырғыз тілінің қысқаша грамматикасы» кітабы бойынша: «Местовменія притяжательныя бывають въ кьргизскомь язык двухъ родовъ: местоименные суффиксы, тесно примыкающіе къ именамя, и местоименія самостоятельныя», - [1, 39-б.] деп жазылады. Яғни П.М. Мелиоранский қазақ тіліндегі жіктік жалғауының жекеше жағындағы «-м», «-ң», көпше жағындағым «-мыз», «-ңыз» деген жалғауларды осы притяжательные местоимения деп көрсетеді. Мысалы автордың қолданысындағы мысалдар мынадай: «Вотъ несколько примеровъ: пылкым (мой лошади) шешең (твоя мать)...». Осы мысалдардағы жалғауларды есімдіктің өзінше бір түріне жатқызуға тырысқан. Біздің қазіргі қазақ тілінде ондай есімдік жоқ екені белгілі. Мұндай айтулы айырмашылықтың болуы, біздіңше, занды құбылыс. Себебі біріншіден, П.М. Мелиоранский бұл еңбекті орыс тілінің грамматикасына сүйеніп, соны негізге ала отырып жазған, екіншіден тілдің ғасырлар өте келе өзгеріске ұшырауы, ережелердің өзгеруі табиғи нәрсе деп есептейміз.

Өздік есімдігі жайлы: «Местовменение возвратное (себя, самъ) въ киргизскомъ языке «өз» (въ кара-кирг. өс). Оно соединяется местоименными притяжательными суффиксами; такимъ образомъ получимъ: өзім (я сам), өзүң (ты сам), өзі (онъ сам), өзүміз (мы сами), өзүңіз (вы сами), өзі или өздері (они, они сами)» [1, 41-б.]. Байқағанымыздай, өздік есімдігі еш өзгеріссіз, түпкі мағынасы сақталған күйде беріледі. Қазіргі қазақ тілінде де өздік есімдікке жалғыз ғана «өз» сөзі жататыны белгілі. Бұл есімдік көбінесе өзім, өзің, өзіңіз, өзі, өзіміз, өздеріңіз деген сияқты оңаша және ортақ тәуелдеулі түрде қолданылады. Ауыз толтырып айтарлық өзгешелік жоқ.

Сілтеу есімдіктері жайлы аталған еңбекте мынандай мәлімет берілген: «Местойменіями указательными служатъ слова: Ол - тотъ, бу (редко бул) этотъ, со (соль)- тотъ (у-) и осу- вотъ этотъ» [1, 42-б.]. Қазіргі қазақ тілінде сілтеу есімдігі дегеніміз нұсқау және көрсету мағыналарын білдіреді. Сілтеу есімдіктеріне бұл, осы, сол, анау, мынау, сонау, осынау, ана, мына, сона, әні, міне деген сөздер жатады. Бұл есімдіктер негізінен алғанда, сілтеу, көрсету, нұсқау сияқты ишараттарды білдіріп, қай? қайсы? деген сұрауларға жауап беретін атрибутивтік сөздерін жатқызамыз. Байқағанымыздай, бұл жерде де айтарлықтай айырмашылық жоқ. Сілтеу есімдіктерінің орыс тілінде баламасы қазақ тілімен өзара мағыналас болғандықтан, бұл тұста ұқсастық көп.

Ары қарай сұрау есімдіктерін қарастырып көрсек. П.М.Мелиоранский: «Местоименіе вопросительное «кто? что?» По киргизски будетъ «кім, не». Въ нвкоторыхъ оборотахъ кім Употребляется и дія вешей, напр. атың кім (какъ твое имя? собств. «кто твое имя?»). Множественное число отъ этихъ местоименій образуется редко, а въ единственномъ они склоняются безъ особыхъ уклоненій»,

– деп жазады [1, 43-б.]. Яғни қазіргі қазақ тіліндегі сияқты жауап алу мақсатында қойылатын сұрақтарды сұрау есімдіктерінің қатарына қосып отыр. Сұрау есімдіктері мыналар: кім? не? неше? қай? қандай? қанша? қалай? қашан? Тіпті еңбектің жазылуына қарап, жүздеген жылдар бұрын жазылған деген ойға сену қиын. Себебі барлық деректер анық, түсінікті тілде жақсы талданып жазылған.

П.М. Мелиоранский есімдіктің осы нақты бес түріне ғана толық талдау жасаған. Қазіргі қазақ тіліндегідей болымсыздық және белгісіздік есімдіктері бұл жерде айтылмаған.

Қазақ тілінде есімдіктердің сөйлемдегі орны маңызды рөл атқарады. Көп жағдайда бастауыш, толықтауыш, және анықтауыш қызметінде пайдаланылады.

П.М. Мелиоранскийдің еңбегі қазақ тіліндегі есімдіктерді тереңірек зерттеуге және салыстыруға мүмкіндік береді. Бұл мәліметтер екі тілдің грамматикалық жүйесінің, синтаксистік құрылымдарының, семантикалық мәндерінің, сондай-ақ мәдени контексттерінің өзара байланысын түсінуге көмектеседі. Екі тілдің ерекшеліктері мен ортақ қасиеттерін зерттеу, тілдердің дамуына, тілдік қарым-қатынасқа, сондай-ақ мәдениеттер арасындағы байланысты көрсетуге мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе айтарымыз, П.М.Мелиоранскийдің қазақ тіл біліміне қосқан үлесі біршама. Еңбегі практикалық тұрғыдан тиімсіз болғанымен, қазақ тілінің тарихында айтарлықтай орын алады. П.М.Мелиоранский қазақ тілінің фонетикасы, морфологиясы және синтаксисі бойынша еңбек жазып, қазақ тілінің бай лексикалық қорын, тілдің құрылымын жан-жақты талдап көрсетті. Өз еңбектерінде ол қазақ тілінің фонетикасы мен грамматикалық құрылымын кеңінен талқылады. Автор қазақ тілінің ерекшеліктерін еуропалық ғылыми

қауымдастыққа таныстырып, оның өзіндік құрылымы мен байлығын көрсетті. П.М. Мелиоранскийдің еңбектері қазақ тілі ғылымының дамуына зор үлес қосты және бүгінгі күнге дейін маңызды тілдік зерттеулердің бірі болып саналады.

Әдебиеттер:

1 Мелиоранский П.М. «Қазақ-қырғыз тілінің қысқаша грамматикасы». – Санкт-Петербург, 1894.

А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫ ЖӘНЕ Қ. ЖҰБАНОВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ СӨЗ ТҰЛҒАСЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

**Жаннұр СЕРІКҚАЛИ,
Дильназ ТУРСЫНОВА,**

*«Семей қаласының
Шәкәрім атындағы университеті»
КеАҚ 1-курс магистранттары
Жетекші: Г.Б.Сағанаева, ф.ғ.к.,
«Семей қаласының Шәкәрім
атындағы университеті»
КеАҚ аға оқытушысы*

Сөз тұлғасы – тілдің негізгі құрылымдық бірлігі, оның морфологиялық, семантикалық, синтаксистік және прагматикалық аспектілерін тіл білімінде терең зерттеу қажет. Сөз тұлғасының тіл білімінде зерттелуі қазіргі заманғы тілдік практика мен теориялық тұжырымдар үшін аса маңызды. Жаһандану мен технологиялық өзгерістер нәтижесінде тілдің дамуы мен өзгеруі қарқынды жүріп жатқан кезеңде маңыздылығы арта түсері сөзсіз.

Қазақ тіл білімінің негізін қалаушылар А.Байтұрсынов пен Қ.Жұбановтың еңбектері осы саладағы зерттеулерге үлкен үлес қосып, қазақ тілінің ерекшеліктерін анықтауға бағытталған.

А.Байтұрсынов өзінің «Тіл құрал» еңбегінде [1] сөз тұлғасын тілдің маңызды элементі ретінде қарастырып, оның құрылымдық және функционалдық қасиеттерін терең талдайды. А.Байтұрсынов сөз тұлғасының морфологиялық құрамын, синтаксистік қызметін және оның мәдени контекстегі маңыздылығын айқындай отырып, қазақ тілінің байлығын көрсетеді.

Қ.Жұбанов та қазақ тіліндегі сөз тұлғасын зерттеуде ерекше рөл атқарады. Оның «Қазақ тілі грамматикасы»

[2] еңбегінде сөздердің морфологиялық құрылымы мен синтаксистік рөлдері кеңінен талданады. Қ.Жұбановтың жұмыстары қазақ тілінің грамматикалық категорияларын жүйелеп, сөз тұлғасының қазақ тілінің құрылымындағы маңыздылығын көрсетеді.

Ахмет Байтұрсыновтың көбірек те, көлемдірек те және барынша жүйелірек те зерттеген саласы – қазақ тілінің грамматикалық құрылысы. Әсіресе оның сөз құрылымы, морфологиялық жүйесі. Ғалым морфологияға қатысты теориялық тұжырымдары «Тіл-құралдың» екінші бөлімінде сөз етеді. Кітаптың бұл бөлімі 1914 жылы Орынбордан басылып шығады. 1927 жылға дейін түзетіліп, толықтырылып 7 рет жарық көрді.

Қазақ тілі грамматикасына арнап ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бастап орыс ғалымдары жеке кітаптар шығара бастағаны белгілі. Мысалы, Н.И.Ильминский, М.А.Терентьев, П.М.Мелиоранский, В.В. Катаринский, И.Лаптев сияқты авторлар өз еңбектерінде қазақ тілі морфологиясының жалпы мәселелерін сөз етеді. Әрине, бұл еңбектердің түркі тілдеріндегі грамматикалық ілімінің дамуында белгілі орны барын жоққа шығаруға болмайды. Бірақ олардың бәрі де орыс тілінде жазылған. Оның түпкі мақсатын Ахмет Байтұрсыновтың «Бастауыш мектеп» деп аталатын мақаласындағы мына бір жолдардан айқын көруге болады: *«Хикметке жағымдысы – қол астындағы жұрттың жазу-сызуы, тілі, діні бір болу. Ресей қол астына түрлі тілді, түрлі дін, жазу-сызуын орысқа аударса хукүметке онан артық ұнамады іс болмас... әуелі балалар ана тілмен оқымай, орыс тілімен оқысын, ана тілімен оқыса да, орыс харпімен оқыса дейді»* [1]. Демек, жоғарыдағы еңбектердің орыс тілінде жазылуы патшалық Ресейдің өз қол астындағы халықтарды орыстандыру саясатынан туған.

Ұлт ұстазы сөздерді түбір және қосымша деп бөлуді ұсынып, сөздердің морфологиялық құрылымын жүйелеу үшін әрбір компоненттің функцияларын сипаттайды.

Түбір – сөздің негізгі, дербес мағына беретін бөлігі. Қазақ тілінде түбір сөздер негізінен зат есімдер, етістіктер және сын есімдер болып табылады. Мысалы, «бас», «тас», «көк» сөздері – түбір сөздер. Түбір сөздер грамматикалық өзгерістерге ұшырамай, өз мағынасын сақтайды.

Қосымша – түбір сөздің мағынасын өзгертіп, оны жаңа грамматикалық формаға немесе мағынаға жеткізетін, сөздің соңына жалғанатын элемент. Қазақ тілінде қосымшалар екі негізгі түрге бөлінеді:

1. Жұрнақтар – сөздің түбіріне қосылатын, жаңа сөздер немесе сөз формаларын жасайтын қосымшалар. Мысалы, «-лық», «-лік» жұрнақтары арқылы «бала» түбірі «балалық» деген жаңа сөзге айналады.

2. Жалғаулары – сөздің сөйлемдегі грамматикалық функциясын анықтайтын, сөзбен сөзді байланыстыру қызметін атқаратын қосымшалар.

А.Байтұрсынұлы сөздерді тұлғасына қарай беске бөледі: түбір сөз, туынды сөз, қос сөз, қосалқы сөз, қосымшалар [1, 40-б.]

А.Байтұрсынұлы жалғауды жалғанған сөзінің тұлғасын ғана өзгертіп, мағынасын өзгертпейтін, ал жұрнақты екіншілері жалғанған сөзінің тұлғасын да, ішкі мағынасын да өзгертетін қосымша деп түсіндіреді. Сондықтан бастапқы қосымшалар тысқарғы жалғаулар я тікелей жалғау деп атап; екінші қосымшалар ішкергі жалғаулар я тікелей жұрнақ деп атайды.

Сөз жазуының жалпы ережелер жазып, әрқайсысын мысалдармен дәйектеген.

Қ.Жұбанов – қазақ тіл білімінің тұңғыш профессоры, қазақ тіл білімінің теориялық негізін қалаған түрколог, шы-

ғыс пен батыс тілдерін бірдей меңгерген полиглот-лингвист, ағартушы, қоғам қайраткері. Тіл ғылымы саласындағы танымал ғалым, жоғары оқу орнының профессоры атанса да, ғылым негіздерінің мектеп оқулықтарында екенін жақсы түсінген Қ.Жұбанов қазақ тілінің жаңа оқулығын жасауға бел шеше кіріседі. Сөйтіп, өзінің мол білімі мен тәжірибесі негізінде 1936 жылы орта мектепке арналған қазақ тілінің жаңа грамматикасын даярлап, оны «Қазақ тілінің грамматикасы. Жалпы морфология. (5-класқа арналған оқулық) 1 бөлім» деген атпен жариялайды. Ғалым еңбегі замандастары тарапынан да, кейінгі ғалымдар тарапынан да жоғары баға алды.

Қ.Жұбанов «Қазақ тілі грамматикасы» еңбегінде сөздердің түбірі мен қосымшалары арасындағы байланысты терең түсіндіреді. Зерттеуші сөздердің морфологиялық анализін жүргізу арқылы, түбір және қосымшалардың атқаратын қызметіне жете мән береді. Ол «бір сөздің өзі түрлі орында түрліше кейіпте қолданылады, сөздің сыртқы көрінісін сөздің тұлғасы дейміз» – деген анықтама беріп, сөз-сөздің қалай құралатынын жалпы түрде қарайтын ғылымды жалпы морфология деген тұжырымға тоқталады [2, 47-б.].

Сөз тұлғасының түрленуі, я сөздің түпкі мағынасына жаңа мағына үстеу үшін ғана керек; я болмаса, сол сөзді басқа бір сөзбен байланыстыру үшін керек –деп, сөз тұлғасын түріне қарай былайша жіктейді: 1. Түбір сөз; 2. Қосымшалы сөз; 3. Кіріккен сөз; 4. Қыйулы сөз; 5. Қосар сөз; 6. Қосалқылы сөз [2, 47-б.].

Қ.Жұбанов түбір сөзіне «сөздің түп мағынасын беретін бөлшегін түп бөлшек» [2, 48-б.] деген анықтама береді. Ал түбірі оңаша тұрмай, қосымша қосып алып тұрса, қосымшалы сөз дейді. Егер сөздің түбірі қосымшасыз, өзі ғана тұрса, түбір сөз деп аталады. Ғалымның зерттеулері

қазақ тілі морфологиясының негізін қалыптастырып, көптеген ұғымдарды жүйлеп берді.

Қ.Жұбанов та сөздердің формалық өзгерістеріне ерекше назар аударады. Қазіргі кезде сөз түрлердіретін қосымшаларды жұрнақ, жалғау деп жіктесек, Қ.Жұбановта оларды жалғау және үстеу деп қарастырады. Бір сөзді басқа бір сөзбен қиындастыру үшін қазіргі тілмен айтқанда байланыстыратын қосымшаны жалғау деп атайды. Ал, жұрнақ сөзін «үстеу» деп атау себебі, сөздің түп мағынасына үстеме мағына қосатын қосымша деп есептейді. Сонымен қатар бірнеше ескертулерді айтып өтеді: «Біріншісі тура жалғаулы сөз жалғаусыз, тура күйде тұрған сөз есеп, оның соңынан бұрма жалғау жалғана береді» [2, 50-б.]. Бұл ескертпені тіліміздегі сабақты етістік терминінің түсіндірмесі деп санауға болады. Ғалым оны былайшы түсіндіреді: «Орақшының орағын алды дегендегі орағ-ы-н деген сөзде жалғау екі-екіден. Бірінші жалғау (ы-і) алдыңғы орақшы деген сөзбен қиындасу үшін тұр да, екінші жалғау (-н) соңындағы алды деген сөзбен қиындасу үшін тұр. Орағ-ы, сияқты сөздердегі жалғау тура жалғау атанады».

Келесі ескертпеде жалғаудан кейін жалғанатын жұрнақ мәселесі қарастырылады. Өзінің соңынан үстеу келтіретін екі-ақ жалғау бар.

-де, -да, -де жалғауының соңынан келетін -ғы, -гі-жұрнақтары. Мысалы: көл-де-гі, ауыл-да-ғы;

-дай, -дей жалғауларынан кейін көптік үстеуі -лар келе алады. Мысалы: үй-дей-лер-і, нар-дай-лар-ы-н .

Ғалымның алғашқы ескертпесі жалғаудан кейін келетін -ғы, -гі сын есім тудырушы жұрнақтары жайлы. Ал, екінші ескертпеде көптік жалғауын үстеу яғни, жұрнақ деп көрсетеді [2, 50-б.].

Ахмет Байтұрсынов пен Құдайберген Жұбановтың зерттеулері сөз тұлғасының морфологиялық аспектілерін

терең түсінуге мүмкіндік береді. Екі ғалымның біз қарастырған «Тіл-құрал» мен «Қазақ тілінің грамматикасы» еңбектерінде морфология саласы жан-жақты талданған. Олардың еңбектері қазақ тілінің морфологиялық құрылымын, сөз тұлғасының қалыптасу және өзгеру процестерін түсінуге жол ашады. Осы зерттеулер қазіргі тіл білімінің теориялық негіздерін құра отырып, қазақ тілінің морфологиясы мен синтаксисін тиімді зерттеуге ықпал етті. Мысалы, А.Байтұрсынов «жұрнақтар» мен «жалғаулардың» тілдегі рөлін нақтылай отырып, олардың сөздің мағынасына және сөйлемдегі функциясына қалай әсер ететінін көрсетті. Қ.Жұбанов да сөздердің формалық өзгерістеріне ерекше назар аудара отырып, сөз тұлғасының ерекшеліктерін сипаттады. Ахмет Байтұрсынов пен Құдайберген Жұбановтың тіл туралы тұжырымдары мен ғылыми көзқарастары қазіргі лингвистикалық зерттеулер мен оқыту әдістемелерінде өзекті болып қала беруде. Сондықтан олардың еңбектері тек тіл білімінде ғана емес, сонымен қатар мәдениетіміз бен ұлттық бірегейлігімізді қалыптастыруда да маңызды орын алады.

Әдебиеттер:

1. Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. Тіл – құрал (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері). – Алматы: Ел-шежіре, – 2013. Т. III: –384 б.
2. Жұбанұлы Қ. Қазақ тіл білімінің мәселелері / Құраст.: Ғ.Әнес. – Алматы: Абзал-Ай, 2013. – 640 б.

А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫ МЕН Қ. ЖҰБАНОВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ «ҚОС СӨЗ» МӘСЕЛЕСІ

**Еркетай БЕРІКБОЛОВА,
Алтынай ДЮСЕШОВА,
Анель ЖҰМАҒАЗЫЕВА**

*«Семей қаласының Шәкәрім
атындағы университеті»*

*КеАҚ 1-курс магистранттары
Жетекші: Г.Б.Сағанаева, ф.ғ.к.,*

*«Семей қаласының Шәкәрім
атындағы университеті»*

КеАҚ аға оқытушысы

Ахмет Байтұрсынұлы мен Құдайберген Жұбанов қазақ тіліндегі алғашқы ғылыми-теориялық еңбектерді жазған тұлғалар ретінде танылған. Олардың қос сөздерге қатысты көзқарастарын салыстыру – қазақ тіліндегі қос сөздердің жүйелілігін, олардың сөзжасамдағы рөлін жаңаша көзқараспен қарастыруға ықпал етеді. Бұл тек тіл білімінде ғана емес, қазақ тілін оқыту әдістемесінде де өзекті.

А.Байтұрсынұлының лингвистикалық терминдерге көзқарасы оның сол кездегі тілдің таза ұлттық негізіне арқа сүйегенін көрсетеді. Ал Қ.Жұбановтың еңбектері кеңестік дәуірде жасалып, тілдік феномендерді терең ғылыми талдаумен ерекшеленеді. Сондықтан олардың еңбектерін салыстыру тіл ғылымының дамуына қандай ықпал еткенін көрсетіп қана қоймай, қазақ тіл білімінің тарихын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Қазақ тіліндегі қос сөздер қазақ тілінің морфологиясы, сөзжасамы саласына қатысты зерттеу жүргізген ғалымдардың еңбектерінде қарастырылды. Мысалы, А.Ысқақовтың «Қазіргі қазақ тілі» еңбегінде: «Қос сөз-

дердің құрамындағы компоненттер я бір сөздің өзінің ешқандай өзгеріссіз қайталануынан, я оның бір сыңарының, не бір буынының, не бір дыбысының өзгеріп жамалуынан құралады немесе морфологиялық жағынан бір тектес я синоним, я антоним сөздерден салаласып құралады» [1, 107-б.] – деген пікір келтірілген.

А.Есенғұловтың «Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі қос сөздер және олардың қазақ әдеби тіліне қатысы жайында», Ж.Шакеновтың «Қазақ тіліндегі күрделі сөздер мен күрделі тұрғалар», Қ. Нұрмағамбетовтың «Қос сөздердің құпиясы», Н.Құдайбердіұлының «Қазақ тіліндегі қос сөздердің құрылымы мен функциясы», М.Әшімовтің «Қос сөздердің морфологиялық талдауы», Ж.Тұрғынбайдың «Қос сөздердің семантикасы мен синтаксисі» т.б. ғылыми зерттеулерге А.Байтұрсынұлы мен Қ.Жұбанов еңбектерінің негіз болғаны даусыз.

Негізінде А.Байтұрсынұлы мен Қ. Жұбанов еңбектеріндегі қос сөзге қатысты көзқарастарында ұқсастықтар мен айырмашылықтар бар. А.Байтұрсынұлы қазақ тілінің грамматикасы мен терминологиясын жүйелеп, 1914 жылы жарық көрген «Тіл – құрал» еңбегінде «қос сөздер» туралы түсінікті енгізген. «Қос сөз дегеніміз – қосарынан айтылатын бір өңкей есімді сөздер. Қос сөз екі түрлі болады, біреуі нәрсенің көбін қамти атайды. Екіншілері нәрселерді айыра атайды. Алдыңғысы – жалпылағыш қос сөз деп, соңғысы – жалқылағыш қос сөз деп айтылады» [1,76-б.] деп анықтама беріп, жалпылағыш қос сөздерге *аяқ-табақ, киім-кешек, сауыт-сайман* деген мысалдар келтірген. Ал жалқылауыш қос сөздерге *жел-бау, төсек-ағаш, ер-батыр* сөздерін жатқызған.

А.Байтұрсынов өз еңбегінде «қос сөз» терминін пайдаланса, Қ.Жұбанов «қосар сөз» терминін қолдану дұрыс деп көрсеткен. Себебі, ғалымның пікірінше: «Қа-

зақ халқында қос деп – қосылып, бітіп қалған нәрсені айтады. ... Біздің қосар сөз деп отырғанымыз ондай қосағы жазылмайтын сөздер емес. Қолдан қосақталып, қолдан ажыратылатын жанды құбылыс» [3, 132-б.].

Лингвист-ғалым Қ.Жұбанов ағартушы А.Байтұрсынұлының қосарлы сөздерді таптастыруына келіспеген. Ғалым қосар сөздерді былайша таптастыру жеткіліксіз және дұрыс емес деп санаған: «Жеткіліксіздігі сол: қосар сөздердің беретін мағынасы жалғыз-ақ жалпылау я жалқылау емес» – деген пікір білдірген [3, 133-б.]. А.Байтұрсынұлы қос сөздерді жалпылама жіктесе, Қ.Жұбанов қосар сөздерді мағыналық жағынан біріне-бірі мағынасы жақын екі сөзден құралған түрлер; бірі түсінікті, бірі түсініксіз екі сөзден құралған түрлер; біріне-бірі қарсы мәнді екі сөзден құралған түрлерге бөліп жіктеген.

Қ.Жұбанов қос сөздерді тек мағыналық емес, сондай-ақ дыбыстық және интонациялық ерекшеліктері тұрғысынан да қарастырған. Ол қос сөздерді фонетикалық үйлесімділігін сақтай отырып, қосымша мән-мағына беретін сөздер ретінде зерттеген. Қ.Жұбанов қос сөздерді мағынасы ұқсас немесе қарама-қайшы сөздерден құралып, біртұтас лексикалық бірлікке айналатын құбылыс деп түсіндірген. Сонымен қатар олардың стилистикалық рөліне ерекше мән берген, яғни қос сөздердің сөйлемге ерекше эмоциялық немесе риторикалық әсер беретінін атап өткен.

Қ.Жұбанов қосар сөздерді құрылысына қарай беске бөліп, әр топқа жеке сипаттама беріп, мысалдармен дәйектейді.

1. Екі тең сөз бір қосақталса, теңдес қосар дейміз деп, оны үшке бөлген. Мәндес қосарға: бала-шаға, қатың-қалаш, қыз-қырқын, бақсы-бәлгер, көзді-қарақты сөздерін мысал ретінде көрсеткен. Қайшы мәнді қосарға: үлкен-кіші, аға-іні, ұлы-қызы, азды-көпті, ұзынды-қысқалы сөздерін

көрсетсе, көрші мәнді қосарға: тау-төбе, әке-шеше, аяқ-табақ, ән-күй сөздерін жатқызған. Бұл сөздер қазіргі қазақ тілінде қосарлама қос сөздің құрамына кіріп, мағынасы бір-біріне жақын, синонимдес сөздерден жасалады.

2. Екі тең сөз бір қосақталмай, бір сөздің өзі екі қайтара айтылса сөздес қосар деп, екіге бөліп көрсетеді: Ғалым жалпы үні бірдей бір сөз бола тұрып, өңделуі екі түрлі болатын: сатыр-сұтыр, қаңғыр-күнгір, жарық-жұрық, қабыл-құбыл деген сөздерді үндес қосар деп көрсеткен. Бұндай сөздерді біз екінші сыңары дыбыстық өзгеріске ұшырап жасалған қос сөздер деп танамыз. Қ.Жұбанов ұзын-ұзын, жылы-жылы, бара-бара, қарап-қарап, жүрген-жүрген, алатын-алатын, сөз-сөз(дің), үй-үй(де), қаңғыр-қаңғыр, сарт-сарт сияқты қосар сөздерді өндес қосар десе, қазіргі қазақ тілінде қайталама қос сөздердің бір сөздің қайталануынан жасалған сөздер екенін білеміз.

3. Қосақталған сөздердің өздері ғана бір-бірімен жалғасып тұрмай, арасында матастырып тұрған дәнекер болса, матаулы қосар деп анықтама беріп, қолма-қол, жүзбе-жүз, көзбе-көз, ауызба-ауыз дегендерді мысал етіп көрсеткен. «Ақшаны қолма-қол бердім деген – (біреуден бермей) өз қолымнан бердім деген сөз, үйме-үй отырдық деген – оның үйі мен біздің үй жалғас (арасында басқа үй жоқ) болды деген сөз» – деп, матаулы қосар сөздердің аздығын айтады [3,59-б.]. Бұндай қосарларға адам дене мүшелерін (бас, көз, жүз, бет, ауыз, қол) жатқызған. Қазақ халқының тұрмысына қатысты үй, ауыл сөздерін үйме-үй, ауылма-ауыл деп қосарлайды. Қазақ тілінің оқулықтарында бұл бір сыңары қосымшалы, бір сыңары қосымшасыз түбірдің қайталануы деп беріледі.

4. Қ.Жұбанов тіркеулі қосардың анықтамасын былай береді: «Өздігінен айтылмайтын бір сөз екінші бір сөздің артынан тіркеле қосақталса, тіркеулі қосар дейміз» [3, 59-б.]

Үлгісіне мына сөздерді келтірген: жылқы-мылқы, шай-пай, нан-пан, астық-мастық, азық-мазық, ойын-пойын, өлең-сөлең. Қазіргі қазақ тілінде бұндай қос сөздер қосарлама қос сөздердің құрамына кіріп, бір сыңары мағыналы, екінші сыңары мағынасыз қос сөздер (бала-шаға, киім-кешек, көйлек-көншек) деп көрсетіледі. Сонымен қатар, қазіргі қазақ тіл білімінде екі сыңары да мағынасыз қос сөздерді (апыр-топыр, ығы-жығы, апыл-ғұпыл т.б.) қолданып жүрміз.

5. Ғалым бесінші қосар сөздерге қосақты қосар деген атау береді. Мысалы: қап-қара, қып-қызыл, ұп-ұзын, кіп-кішкене, дөп-дөңгелек, әп-әдемі, жап-жазық, ап-арық және тағы басқа сөздер. Яғни, бұл сөздер сыпатты күшейтіп айтатын сөздер екендігіне тоқталады. Ғалымның пікірінше «өте әдемі» деген сөзді, «әп-әдемі» деп қосақты буынмен күшейтіп қолдануға болады.

Ғалымның қосақты қосар деп отырғаны, қазіргі қолданыста қайталама қос сөздердің күшейткіш буын арқылы жасалған түріне жатады. Мысал ретінде тап-таза, мөп-мөлдір, сұп-суық, теп-терең сөздерін келтіре аламыз.

А.Байтұрсыновтың грамматикасында қосар сөздер мен кіріккен сөздер айырылмаған болса, Қ.Жұбанов бұларды айырып, бөліп көрсеткен. А.Байтұрсынов «жалқылағыш қос сөз» деп көрсеткен сөздер, қазіргі тіл білімінде кіріккен немесе біріккен қатарына жатқызылып жүр. Ал, Қ.Жұбановтың қос сөздерді таптастыруын 5 түрге ашып жіктесе, қазір ол 2 үлкен топқа жинақталған. Екі ғалым да қос сөздерді қазақ тілінің маңызды лексикалық бірлігі деп санаған. Қос сөздердің екі элементтен тұрып, біртұтас мағынаны білдіретіні туралы пікірлерінде ұқсастық бар. Екі ғалымның зерттеуіндегі айырмашылығы: А.Байтұрсынұлы қос сөздерді мағыналық жағынан қарастырса, Қ.Жұбанов олардың фонетикалық және стилистикалық рөліне де көңіл бөлген. Қ.Жұбановтың зерттеулері қос сөздердің дыбыс-

тық құрылымына терең талдау жасаумен ерекшеленеді, ал А.Байтұрсынұлы оларды негізінен лексикалық тұрғыда сипаттаған.

Екі ғалым да қазақ тіліндегі қос сөздердің маңыздылығын мойындап, оны әртүрлі қырынан зерттегені – тұжырымдарының өзектілігін арттыра түседі. Қос сөздердің жалпы түсінігін, не екендігін алғаш атап кеткен Ахмет Байтұрсынов болған десек, Құдайберген Жұбанов ғалымның бұл ісін одан әрі жалғастырып, дамытып, қос сөздерді оқырманға жаңа қырынан көрсете алды.

Ғалымдардың грамматика саласына қатысты тұжырымдары әлі күнге дейін өз өзектілігін жойған жоқ. Сонымен қатар, қазақ тіл білімінің дамуына жол ашты. Осы еңбектерді негізге ала отырып, көптеген зерттеушілер тіл білімін зерттеуде айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізуде.

Әдебиеттер:

1. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. 2-басылымы. Филология факультеттері студенттеріне арналған оқулық.– Алматы: Ана тілі, 1991.–384 бет.

Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. Тіл – құрал (қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектері). – Алматы: Ел-шежіре, – 2013. Т. III: –384 б.

Жұбанұлы Қ. Қазақ тіл білімінің мәселелері / Құраст.: Ғ.Әнес. – Алматы: Абзал-Ай, 2013. – 640 б.

ХАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ЖАСТАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ ТАРИХИ ОРНЫ

Ғани МЕНІЛБАЕВ

*Абай атындағы ҚазҰПУ,
Сорбонна-Қазақстан институты
халықаралық қатынастар кафедрасы,
т.ғ.к., доцент, тарих және қоғамдық
ғылымдар академиясының академигі*

Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің мұражай үйінде әр жұма сайын өтіп тұратын зиялы қауым өкілдері, зейнетке шыққан ғалымдар, қоғам қайраткерлері, студенттердің бас қосулары туралы алғаш рет бұл күндері белгілі ғалым, археолог, ұстаз Қожаев Мұхтардан естідім. Сонау ХХ ғасырдың 80-шы жылдары С.М. Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік Университетінің тарих факультетінің 2, 3-ші курс студенттеріміз, әр жұма сайын Мұхтар Омарханұлы Әуезов атындағы мұражайда (Халық Университеті статусы бар) өтетін жұмалық сабақты асығып күтетінбіз. Халық Университеті сабақтарын белгілі әдебиеттанушы, фольклор зерттеушісі, филология ғылымдарының докторы, профессор, ғалым Рахманқұл Бердібайұлы Бердібаев жүргізуші еді. Сол әр аптаның жұма күндері өтетін сабақ басталардан бір сағат бұрын барып артқы жақтан орын алып отыратынбыз. Себебі алдыңғы қатарда белгілі ғалымдар, қоғам қайраткерлері, зейнетке шыққан қоғам қайраткерлері мен академиктер, профессорлар, өнер зерттеушілері мен ұстаздар т.б. отыратын. Біз секілді студенттер залдың соңғы жағында пікірталастар мен дәріс оқушылардың мазмұнды, тартымды, қызық дәрістерін үнсіз тыңдап отырушы едік. Ол кезде көп қозғала бермейтін 1932-1933, 1937-1938 зұлмат жылдарының көп айтыла бермейтін шындықтарын

осы жерден естіп едік. Сол кездегі кеңестік идеологияның үстемдік алып тұрғанына қарамастан, зейнетке шыққан ақсақалдар көп шындықтың бетін сол жерде ашып айтатын. Тіпті, осы күндері әлеуметтік желі беттерінде талас тудырып жүрген Алаш зиялыларының үстінен кім домалақ арыз жазды, жазықсыз жазаланған жазушылардың қолжазбалары мен кітаптарын кім өз атынан шығарды т.б. тақырыптарды осы жерден тұңғыш рет естіп таң қалғанбыз.

Біз секілді шындық пен әділдік іздеген, болашақ тарихшылардың рухани аштығын осы Халық Университетіндегі сабақтар толықтырушы еді. Бұл жерден рухани күшейіп, қанаттанып шығушы едік. Алматы Халық Университеті, Алматы қалалық қазақ әдебиеті мен өнері халық университеті 1963 жылы М.Әуезов үйі, ғылыми-мәдени орталығында халыққа ғылыми-көпшілік білім тарату мақсатымен ашылған қоғамдық негіздегі оқу орны (ректоры Қазақстан ғылым академиясының мүше-корреспонденті, профессор Рахманқұл Бердібай). Халық университетінде қазақ халқының көрнекті мәдени, әдеби, фольклорлық, тарихи ескерткіштері, аса ірі қайраткерлері туралы 500-ден астам сабақ-дәріс өтті (1998)

Ертедегі ғұндар, Түрік қағандары, оғыз-қыпшақ бірлестігі, Қарахан мемлекеті, Жошы ұлысы, Алтын Орда, Ноғай Ордасы, Қазақ хандығы дәуірінің тарихи, мәдени, рухани өміріне қатысты тақырыптар қамтылды. Академик Ә.Марғұлан, Қазақстан ғылым академиясының корреспондент мүшесі А.Машанов, археолог К.Ақышев, тілші-ғалым Қ.Өмірәлиев, жазушы ғалым М.Мағауиннің сабақтары жұршылық назарын аударушы еді. Домбырашылық өнердің бір арнасы шертпе күй орындаушыларын тауып, олардың репертуарын халыққа кеңінен таныстыру ісіне еңбек сіңірді. Ұмыт қалған немесе «жоғалдыға» саналған бірталай музыкалық аспаптарды

Б.Сарыбаевтың еңбегінің арқасында қайтадан қатарға қосылды. Жұртшылық шаңқобыз, шертер, жетіген, асатаяқ, сыбызғы, дабыл т.б. аспаптармен танысты. Атилланың (Еділдің Еуропа) елдері әдебиетінде бейнеленуі, Күлтегін, Білге қаған жазулары, Қорқыт ата, Өбу Насыр әл-Фараби мұрасы, Махмұд Қашқари, Жүсіп Баласағұни, Қожа Ахмет Яссауи, Ахмет Иүгінеки еңбектері, ежелгі қыпшақ тіліндегі жазба әдеби ескерткіштер т.б. жүйелі таныстырылды. Ақжан Машанов әл-Фарабидің өшпес мұрасы, археолог К.Ақышев ежелгі Түркістан, Отырар қалалары және олардың мәдениеті туралы баяндады. Тілші, ғалым Қ. Өмірәлиев Орхон жазбаларының тарихи негіздері, көркемдік дәстүрлері турасында әңгімеледі.

«Құтты білігі» туралы А. Егеубаевтың, Қожа Ахмет Йассауидың «Ақыл кітабы» жөнінде М. Жармұхамедовтың, жыраулық поэзия жайында М.Мағауиннің тоғамдары жұртшылық назарын аударды. Музыка зерттеушісі Болат Сарыбаев ағамыздың дәрісінен есімде қалғаны, халық арасынан музыкалық аспаптарды қалай жинағанын тоғана отырып айтушы еді. Еліміздің әр аймақтарын аралап, біреулердің мал қорасының төбесінде жатырған жетіген аспабын қалай тапқаны, сыбызғы аспабы мен шаңқобыз, қобызда ойнай алатын кісілерді қалай іздеп тауып, олардың музыкалық аспаптарда ойнағандарын музыкадан дәріс алып жүрген шәкірттерге қалай үйреткендерін осы жерде айтып еді. Сондай-ақ, қазақ тілінен өзге тілдерге және өзге тілдерден қазақ тіліне аударма жұмыстарымен айналысатын ғалым ағамыздың оқыған дәрісіне бір сөзі есімде қалыпты. Ол кезде біздің әрбір аударма сөздерімізді Мәскеуге барып бекітуші едік. Сондай сөздеріміздің бір-«балмұздақ сөзі болды. Орыстың «мороженое» деген сөзінің баламасын табу кезінде, ауылдағы жеңгелерімнің балқаймақ жасайтын іс әрекеттері көз алдыма келді. Сол арқылы Балмұздақ

сөзін айналымға кіргіздік. Мәскеудегі топонимика және онамастика бөліміндегі комиссия мүшелері алдында (орыс ұлтының өкілдері) «балмұздақ» сөзінің мағынасы нені білдіреді деген кезде – «балмұздақ», «мороженое» – это слова имеет значение – сладкий как мед, холодный как лед» – деп жауап бердім деген сөзі есімізде қалыпты.

Араға соншама уақыт салып, сонау студенттік кездердегі М.О. Әуезов мұражайындағы Халық Университетіндегі өткізілген сабақтардың есіме түсіре отырып, жастарды рухани құндылық, көне тарих, мәдениет, өнер, дәстүр т.б. тәрбиелеуде қаншалықты маңызды рөл атқарғанын айтпақшы болып отырмын. Соның арқасында, сол заманның жастары бұл күндері өмірден өз орнымызды тауып, ұзақ жылдар ғылым мен білім саласына араласып, еліміздің қоғамдық өміріне араласып, жастарымызға білім мен тәрбие беріп келеміз.

МАЗМУНЫ

МƏДІБАЕВА Қ. Ұлт қорғаны.....	3
ПІРƏЛІ Г. Тарихи тұлғаларымыздың еңбегі еленсе дейміз.....	18
МƏДІБАЕВА Қ. Тұлғадан тағылым («Шолпан» журналындағы әдебиет мәселелері және Мағжан Жұмабаевтың «Батыр Баян» поэмасы).....	25
КАРИМОВ Б. Мустақиллик даври ўзбек романлари тўғрисида айрим мулоҳазалар.....	34
МƏДІБАЕВА Қ. Мұхтар Әуезов әдеби мұраны оқыту әдістемесі туралы....	42
ТЕМИРОВА Б. Эгемендүү жылдарда “Манас” эпосунун кыргыз прозасында көркөм интерпретацияланышы.....	47
ƏУБƏКІР Ж., МАҒАЗБЕКОВ Н. «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» (Абай және жастарға өнеге).....	56
ҚАЛИЕВА Ə. Абай өлеңдеріндегі антропоморфтық метафоралар.....	72

САҒАНАЕВА Г., БОЛАТОВА Б. М.Әуезовтің «Қараш-Қараш оқиғасы» повесіндегі кейбір синтаксистік ерекшеліктер туралы.....	86
МҰҚАТАЕВА С. «М.ӘУЕЗОВТІҢ үйі: құнды жәдігерлер.....	92
ХАСАНОВА А. М.О. Әуезов және халық мұрасын жинау, жариялау, зерттеу мәселелері.....	98
ЖҰМАТАЕВА А. Абайдың рухани универсумындағы адамзаттық құндылықтар мәселесі.....	103
ҚОЖАБЕК Г. Қазіргі қазақ емлесі мен оның қалыптасу тарихы	115
АХМЕТОВА Г. «Тұрсын, перінің қызы және мен» (Р. Отарбаев) әңгімесі мен «жолаушы» (А. Алтай) хикаятындағы пері бейнесі: салыстырмалы талдау.....	125
МҰРАТҚЫЗЫ А. М.Әуезовтің экрандалмаған киносценарийлерінің ерекшеліктері.....	134
MUKASHEVA G. Interpretation of Kurmangazy's kuyes on wind instruments.....	139
АҚПАНБЕКОВА Ғ. Экспозиция құрудың қарапайым әдістері.....	147

NURAKBAYEVA A., MATBEK N. The evolution of minimalism and microgenres in contemporary kazakh literature.....	157
МАТКЕРИМОВА Р. Геопозэтические образы и их влияние нанациональную идентичность в романе «Путь Абая» М.О.Ауэзова.....	162
МЕЙРБЕКОВА Э. К. Сыздықовтың әуезовтану ғылымындағы алар орны....	174
ҚҰРМАНБАЙ А. М. Әуезовтің «Асыл нәсілдер» әңгімесінің көркемдік ерекшелігі: жаңаша интерпратация.....	179
ӘМІРБАЕВА Ш., БАҚЫТҚЫЗЫ А. М.Әуезов және тәжік әдебиеті.....	187
САЛИМЖАНОВ Б., САЙЛЕНОВА А. П.М. Мелиоранскийдің «Қазақ-қырғыз тілінің қысқаша грамматикасы» еңбегіндегі есімдік туралы.....	200
СЕРІКҚАЛИ Ж., ТУРСЫНОВА Д. А. Байтұрсынұлы және Қ. Жұбанов еңбектеріндегі сөз тұлғасы мәселелері.....	207
БЕРІКБОЛОВА Е., ДЮСЕШОВА А., ЖҰМАҒАЗЫЕВА А. А. Байтұрсынұлы мен Қ. Жұбанов еңбектеріндегі «қос сөз» мәселесі.....	213
МЕҢІЛБАЕВ Ғ. Халық университетінің жастарды тәрбиелеудегі тарихи орны.....	219

**«ӘУЕЗОВ ҮЙІ» ҒЫЛЫМИ-МӘДЕНИ ОРТАЛЫҒЫ
ЖӘНЕ МУЗЕЙДІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ
ЛӘЙЛӘ ӘУЕЗОВАНЫҢ ТАРИХИ РӨЛІ»**

XX Әуезов оқулары аясында
Ләйлә Мұхтарқызы Әуезованың
95 жылдығына арналған халықаралық
ғылыми-тәжірибелік
конференция материалдары

26 қыркүйек 2024 жыл

Баспаға 25.11.2024 ж. қол қойылды.
Пішім 60x84 $\frac{1}{16}$. Офсеттік басылым.
Шартты баспа табағы 14,1.
Таралымы 60 дана.
Тапсырыс №27.

ЖК «Қазына»
Алматы қ. 050002,
Латиф Хамиди, 4а, 9

ISBN 978-601-230-142-7

